

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 мамырдағы N 558 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжат; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжат; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-бап; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат):

1) 136-баптың 3-тармағында "жергілікті атқару органдары," деген сөздер алынып

т а с т а л с ы н ;

2) 167-баптың 4-тармағында "аумақтың жергілікті басқару органдары" деген сөздер "аумақтағы аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан, ауыл (село), кент басқармасы өкімінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 242-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде "жергілікті атқару органының" деген сөздер "аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан, ауыл (село), кент әкімі аппаратының" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 2 4 5 - б а п т а :

2-тармақта, 3-тармақтың бірінші бөлігінде, 4-тармақтың бірінші бөлігінде "жергілікті атқару органы" деген сөздер тиісінше "аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан, ауыл (село), кент әкімінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"милицияға", "милицияның" деген сөздер "ішкі істер органдарына", "ішкі істер органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "жергілікті атқару органынан" деген сөздер "аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан, ауыл (село), кент әкімінің аппаратынан" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5) 2 4 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"милицияға" деген сөз "ішкі істер органдарына" деген сөзбен ауыстырылсын;

"жергілікті атқару органына" деген сөздер "аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан, ауыл (село), кент әкімінің аппаратына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "жергілікті атқару органы" деген сөздер "аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан, ауыл (село), кент әкімінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігінде "жергілікті атқару органы" деген сөздер "аудандық маңызы бар қала, қаладағы аудан, ауыл (село), кент әкімінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат ; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат):

1) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Атқарушы органдарды бақылау

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы олардың аумағында орналасқан жазасын орындап жатқан мекемелердің қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы олардың аумағында орналасқан қылмыстық атқару органдарының қызметіне бақылауды жүзеге асырады . " ;

1-тармақта "немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары" деген сөздер ", облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаладағы ауданның (астананың), аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудандардың (қаланың) жергілікті атқарушы органдарынан қоғамдық жұмыстардың объектілерін сұрайды;"

3) 43-баптың 2-тармағы "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздердің алдынан "Аудандардың (қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 77-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақшамен толықтырылсын:

"6-1. Мекемеге жақын аумақтың шекарасы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен бірге келісім бойынша оның әкімшілігімен белгіленеді;"

5) 82-баптың 4-тармағында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздердің алдынан "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 92-баптың 2-тармағы "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздердің алдынан "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 176-баптың 1-тармағында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздердің алдынан "аудандардың (қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 178-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"178-бап. Жазаны өтеуден босатылған сотталғандарға еңбекке орналасу мен тұрмыстық жайласуға, әлеуметтік көмектің басқа түрлерін ұсынуда көмек көрсету

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдік, республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудан әкімі қылмыстық жазаларын өтеуші адамдарға сотталғандарға еңбекке орналасу мен тұрмыстық жайласуға, әлеуметтік және өзге де көмекті ұсынуға көмек көрсетеді."

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат):

1) 16-баптың 2-тармағында "заң актілерімен" деген сөздер "заңында" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігі

1. Облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың, аудандық маңызы бар

қалалардың, қалалардағы аудандардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері (бұдан әрі - Әкімдер) салық төлеуші - жеке тұлға төлейтін мүлікке, көлік құралдарына салынатын салықтарды, жер салығын жинауды ұйымдастырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарды жинау қатаң есептілік құжаты болып табылатын түбіртектің негізінде жүзеге асырылады. Түбіртек нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарды жинауды ұйымдастыру кезінде әкімдер:

1) салық төлеушіге есептелген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде салық органы есептеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы туралы хабарламаларды салық төлеушіге тапсыруды;

2) салық төлеуші - жеке тұлғаға салықтың сомасын төлеу фактісін растайтын түбіртек беруді;

3) салық сомасын төлеу фактісін растайтын түбіртек берген күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей салық сомасын толық көлемде банкке, ал елді мекенде банк болмаған кезде үш жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жергілікті бюджетке енгізуді;

4) түбіртектердің дұрыс толтырылуын және сақталуын;

5) салық органына түбіртектерді пайдалану, сондай-ақ салық сомасын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және мерзімде банкке және (немесе) жергілікті бюджетке енгізу туралы есептерді беруді қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жергілікті атқарушы органдар бір жолғы талондарды беруді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді";

3) 454-баптың 1-тармағында "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілетті органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 462-баптың бірінші бөлігінде "есептер негізінде" деген сөздер "есептерден кем болмайтын" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 16, 140-құжат):

1) 12 - бапта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік орман қорының санаттар бойынша бөлінуін бекітеді";

14) тармақша алынып тасталсын;

2) 13 - бапта:

1 - тармақта:

3), 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ормандарды күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, ғылыми, тәжірибелі-өндірістік және оқу

мақсатында мемлекеттік орман қоры аумағында және өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман пайдалануды реттейді;

8) орман қорының бірыңғай мемлекеттік есебін, бірыңғай мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың бірыңғай мемлекеттік мониторингін жүргізеді, ағаш өнеркәсібін орналастыруды ұйымдастырады";

11) тармақшада "ұйымдар және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақша алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшада "мемлекеттік орман қоры аумағында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман пайдалануды" деген сөздер "ғылыми, тәжірибелі-өндірістік және оқу мақсатында мемлекеттік орман қоры аумағында және өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша ", сондай-ақ ормандардың жай-күй мен оларды молықтыру үшін қауіп төндіретін жұмыстар" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша алынып тасталсын;

3) 1 4 - б а п т а :

2), 5) тармақшалар алынып тасталсын;

4) тармақшада "ұйымдар басшыларының" деген сөздерден кейін "өздерінің функционалды қарауына жататын," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 1 5 - б а п т а :

7) т а р м а қ ш а д а :

"өртеуіне" деген сөзден кейін ", аумақтардағы қау шөбін өртеуіне" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

12-тармақшада "уәкілетті органға беру үшін" деген сөздерден кейін "оның функционалды қарауына жататын," деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармақша алынып тасталсын;

5) 16, 17-баптар алынып тасталсын;

6) 18-баптың 12) тармақшасы алынып тасталсын;

7) 63-баптың 1-тармағында "жергілікті" деген сөздердің алдынан "облыстық" деген с ө з б е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

8) 69-баптың 3-тармағының б) тармақшасы алынып тасталсын;

9) 109-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

" 1) б ю д ж е т қ а р а ж а т ы ; "

2) тармақша алынып тасталсын;

1 0) 1 1 0 - б а п т а :

тақырыпта және мәтінде "республикалық бюджет қаражатынан" деген сөздер "

бюджет қаражатынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшаның бірінші абзацында "құзыретті орган" деген сөздер "облыстық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 111-бап алынып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат):

1) 17-баптың 4-тармағында, 22-баптың 1-тармағында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздерден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 23-баптың 3-тармағында "жергілікті атқарушы орган" деген сөзден кейін "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.";

4) 36-баптың 10), 13) тармақшалары алынып тасталсын;

5) 37-баптың 1-тармағында:

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) су шаруашылығының баланстарын әзірлейді;"

мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

"24) мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің мониторинг өткізуін және суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін бағалауды ұйымдастырады.";

6) 38-бапта:

тақырыпта "Жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары:";

2) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын бекітеді.";

7) 39-бапта:

тақырыпта "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (

республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары : " ;

5) тармақшада "қаржыландыру мен" деген сөз алынып тасталсын;

6) тармақшада "бағдарламалардың қаржыландырылуын қамтамасыз етуге және іске асыруға қосып қатысуды" деген сөздер "бағдарламаларды іске асыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын өз і р л е й д і . " ;

8) 4 0 - б а п т а :

1-тармақта "облыстарда өзінің аумақтық бөлімшелері бар" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

7) тармақшаның екінші абзацында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшада "жергілікті атқарушы органдармен" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақша алынып тасталсын;

9) 42-баптың 1-тармағында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер " облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 43-баптың 2-тармағында "жергілікті өкілді және атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 45-баптың 3-тармағында "республикалық бюджеттің" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 46-баптың 4-тармағында "республикалық бюджеттің" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 47-баптың 2-тармағында "республикалық бюджет қаражаты есебінен" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

14) 49-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары " ;

15) 51-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы алынып тасталсын;

16) 52-баптың 5-тармағы алынып тасталсын;

17) 61-баптың 2, 6-тармақтары алынып тасталсын;

18) 65-баптың 4-тармағында "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 67 - б а п т а :

2-тармақта "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 68-баптың 3-тармағында "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 72-баптың 16) тармақшасында "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 78-баптың бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 86-баптың 3-тармағында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 90-баптың 6-тармағында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 91-баптың 2-тармағында "жергілікті өкілді және атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 92 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "жергілікті атқарушы органдардың", "жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті

атқарушы органдарының", облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 93-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 94-баптың 2 және 3-тармақтарында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 95-баптың 7-тармағында "республикалық бюджеттің" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 103-баптың 5 және 6-тармақтарында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 105-баптың 4-тармағында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 106-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мақсаттар үшін су алу орындарын таңдауды, оларды жайластыруды (пирстер, кіреберістер, жарық көрсеткіштері) - су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы қоятын шарттарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының аумақтық органдары жүзеге асыруға тиіс.";

33) 107-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Балық ресурстарын сақтау, ұдайы молайту және өндіру үшін (соның ішінде кәсіпшілік балық аулау үшін) шешуші маңызы бар су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары немесе олардың бөліктері, сондай-ақ су қорғау белдеулерінің учаскелері балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімімен балық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалануға берілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын немесе олардың бөліктерін ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтаудан басқа, өзге мақсаттар үшін пайдалануды су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша балық шаруашылығын мүдделеріне орай шектеуі мүмкін.";

3 4) 1 0 8 - б а п т а :

1-тармақта "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 111-баптың 2-тармағында "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 112-баптың 4-тармағында "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 116-баптың 2-тармағында "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 177-баптың 1-тармағында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздерден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 122 - бапта :

1-тармақта "жергілікті атқарушы орган" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шағын су объектілерінің сарқылуын, ластануын және азып тозуын болғызбау мақсатында су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік бағдарламаларында және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғау бойынша өңірлік бағдарламаларында оларды қорғау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешенді жеке көзделеді.";

40) 125-баптың 1-тармағында, 126-бапта "жергілікті атқарушы органдармен" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

128-баптың 3) тармақшасында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 131-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде "жергілікті" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 135-баптың 3) тармақшасында "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен" деген сөздер алынып тасталсын;

43) 137-баптың 2-тармағында "жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 52, 636-құжат; 2002 ж., N 19, 117-құжат; 2002 ж., N 10, 101-құжат) :

1) 17-баптың екінші бөлігінде "ішкі істер органдарына" деген сөздер "паспорттар мен жеке куәлігін беру жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 30-баптың тақырыбы және бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"30-бап. Паспорттар мен жеке куәлікті құжаттау және беру жөніндегі уәкілетті о р г а н н ы ң қ ұ з ы р е т і " ;

Паспорттар мен жеке куәлікті құжаттау және беру жөніндегі уәкілетті орган:";

3) 3 1 - б а п т а :

тақырыпта "дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық" деген сөздер "шетелдегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері;" ;

4) 33-бапта "дипломатиялық өкілдігі, консулдық мекемесі немесе өкілетті өкілдігі" деген сөздер "шетелдегі мекемесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 34-баптың бірінші бөлігінде:

"ішкі істер органдары, дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері не өкілетті өкілдіктері" деген сөздер "паспорттар мен жеке куәліктерді құжаттау және беру жөніндегі уәкілетті органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген сөздер "Паспорттар мен жеке куәліктерді құжаттау және беру жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша шешімдерді о р ы н д а у ш ы о р г а н д а р

Азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдердің орындалуы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдарға қатысты Паспорттар мен жеке куәліктерді құжаттау және беру жөніндегі уәкілетті органға, басқа мемлекетте тұратын адамдарға қатысты - Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметіне жүктеледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдарға Паспорттар мен жеке куәліктерді құжаттау және беру жөніндегі уәкілетті орган, немесе шетел мекемелері Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын тапсырады. Он алты жасқа толмаған баланың құжаттарында оның азаматтыққа тиесілігі туралы жазба жасалады.

Қазақстан Республикасында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтығы

тоқтатылған адамдарға Паспорттар мен жеке куәліктерді құжаттау және беру жөніндегі уәкілетті орган азаматтығы жоқ адамның куәлігін береді."

7. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат):

1) мәтінде "I, II, III, IV және V" деген сандар тиісінше "1, 2, 3, 4 және 5" деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 1-баптың бірінші бөлігінде "Республика" деген сөз "Қазақстан Республикасының " деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) 2 - б а п т а :

"соған сәйкес қабылдаған өзге де заң актілерінен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.";

4) 4-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Мемлекет Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген негізде дінтану с а р а п т а м а л а р ы н жү р г і з е а л а д ы .

Дінтану сараптамасы діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер өкілдері және құқық еркіндіктері мен адамның бостандығы саласындағы басқа да мамандардың қатысуымен ж ү р г і з і л е д і .

Дінтану сараптамасының жүргізілу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі а й қ ы н д а й д ы . " ;

5) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасының діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі у ә к і л е т т і о р г а н

Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды Қазақстан Республикасының Президенті құрады.";

6) мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2-тармақтармен толықтырылсын:

"6-1-бап. Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік о р г а н н ы ң қ ұ з ы р е т і

1. Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) республика аумағында құрылған діни бірлестіктер және шетел миссионерлері

қызметтеріне зерттеу және талдау жүргізеді;

3) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асырады;

4) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

5) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

6) діни бірлестіктермен қатынасты реттеу саласында облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

7) діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар өкілдерінің, дінтанушылардың, заңгерлердің және адамның ар-ождан бостандығы мен хұқықтары саласындағы басқа да мамандардың қатысуымен дінтану сараптамалары жүргізілуін қамтамасыз етеді;

8) діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңдарды бұзушылыққа қатысты мәселелерді қарастырады;

9) шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстар орнатады және оны қолдайды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың, соның ішінде діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу жөнінде құқық қорғау органдарына ұсыныстар жасайды;

11) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ресми түсініктеме береді.

6-2-бап. Діни бірлестіктермен қатынасты реттеу саласындағы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Діни бірлестіктермен қатынасты реттеу саласындағы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары:

1) өңірдегі діни жағдайға зерттеу және талдау жүргізеді;

2) діни-ағартушылық қызмет арқылы қандайда бір діни ілімді уағыздауды және таратуды жүзеге асыратын шетел азаматтарының және заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтардың есепті тіркеуін жүргізеді;

3) діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті органға азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету саласындағы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасайды;

4) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өңірлік деңгейде ақпараттық-насихаттау шараларын жүзеге асырады.";

7) 7-баптың бесінші бөлігі алынып тасталсын;

8) 11-бапта "азаматтық заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының

заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 13-баптың бесінші бөлігінде "баспасөз туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 17-баптың екінші бөлігінде "Халық депутаттарының жергілікті Кеңестері мен мемлекеттік" деген сөздер "Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 22-бапта "өкімші және" деген сөздер алынып тасталсын;

12) 24-бап алынып тасталсын.

8. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 20, 257-құжат; N 24, 336-құжат):

1) 1 1 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші бөлікте "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте "мерзімінен тыс қызметтегі" деген сөздер "келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтуші әскери" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-баптың екінші бөлігінде "министрліктері, ведомстволары" деген сөздер "мемлекеттік органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13-баптың жетінші бөлігінде "мерзімінен тыс қызметтегі" деген сөздер "келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтуші әскери" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 22-баптың бірінші бөлігінің 10-тармақшасында "өзге де төтенше жағдайлар туралы" деген сөздер "төтенше жағдайлар режимін қамтамасыз ету кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 28-баптың үшінші бөлігінде "мерзімінен тыс қызметтегі" деген сөздер "келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтуші" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 3 2 - б а п т а :

бірінші бөлікте "мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерін" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөлікте "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражатынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 3 3 - б а п т а :

бірінші бөлікте "мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге" деген сөздер алынып тасталсын;

"жергілікті атқарушы өкімет" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөлікте "мерзімінен тыс қызметтегі", "және ведомстволық тұрғын үй" деген сөздер "келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтуші", "тұрғын үй" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлік алынып тасталсын;

алтыншы бөлікте "мерзімінен тыс қызметтегі", "жергілікті атқарушы және өкімші органдарға" деген сөздер "келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтуші", "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын, "және өкімші" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 34-бапта "тиісті бюджеттер қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 35-бап алынып тасталсын;

10) 37-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;

11) 38-бапта "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 39-бапта:

үшінші бөлікте "Жергілікті әкімшіліктер" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "бюджеттік қаражаттың, ішкі әскерлер мүдделерін көздеп, қызметтік-жауынгерлік міндеттер атқаратын министрліктер (ведомстволар) бөлетін материалдық ресурстардың, сондай-ақ жергілікті бюджеттің" деген сөздер "қаражаттар" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы бөлікте "спорт және өзге де" деген сөздер алынып тасталсын.

13) 40-бап алынып тасталсын.

9. "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 15, 363-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңдары

Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ өзге де нормативтік-құқықтық кесімдерден тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта тарихи-мұраны қорғау және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережесі қолданылады.";

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Осы Заңдағы пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) тарихи-мәдени мұра - мемлекеттік маңызы бар және осы негізде өзге мемлекеттерге беру құқығы жоқ тек қана Қазақстан Республикасының игілігіне жататын тарихи-мәдени құндылықтар жиынтығы;

2) тарихи-мәдени мұра объектілері - тарих, археология, архитектура, қала құрылыс, өнер, этнология және антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысында құндылықтарды ұсынатын тарихи оқиғалар нәтижесінде туындаған кескін, мүсін, соның ішінде жылжымайтын мүлік объектілерімен байланысты, сәндік-қолданбалы өнер объектілері, ғылым мен техника және материалдық мәдениеттің өзге де заттарымен байланысты жылжымайтын мүлік объектілері;

3) археология ескерткіштері - қала орындары, қорғандар, ежелгі қоныстардың, бекіністердің, өндірістердің, арналардың, жолдардың, ежелгі көму орындарының қалдықтары, тас мүсіндері, жартастағы бейнелер, көне заттар, ежелгі елді мекендердің тарихи мәдени қабатының учаскелері;

4) тарихи-мәдени ескерткіштер - тарихи қалыптасқан аумақтарынан ғимараттар, құрылымдар, құрылыстың қалдықтары, мемориалдық үйлер, пәтер, атақты адамдар жерленген жер, кесене, бөлек зираттар, алып ескерткіштер өнері, ғылым және техника объектілері, антропология, этнография, фольклор, нумизматика, эпиграфика, фотография, кинофильмдер заттары, өнер, әдебиет, архивтік қолжазба құжаттары, кітап-мунискриптер, көне құнды заттар және сирек кездесетін басылымдармен, көне тұлға заттар, бақилық ескерткіштер, балбал тастар, тасқа қашалған суреттер, ескерткіштер, ғылым, көркем және басқа мәдени жағынан негізгі құндылықтар;

5) қала құрылысы мен архитектура ескерткіштері - архитекторлық ансамбльдер мен кешендер, тарихи орталықтар, кварталдар, аландар, көшелер, ежелгі жобалар мен қалалар құрылыстарының және басқа да ел орналасқан орындардың қалдықтары; азаматтық, тұрғын, өндіріс, әскери, мәдени сәулет, халық сәулетшілігін, сондай-ақ олардың монументалды, қолданбалы-безендіру және саяжай-бақтар өнері, табиғи ландшафтарымен байланысты салу.";

б) алдын ала есепке алу тізімі - оларға тарихи және мәдени мәртебесін беру мақсатында айқындалған тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің тізімі.";

3) 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану:";

бірінші бөліктің төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарында " ескерткіштерді" деген сөз алынып тасталсын;

екінші бөлікте "ескерткіштер деп танылған" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 5 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ұсынылады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

Тарихи-мәдени мұра объектілерін ескерткіштер деп тану оларды жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінде бекітумен бекітіледі. Археологиялық ескерткіштердің барлық түрі әуелбастан тарихи-мәдени және ғылыми жағынан құнды әрі олардың тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесі бар.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткішін құқылық мәртебесінен айыруға, оны тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінен шығарып тастауға тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, өз құзыреті шегінде тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының уәкілетті органның арнаулы комиссиясымен келісілген атқарушы органының ұсынысы бойынша , ғылыми сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен тек ерекше жағдайларда (дүлей апаттар салдарынан қираған кезде) ғана жол беріледі." ;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген жаңадан табылған тарихи-мәдени мұра объектілері олардың мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін, осы Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалуға жатқызылады.";

5) 6 - бап алынып тасталсын;

6) 8 - бапта :

бірінші сөйлемде "Қазақ КСР-індегі меншік туралы Заңмен" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ескерткіштеріне" деген сөз "ескерткішіне" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 11 - бапта :

бірінші бөлікте :

"танылған" деген сөзден кейін "археологиялық ескерткіштердің барлық түрлері, халық өміріндегі маңызды тарихи оқиғалармен байланысты естелік орындар, сәулет және қала құрылысы ескерткіштері," деген сөздермен толықтырылсын;

"ескерткіштер" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштері" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөлікте :

"ескерткіштерге" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштеріне" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тиісінше жергілікті өкімет органдары" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 12-баптың үшінші бөлігінде "30 жыл мерзімге дейін" деген сөздер "50 жыл мерзімге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 13 - бапта :

бірінші бөлікте :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қозғалмайтын тарих және мәдениет ескерткіштердің тұрған орнында немесе қозғалатын тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иесінің тұрғылықты жері бойынша тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілеттік органда тарих және мәдениет ескерткіштерін тіркетуге;"

3) тармақшада "ескерткіштерді қорғайтын мемлекеттік органдарға" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органды тарих және мәдениет ескерткіштерінің тұрған орнының өзгеруі мүмкін немесе өзгергені туралы хабарлауға, онымен тарих және мәдениет ескерткіштерінің күтімі және пайдаланылу жағдайларының өзгеруін келісуге;

"5) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, консервациялау, реставрациялау бойынша жұмыстарды келісуге;"

6) тармақшада :

"ескерткіштерге" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ескерткіштерді қорғайтын мемлекеттік органдармен" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін меншіктенушілер және пайдаланушылардың міндеттемелері облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органы беретін және меншік иесі мен пайдаланушы қол қоятын және де жоғарыда аталған жалпы міндеттемелермен қатар нақты ескерткіштерге қатысты қолданылатын арнайы міндеттемелері бар қорғау құжаттарына (қорғау-жалға алу келісім-шарт, қорғау келісім-шарты немесе қорғау міндеттемесінде) тіркеледі.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"осы баптың 1), 2), 3), 6) тармақшаларында аталған міндеттемелер тарих және мәдениет ескерткіштеріне иеленушілер мен пайдаланушыларға бірдей дәрежеде

қ а т ы с т ы . " ;

1 0) 1 4 - б а п т а :
е к і н ш і б ө л і к т е :

"ескерткіштерді" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштеріне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органның" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органның" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке меншік иесінің тұрғын үйі немесе тұрғын жайы болып табылатын жеке пайдаланушыны оның жеке меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткішінен еріксіз айыруды Заңмен белгіленген тәртіп бойынша оған өзге тұрғын жай бермейінше және шарт бойынша тиісті өтем төлемейінше жүзеге асыруға болмайды.

Бұл орайда тарих және мәдениет ескерткіштері тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілеттік органның шешімі бойынша мемлекет меншігіне беріліп , бұрынғы меншік иесіне шартпен белгіленген, ал дау туған ретте сот белгілеген м ө л ш е р д е ө т е м т ө л е н е д і . " ;

б е с і н ш і б ө л і к а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 1) 1 6 - б а п т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық атқарушы о р г а н д а р " ;

төртінші абзацта "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "архивтерін" деген сөзден кейін "және құжаттамаларын" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 2) 1 7 - б а п т а :

екінші абзацта "мемлекеттік саясатты қалыптастырады және жүзеге асырады" деген сөздер "мемлекеттің саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

үшінші абзацта "мемлекеттік органдар мен құрылымдар" деген сөздер "уәкілетті о р г а н " д е г е н с ө з д е р м е н ө з г е р т і л с і н ;

мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын :

"- тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және сақтау ережесін белгілейді;

- тарих және мәдениет ескерткіштерін белгілеу және есепке алу тәртібі туралы е р е ж е с і н б е к і т е д і ;

- тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережесін б е л г і л е й д і ; " ;

1 3) 1 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық атқарушы органдардың құзыреті:";

бірінші бөлікте "Жергілікті өкімет органдары" деген сөздер "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "тарихи-мәдени мұра объектілерін" деген сөздер "тарих және мәдениет ескерткіштерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта ", сондай-ақ оларды өз бюджеттерінің қаражаты есебінен қаржыландырып отырады" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші және алтыншы абзацтар алынып тасталсын;
ж е т і н ш і а б з а ц т а :

"мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

"ескерткіштер" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштері" деген сөздермен ауыстырылсын ;

сегізінші абзацта "жергілікті маңызы бар ескерткіштерді" деген сөздер "тарих және мәдениет ескерткіштерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы, он және он бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"- қалаларды және басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және қайта құру жобаларын әзірлеу мен бекіту кезінде Қазақстан Республикасының Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік органмен келісе отырып, барлық категориядағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерттеу, сақтау жөніндегі шараларын орындалуын, негізге алынатын тарихи-құрылыс жоспарлары мен карта-схемалардың жасалуын қамтамасыз етеді;

- тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін рәсімдейді әрі оларды иеленушілер мен пайдаланушылардың орындауын бақылайды;

- кәсіпорынның, мекеменің, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың лауазымды тұлғаларын және тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану туралы заңнама нормаларын бұзған азаматтарды жауапкершілікке тарту туралы өтініш ж а с а й д ы . " ;

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) маслихатқа тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия құру туралы ұсыныс енгізеді.
"

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"- тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыстар жү р г і з е д і ;

- тарих және мәдениет ескерткіштері және олардың қорғау аймақтары жөніндегі жұмыстардың барлық түрлеріне, жоспарлау жобасына, салу және қайта жөндеуге

ғылыми-жобалық құжаттаманы қарайды және келіседі;

- керекті жағдайларда мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша тарих және мәдениет ескерткіштермен байланысты тарих және мәдениет ескерткіштерін және қоршаған табиғи орта объектілерін қорғауды және пайдалануды жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аудандық (қалалық) атқарушы органдар өз аумағында:

- кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің ескерткіштерді қамқорлыққа алуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

- ескерткіштерді қорғау және насихаттау жөніндегі шараларды жүргізуге жұртшылықты тартады;

- тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдардың сақталуын қамтамасыз етеді;

- тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы бойынша, ескерткіштерге қауіп төндіретін құрылыс және өзге де жұмыстарды тоқтата тұру, сондай-ақ тыйым салу туралы мәселені шешеді;

- облыстық атқарушы органдарға немесе тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға тарих және мәдениет ескерткіштерінің бүлінуіне, бұзылу қаупына, бұзуға жол бермеу бойынша өз құзыреті шегінде ұсыныстар енгізеді";

14) 19 - бапта:

тақырыбында "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын; бірінші бөлікте:

бірінші абзацта "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацта "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйі мен оларды күтіп ұстау тәртібіне, сондай-ақ оларды жөндеу, қалпына келтіру, консервациялау және регенерациялау жөніндегі жұмыстардың атқарылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;" ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, қалпына келтіру және пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және келіседі";

төртінші абзацта "анықтауды, есепке алуды," деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші абзац алынып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тарих және мәдениет ескерткіштері жөніндегі зерттеулердің, жобалау және реставрациялау-консервациялау жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын және/немесе лицензия береді;" ;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"- барлық категориядағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін қызметті тоқтата тұрады немесе тыйым салады;"

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланушыларға олардың заңды бұзғандығы жөнінде нұсқау береді;"

мынадай мазмұндағы он бірінші, он екінші он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"- объектілерді тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатыны туралы, сондай-ақ оларды осы мәртебеден айыру туралы қорытындыны дайындау жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

- мемлекеттің меншігінде әрі тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға беру туралы мәселе жөнінде келіседі;

- осы заңды бұзғаны үшін ескерткіштерді пайдаланушыларға, лауазымды тұлғаларға, кәсіпорындарға, мекемелерге, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға және азаматтарға ұйғарым жібереді;

- жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерін салуға бақылауды жүзеге асырады.";

15) 20 - бапта:

тақырыбында және бірінші бөлікте "архивтерін" деген сөзден кейін "және деректерін" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

- сирек кездесетін қолжазбалар қорларын, тарихи-мәдени мұраға қатысты деректі тарих және мәдениет ескерткіштерді қалыптастыруға қатысады;

үшінші абзацта:

"ескерткіштерді" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштерін, сирек кездесетін қолжазбаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац:

"деректі" деген сөзден кейін "тарих және мәдениет" деген сөздермен және "ескерткіштердің" деген сөзден кейін ", сирек кездесетін қолжазбалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацта:

"архивтердегі" деген сөзден кейін "сирек кездесетін қолжазбаларды," деген сөздермен толықтырылсын;

16) 21-бап алынып тасталсын;

17) 22 - бапта:

бірінші бөлікте:

"ескерткіштерді" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ескерткіштерді қорғайтын мемлекеттік органдарға" деген сөздер "тарихи-мәдени

мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың оларды қамқорлыққа а л у ы н а б о л а д ы . " ;

18) 23-бапта "мемлекеттік органдармен" деген сөздер "уәкілетті органмен" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

19) 24-бапта үшінші абзац алынып тасталсын;

20) 25-бап алынып тасталсын;

21) 26, 27 және 28-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер категорияларына жатқызу

Тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алу және ұйымдастыруды тиімді ұйымдастыру мақсатында ескерткіштер мынадай категорияларға бөлінеді:

1) ЮНЕСКО-ның Әлемдік Мәдени және Табиғи Мұралардың тізіміне кірген халықаралық мағынадағы тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік, мемориалдық сапасы жоғары тарих және мәдениет ескерткіштері;

2) республикалық маңызы бар тарихи, ғылыми, архитектуралық, көркемдік, мемориалдық аса маңызды сапалы тарих және мәдениет ескерткіштері;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың тарихы мен мәдениеті үшін аса маңызы бар тарихи, ғылыми, сәулет, мемориалдық құндылықтар ұсынатын жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері.";

27-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін бекіту тәртібі ЮНЕСКО-ның Әлемдік Мәдени және Табиғи Мұралардың тізіміне енгізілу үшін ұсынылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізбесін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынады.

Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін Қазақстан Республикасының Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і .

Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органының келісуімен, облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары бекітеді.";

28-бап. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органдардың арнаулы комиссиясын құрудың тәртібі және оның құрамы

Тарихи-мәдени қазыналарды тарихи-мәдени мұра объектілері деп тану туралы, сондай-ақ оларды бұл мәртебеден айыру туралы қорытындыны дайындау үшін

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган уәкілетті комиссиялар құрады, оның құрамына ғалымдар, мамандар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, шығармашылық одақтары мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енеді.";

22)

29 - б а п т а :

екінші бөлік алынып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қала құрылыс және қалалардың сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштерін және басқа да елді мекендердің тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану режимі оларды қорғау аймағы жобаларында белгіленеді, бұл жобаларды тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ережелеріне сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітеді.";

23) 30-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын үйлер, ғимараттар Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органымен алдын ала келісім бойынша олар орналасқан аумақтардың облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық атқарушы органдардың шешімі бойынша пайдалануға беріледі.";

24) 31-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;

25) 32-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткіштерін, оның категорияларына қарай пайдалану құқығынан айыру, егер ескерткішті пайдалану туралы шартта өзгеше көзделмеген болса, тарихи-мәдени мұра объектілерін меншіктенушінің немесе тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік органның, облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органның арызы негізінде соттың шешімімен ғана жүзеге асырылады.";

26) 33-бапта "қозғалмайтын" деген сөз алынып тасталсын;

27) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру, консервациялау және р е г е н е р а ц и я л а у

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру, консервациялау және регенерациялау тек ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың рұқсатымен және солардың бақылауымен ғана жүзеге асырылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру, консервациялау және регенерациялау бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерін меншіктенушілер мен пайдаланушылардың қаражаты есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру, консервациялау және регенерациялау жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени

мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі мемлекеттік органы беретін осы сияқты қызметтермен айналысуға құқық беретін лицензиялар мен арнайы рұқсат негізінде мамандандырылған ғылыми-реставрациялық ұйымдар, басқа да ұйымдар мен азаматтар жүргізеді.

Ғылыми-реставрациялық және басқа ұйымдар мен азаматтарды тиісті жұмыстар жүргізуге шарттар негізінде тарих және мәдениет ескерткіштерін меншіктенушілер немесе пайдаланушылар тартады.";

28) 35 - бапта :

тақырыбында "ескерткіштерді қорғау органдарымен" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"ескерткіштерді қорғайтын мемлекеттік органдармен, жергілікті өкімет органдарымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясымен" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

29) 36 - бапта :

екінші бөлікте :

"мемлекеттік" деген сөздер "уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын ;
"тиісті жергілікті өкімет органдары" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын ;
үшінші бөлікте "ескерткіштерді қорғайтын тиісті органдардың" деген сөздер "тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

бесінші бөлікте "жергілікті өкімет органының" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

30) 38 - бапта :

үшінші бөлікте "тиісті мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"ескерткіштерді" деген сөз "тарих және мәдениет ескерткіштерін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

31) 39-баптың екінші бөлігінде "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын ;

32) 40 - бапта :

бірінші бөлікте "рұқсат (ашық парақ)" деген сөздер "рұқсат құжаттары және/немесе лицензиясы" деген сөздермен ауыстырылсын ;
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын :

"Қазақстан Республикасының аумағында қазба және барлау жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын және/немесе лицензияны облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті о р г а н ы б е р е д і . " ;

3 3) 4 2 - б а п т а :

бірінші бөлігінде "Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраларды қорғау туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткішіне немесе оның қорғау аймағына зиян келтірген кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын бұрынғы қалпына келтіруге, ал бұл мүмкін болмаған кезде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеуге міндетті. Тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіру ескерткіштерді тіркеудің белгіленген тәртібін сақтай отырып және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілеттік органның бақылауымен жүзеге асырылады.";

3 4) 4 3 - б а п т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық атқарушы о р г а н д а р ; " ;

үшінші абзацта "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "архивтерін" деген сөзден кейін "және деректерін" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

35) IX-бөлім және 44-бап алынып тасталсын.

10. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2 0 0 3 ж . , N 1 0 , 5 1 - қ ұ ж а т) :

1) 11-баптың 1-тармағында "республикалық" деген сөз алынып тасталсын.

11. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 1-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2002 ж., N 16, 147-құжат) :

1) 1 9 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"адамдардың" деген сөздер "Қазақстан Республикасы азаматтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "Шетелдіктер" деген сөздерден кейін "мен азаматтығы жоқ адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 21-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Карантин тәртібін енгізумен карантин аймағын белгілеу немесе уәкілетті органдардың органдарының ұсынысы бойынша оның күшін жою туралы шешімдерді

1) екі немесе одан да көп облыстар аумағында - Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і ;

2) облыс аудан аумағында - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы қабылдайды.

Карантин өңірінің ветеринарлық тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен анықталады.";

3) 6-тараудың атауында "жергілікті өкілді және атқарушы" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

4) 2 3 - б а п т а :

тақырыпта "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының" деген сөздер алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5) 2 4 - б а п т а :

2-тармақтың 1) тармақшасында "адамдарға" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының азаматтарына" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының азаматтарына, онда үнемі тұрмайтын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекаралық аймаққа кіруге құқық беретін рұқсат қағаздарын р ә с і м д е й д і " ;

4) тармақшада "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі іс-шаралар жүргізуде" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшада "адамдардың баруын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

б) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Мемлекеттік шекараны қорғауды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады."

12. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 1-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2002 ж., N 16, 147-құжат):

1) 5-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шекара қызметінің жұмысын қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарын ұстауға көзделген бюджет қаражаты шегінде жүзеге асырылады.";

2) 6-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

13. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 920-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2003 ж., N 15, 135-құжат):

1) 12-баптың үшінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 14-баптың 11 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аталған жағдайларда сот органдарының немесе жоғары тұрған қолбасшылықтың шешімі бойынша әскери қызметшілердің қызметтік, зейнеткерлік және басқа да жеке мүліктік құқықтары қалпына келтіреді және кінәлілерді немесе бюджет қаражаттары есебінен залалдың орны толтырылды."

14. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат):

1) 6-бапта "республикалық бюджет қаржылары" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-бапта "Ономастика комиссиясы құрылады" деген сөздер "және жергілікті атқарушы органдар Ономастикалық комиссиялар құрады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді есепке алу мен тіркеу оларды есепті деректерден шығару

Тұрақты халқының саны елу адамнан асатын және дербес елді мекендер деп саналатын қоныстар есепке алынады және тіркелуге жатады.

Қызметтік мақсаттағы объектілер болып табылатын жалғыз үйлер, фермалар, қоныстар (орманшылардың, жол қараушылардың, жол шеберлерінің үйлері,

зайымкелер, қыстаулар, дала қостары, метеостансалар және т.б.) әкімшілік немесе аумақтық тұрғыдан байланысты елді мекендер құрамында есепке алынады.

Қалалардың немесе поселкелердің құрамына енгізілген және олардың бір бөлігіне айналған елді мекендер, сондай-ақ тұрғындарының бәрі кетіп қалған немесе қоныс аударған қоныстар дербес әкімшілік-аумақтық бірлік мәртебесінен айырылады және есепті деректерден шығарылады.";

4) 10-баптың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

5) 11-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Тиісті аумақтағы халықтың пікірін есепке ала отырып, ауылдық (селолық) округтердің, кенттердің, ауылдардың, селолардың атаулары және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту мәселелерін шешеді.";

6) 12-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) аудандық атқарушы органдар аудан шекараларындағы қазіргі және жаңадан құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктер мен жекелеген елді мекендерді есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды есепті деректерден шығарады.";

7) 13-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, тұйық көшелердің, саябақтардың, скверлердің, көпірлердің және қаланың басқа да құрамды бөліктерінің атауы және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту жөніндегі жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету."

15. "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 ж. 15 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат; N 17, 155-құжат; N 24, 336 - құжат) :

1) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Жедел-ізвестіру қызметін қаржыландыру жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдарды ұстауға ұлттық валюта түрінде де, шетел валютасы түрінде де бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

2) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет қаражатынан".

16. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар, N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

1) 2-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының

Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін қамтиды.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан басқа ереже белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады." ;

2) 3 - б а п т а :

бірінші және екінші бөлік алынып тасталсын;
төртінші бөлікте "үшінші" деген сөз "бірінші" деген сөзбен ауыстырылсын;
бесінші бөлік алынып тасталсын;

3) 6 - б а п т а :

бірінші бөлікте "Келіп" деген сөзден кейін "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын ;

е к і н ш і б ө л і к т е :

үшінші абзацта "мемлекетаралық және" деген сөздер алынып тасталсын;
төртінші абзацта "мен өзге де" деген сөздерден кейін "нормативтік құқықтық" деген сөздермен толықтырылсын ;

бесінші абзацта "мемлекеттік ұлттық" және "сондай-ақ кадрларды даярлау" деген сөздер алынып тасталсын ;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттің мұқтаждықтары және халықты тасымалдау болжамдарын әзірлеу;"

4) 8-баптың бірінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"заң және қалыптық құжаттарға" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5) 9-баптың төртінші бөлігінде "басқару органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 20-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;

7) 21-баптың төртінші бөлігінің екінші сөйлемі алынып тасталсын;

8) 23-баптың алтыншы бөлігінде "арнайы өкілеттігі бар геология және жер қойнауын қорғау органдарының рұқсаттары" деген сөздер "геология және жер қойнауын қорғаудың уәкілетті органының рұқсаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 24-бап алынып тасталсын ;

10) 25 - б а п т а :

баптың тақырыбындағы "жұмысын" деген сөз "саласындағы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"Өздерінің тиістілігі мен меншік нысандарына қарамастан, тасымалдаушылардың көлік" деген сөздер "Көлік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"көлік заңдарын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік туралы

заңнамасының сақталуын" деген сөздермен ауыстырылсын;
"талаптарын орындауын" деген сөздер "талаптарының орындалуын" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 26 - бапта :

баптың тақырыбында "мемлекетаралық" деген сөз "халықаралық" деген сөзбен ауыстырылсын ;

бірінші бөлікте "Көлік саласын мемлекеттік басқару органы" деген сөздер " Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші бөлік алынып тасталсын.

17. "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 16-17, 212-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 123, 921 - құжат) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 10), 11) 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын :

"10) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын уәкілетті орган - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

11) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын уәкілетті органдар - өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларды іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары;

12) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді жүзеге асыратын ұйымдар - негізгі қызметі халыққа медициналық көмек пен медициналық қызметтер көрсету болып табылатын медициналық ұйымдар ;

13) мінез-құлқы қатерлі топ - халықтың адамның иммунитет тапшылығы вирусын өзіне де, айналасындағыларға да жұқтыру қаупі жоғары мінез-құлқы бар топтары.";

2) 2-бап абзац алынып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 2-2, 2-3, 3-1, 3-2-баптармен толықтырылсын:

"2-2-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды жүзеге асыратын уәкілетті органның құзыреті ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды жүзеге асыратын уәкілетті орган:

1) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді ;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикада ЖҚТБ эпидемиясы таралуының алдын алу жөніндегі ұсыныстарды енгізеді;

3) ЖҚТБ ауруының алдын алу саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді ;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіреді;
5) салааралық үйлестіруді, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

6) АҚТҚ инфекциясын тіркеу, ЖҚТБ-ның алдын алу және емдеу мәселелері бойынша есепке алудың, есеп берудің және құжаттама нысандарының тәртібін айқындайды;

7) ЖҚТБ-ға қарсы күрес саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру мониторингін ұйымдастырады.

2-3-бап. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) атқарушы органдарының құзыреті
Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) өңірде ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді қамтамасыз ету жөніндегі шешімдерді қабылдайды;

3) өңірлік бағдарламаларды іске асыру мониторингін ұйымдастырады;

4) салааралық үйлестіруді, сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен ЖҚТБ-ның алдын алу саласындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

3-1-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталықтың құзыреті

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық:

1) республикада АҚТҚ инфекциясын және алдын-алу іс-шараларын эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді, есепке алу мен есеп беру нысандарын әзірлеуге қатысады;

3) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

4) бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырады;

5) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтармен, республикалық медициналық ұйымдармен олардың құзыреті мәселелері бойынша ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді ұйымдастыру бөлігінде әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

6) АҚТҚ/ЖҚТБ саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді;

7) АҚТҚ-ға зертханалық зерттеудің сапасын тексеруді жүзеге асырады;
8) дәрігерлерді, орта медицина қызметкерлерін мамандандыру мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыруға қатысады;

9) АҚТҚ мен ЖҚТБ-ға ұқсас инфекцияларды зертханалық зерттеуді жүзеге асырады.

3-2-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтардың құзыреті

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі өңірлік орталықтар:

1) мінез-құлқы қатерлі топтар арасында алдын алу жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

2) АҚТҚ-ны жұқтырған адамдарға, ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарға, мінез-құлқы қатерлі топтарға медициналық, консультациялық көмек көрсетеді;

3) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға ЖҚТБ-ның алдын алу мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) АҚТҚ инфекциясын диагностикалауды, иммунологиялық өзге де зертханалық зерттеулерді жүзеге асырады;

5) ЖҚТБ эпидемиясының алдын алу жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

6) өңірлік бағдарламаларды іске асыру мониторингін жүргізеді;

7) өңірде АҚТҚ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

8) халық арасында ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуді жүзеге асырады." ;

4) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. ЖҚТБ-ның оған қарсы күрес жөніндегі шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың ерікті жарналары, қайырымдылық қаржылар, қайырымдылық көмектер, сондай-ақ халықаралық қорлар қаражаттары есебінен жүзеге асырылады."

18. "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 3 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 20, 248-бап; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 209 - қ ұ ж а т) :

1) 2-баптың бірінші бөлігінде "осы Заңның 4-бабындағы 4-ші бөлігінде аталған шектеулер ескеріле отырып," деген сөздер "жер заңнамасына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 3-баптың бірінші бөлігінде жергілікті атқарушы органның" деген сөздер " облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 4 - б а п т а :

екінші бөлікте "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші бөліктер алынып тасталсын;

бесінші бөлікте "жергілікті атқарушы органға" деген сөздер "ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте "Өтінішке қоса тіркелген құжаттар мен мәліметтер тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді" деген екінші сөйлем алынып тасталсын;

4) 5-баптың бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органдардан" деген сөздер "ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 6-баптың төртінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 8 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке тұрғын үй құрылысын салу ережелеріне сәйкес ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органдары:";

төртінші абзацта "жергілікті қызметтердің" деген сөздер "ауданның (қаланың) қызметтерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "Барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар" деген сөздер "2. Барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 2-бөлімнің тақырыбында "салық және" деген сөз алынып тасталсын;

8) 9-бапта ", республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты" деген сөздер алынып тасталсын;

9) 1 0 - б а п т а :

тақырыбында "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

бірінші бөлікте "шартымен" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші, үшінші, төртінші бөліктер алынып тасталсын;

10) 11-баптың бірінші бөлігінде "республикалық және жергілікті бюджеттердің," деген сөздер "бюджеттік қаражаттары," деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 1 6 - б а п т а :

бірінші бөлікте "органдар" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші бөліктер алынып тасталсын.

19. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2126 Заң күші бар Жарлығына (

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1995 ж., N 1-2, 19-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілейді.";

3) мәтінде "Жарлық", "Жарлықпен", "Жарлықтың" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңмен", "Заңның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) мәтінде "жергілікті атқарушы орган", "жергілікті атқарушы органға" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы", "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138-құжат, 139-құжат):

1) 8-баптың ф) тармақшасындағы "зандарына сәйкес" деген сөз "зандарында көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"е) қызметінің бірден-бір түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу болып табылатын уәкілетті ұйымдарға шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілетін лицензияларды қоспағанда, осы Заңда көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия беру, оның іс-әрекетін тоқтата тұру және лицензияны қайтарып алу туралы шешімдер қабылдау;"

21. Қазақстан Республикасы Президентінің "Тауар биржалары туралы" 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2170 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 26-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 143-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) м ә т і н д е :

"Жарлықтың", "Жарлыққа" деген сөздер "Заңның", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Министрлер Кабинетіне", "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметіне", "Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 14-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде "республикалық комиссия" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Биржалық сауданың үлгілік ережелерін Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті орган бекітеді. " ;

б) 23-баптың тақырыбында және мәтінде "республикалық комиссия", " республикалық комиссия туралы" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті орган туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "республикалық комиссия" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 2 4 - б а п т а :

тақырыпта "республикалық комиссияның" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органның функциялары:";

8) 2 5 - б а п т а :

тақырыпта "республикалық комиссияның өкілеттігі" деген сөздер "уәкілетті органның құқықтары" деген сөздермен ауыстырылсын:

мәтінде "республикалық комиссия", "Республикалық комиссияға" деген сөздер " уәкілетті орган", "Тауар биржалары жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

9) 26-баптың алтыншы және жетінші абзацтарында "республикалық комиссияға", " республикалық комиссияның" деген сөздер "уәкілетті органға", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2184 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 32-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) мәтінде "Жарлықты", "Жарлық" деген сөздер "Заңды", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) 3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "мекемелері" деген сөз "ұйымдары" деген сөзбен ауыстырылсын;
үшінші бөлікте "денсаулық сақтау" деген сөздер "денсаулық сақтау басқармасы"
деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 4-тармақтың бірінші бөлігінде "денсаулық сақтау органдары" деген сөздер " мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 6-тармақта "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөзбен ауыстырылсын.

23. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 45-кұжат; N 14, 98-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-кұжат; N 12, 184-кұжат; N 22, 334-кұжат; 1999 ж., N 8, 247-кұжат; N 23, 925-кұжат):

1) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға әлеуметтік кепілдіктер берудің ұйымдық, экономикалық және құқықтық негізін белгілейді, сондай-ақ олардың құқықтық мәртебесін айқындайды";

3) мәтінде "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен" деген сөздер тиісінше "Заң", " Заңның", "Заңмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 7 - б а п т а :

бірінші абзацта "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер " бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 20-бапта "Жергілікті әкімдер" деген сөздер "Жергілікті өкілді органдардың шешімі жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздермен, "басшылары" деген сөз "әкімдері" деген сөзбен ауыстырылсын.

24. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 23 маусымдағы N 2350 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-кұжат; 1999 ж., N 21, 787-кұжат; 2003 ж., N 6, 34-кұжат; N 11, 56 - құжат) :

1) 2-бапта 4-тармақ "Қазақстан Республикасы бекіткен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) әрбір жер қойнауын пайдаланушының бірдей қол жеткізу принциптерінен арнаулы труба құбырлары мен темір жол эстакадаларының қуатын пайдалануды б е к і т е д і .

Бұл ретте, нақты үлгідегі (түрдегі) көлік жүйесіне кірудің басымды құқығын өздерінің ресурстарын (автокөліктен басқа) тасымалдау үшін баламалы техникалық мүмкіндігі жоқ жер қойнауын пайдаланушылар қолданады;

9) жер қойнауын пайдаланушылар үшін техникалық-экономикалық негіздемеде қабылданған, мұнай өткізудің есепті бағасы шегінде келісімге қол қою сәтінде техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық көрсеткіштерін негізге ала отырып, қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының ішкі рыногына шикі мұнай ж е т к і з у к ө л е м і н а н ы қ т а й д ы ;

10) осындай қажеттілік жағдайында жанар-жағар май қажеттігін тиісті көлемде жабу үшін Қазақстан Республикасының ішкі рыногында қайта өңдеу үшін мұнайдың көлемін графиктермен (жыл және ай сайын) белгілейді.";

3) 7 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың қ ұ з ы р е т і " ;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдар:";

4) 8-2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Теңізде мұнай операцияларын жүргізу үшін теңіз түбін пайдалануға құқық жер ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаты арқылы б е р і л е д і . " ;

5) 30-баптың 5-тармағында "Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органы жүргізетін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының қорлары жөніндегі Мемлекеттік комиссиясында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 30-2-баптың 2-тармағында "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органда" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 36-3-баптың 2-тармағында "қорғау жөніндегі мемлекеттік орган" деген сөздер "қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 43-баптың 3-тармағында "жергілікті өкілді және" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 3 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 118-құжат; N 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184, 190-

құжаттар; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 13-14, 144-құжат):

- 1) 1-баптың екінші абзацындағы "банктерде" деген сөз алынып тасталсын;
- 2) 19-баптың алтыншы абзацында "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

3) 2 1 - б а п т а :

"және мемлекеттік сақтандыру" деген сөздер алынып тасталсын;
"республикалық бюджетінің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын.

26. Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., N 11-12, 174-құжат; N 24, 436-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 16, 147-құжат; 2004 ж., N 1, 2-құжат):

- 1) 1-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын;
- 2) 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Республикалық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету тәртібі мен нормалары жөнінде ұсыныстар е н г і з у . " ;

3) 18-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне қосымша жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау кепілдіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық к е с і м д е р і б е л г і л е й д і . " ;

4) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Республикалық ұланның материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз е т і л у і

Республикалық ұланның материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуінің тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

5) 22-бап алынып тасталсын.

27. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж. N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) мәтінде "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықта", "Жарлықпен" деген сөздер "Заң", "Заңның", "Заңда", "Заңмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"әуе қозғалысына қызмет көрсетуші орган", "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органды", "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органға" деген сөздер "

аэронавигациялық ұйым", "аэронавигациялық ұйымды", "аэронавигациялық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1-бап мынадай мазмұндағы он жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аэронавигациялық ұйым - әуе қозғалысына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және аэронавигациялық және метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін ұйым.";

5) 4 - б а п т а :

бірінші абзацта "заң актілерімен, осы Жарлықпен белгіленген құзыреті шегінде мемлекеттік басқару органдары шығарған нормативтік құқықтық актілермен" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

"(мемлекетаралық)", "(келісімде)", "(мемлекетаралық)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"жасасқан" деген сөз "бекітілген" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 5 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. "Осы Заңның қолданылу аясы";

бірінші бөлікте "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен авиация қызметі туралы" Жарлығы" деген сөздер "осы Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау

Әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады, ол өз құзыреті шегінде қызметін азаматтық авиация саласында жүзеге асырушы барлық жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті азаматтық авиация саласындағы ережелерді, нұсқауларды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді шығарады, олардың орындалуын бақылайды, мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес олармен бірлесіп авиациялық іздестіру-құтқару шараларын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің өзара іс-қимылын көрсетілген мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған Ведомствоаралық комиссия жүзеге асырады.";

8) 12-бапта "орыс тілінде" деген сөздер "мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 13-баптың к) тармақшасы алынып тасталсын;

10) 14-баптың бірінші бөлігінде "әуе кеңістігін пайдалану және әуе қозғалысын басқару жөніндегі мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 15-баптың бірінші бөлігінде "әуе кеңістігін пайдалану және әуе қозғалысын басқару жөніндегі мемлекеттік органмен" деген сөздер "аэронавигациялық ұйыммен"

деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 16-баптың төртінші бөлігінде:

"Органдар" деген сөз "уәкілетті орган мен Қорғаныс министрлігі өз құзыретіне сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 17-баптың бірінші бөлігінде "әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуына бақылау жасайтын органдардың" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 18-баптың төртінші және бесінші бөліктерінде "әуе кеңістігін пайдалану және әуе қозғалысын басқару жөніндегі мемлекеттік" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 25 - бапта:

"жағдайда" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

"танылады" деген сөз "таниды" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 26-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық және мемлекеттік әуе кемелері міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жатады. Азаматтық әуе кемелерін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің Мемлекеттік тізіліміне тіркейді. Мемлекеттік әуе кемелерін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы мемлекеттік әуе кемелерінің тізіліміне тіркейді.";

17) 30-баптың жетінші бөлігінде "алғанда" деген сөз "уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын, "сертификаты", "құжаттар танылады" деген сөздер "сертификатын", "құжаттарды таниды" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 31-2-баптың екінші бөлігінде "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

19) 43 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"43-бап. Әуе кемесінің аэронавигациялық ұйыммен радиобайланысы"; екінші және үшінші бөлікте "оның ұшуына диспетчерлік қызмет көрсетуші орган", "әуе қозғалысына қызмет атқаратын органдар" деген сөздер "аэронавигациялық ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 44-баптың екінші сөйлеміндегі "ал адамдар өмірін сақтап қалу үшін ұшып өту қажет болғанда және өзге де ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша бұл ережеден ауытқуға жол беріледі" деген сөздер "немесе адамдар өмірін сақтап қалу үшін ұшып өту қажет болғанда, ал өзге де ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша бұл ережеден ауытқуға жол беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 52-баптың екінші бөлігінде "министрліктің, мемлекеттік комитеттің" деген сөздер "мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алынып тасталсын;

үшінші бөлікте "министрліктер, мемлекеттік комитеттер және ұйымдар" деген сөздер "мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес олардың, сондай-ақ авиакомпаниялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 96-баптың төртінші бөлігінде "уәкілетті" деген сөз алынып тасталсын;

24) 100-баптың екінші бөлігінде "Мемлекеттік авиация органдары" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 101-баптың 1-тармағында "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына", "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығын" деген сөздер тиісінше "осы Заңға", "осы Заңды" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 223-247-құжаттар, N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат):

1) актінің нысанында және тақырыбында "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) мәтінде "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен" деген сөздер "Заң", "Заңның", "Заңмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4 - б а п т а :

төртінші бөлікте "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ішкі" деген сөздер "Ішкі" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Әкімшілік полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі полицияның учаскелік инспекторларының, патрульдік қызмет, жол полициясы бөлімшелерінің, ішкі істер органдарының арнайы мекемелері мен өзге де әкімшілік полицияның алдына қойылған міндеттерді шешу үшін қажетті қызметтердің жұмысын қоспағанда полиция қызметін қамтамасыз етуді Ішкі істер министрлігі жүзеге асырады .

Ішкі істер министрлігінің облыстық (республикалық маңызы бар қалалық) аумақтық бөлімшелері әкімшілік полицияның аудандық (қаладағы аудандық), қалалық учаскелік инспекторларының және полицияның кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі

учаскелік инспекторларының, патрульдік қызмет, жол полициясы бөлімшелерінің, ішкі істер органдарының арнайы мекемелері мен әкімшілік полицияның алдына қойылған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелердің қызметтерін бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады.

Әкімшілік полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі полицияның учаскелік инспекторларының, патрульдік қызмет, жол полициясы бөлімшелерінің, ішкі істер органдарының арнайы мекемелері мен өзге де әкімшілік полицияның алдына қойылған міндеттерді шешу үшін қажетті қызметтердің жұмысын қамтамасыз етуді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.";

5) 4 - 2 - б а п т а :

бірінші бөлікте "мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді" деген сөздер ", лицензиялау мен рұқсат ету қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алынып тасталсын;

6) 6 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

", ал жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істер органдарының штат санын облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен сан нормативтерінен төмен емес мөлшерде белгілейді" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша алынып тасталсын;

7) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Ішкі істер органдарының міндеттері

1. Ішкі істер органдары заңда белгіленген құзыреті шегінде:

қылмыстық алдын алуға анықтауға, жолын кесуге және ашуға;

"Жедел іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстарды анықтауға, алдын алуға, болдырмауға және ашуға, ішкі істер органдары жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ішкі істер органдарының тергеу изоляторларында және уақытша ұстау изоляторларында заңдармен белгілеген режимді сақтауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте жедел іздестіру шараларын жүзеге асыруға құқылы ішкі істер органдарының бөлімшелері мен қызметкерлерінің тізбесін Ішкі істер министрі белгілейді;

ішкі істер органдарының қорғаныстық-жұмылдыру даярлығын, бейбіт уақыт пен соғыс уақыты жағдайында төтенше ахуалдар туындаған кезде олардың жұмысының тұрақтылығын арттыру, Ішкі істер министрлігі арнаулы бөлімшелерінің жұмылдыруға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға;

арнаулы және әскери тасымалдарды ұйымдастыруға;

шет мемлекеттердің тиісті органдарымен, халықаралық ұйымдарымен Қазақстан

Республикасының тиісті халықаралық шарттары негізінде ынтымақтастық жасауға м і н д е т т і .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметтен басқа алдына қойылған міндеттерге сәйкес ішкі істер органдары, сондай-ақ:

1) криминалдық полиция органдары:

алдын ала тергеуді жүзеге асыруға, анықтама жүргізуге; қылмыс жасаған, бірақ анықтамадан, тергеуден және соттан бой тасалаған, қылмыстық немесе әкімшілік жазаларын өтеуден жалтарған, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға және заңмен көзделген өзге де жағдайларға, сондай-ақ ұрланған мүлікті іздеуді жүзеге асыруға;

іздестіру, тергеу және өзге де заңмен көзделген іс жүргізу әрекеттерін жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушінің және анықтамашының жазбаша тапсырмаларын орындауға;

қылмыстық процеске қатысушылардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау жөнінде заңдарда көзделген шараларды қолдануға;

2) әкімшілік полиция органдары:

әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы қол с ұ ғ у д а н қ о р ғ а у ғ а ;

қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, соның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жәрдемімен, ұйымдар мен азаматтардың ерікті қатысуымен қорғауға және қамтамасыз етуге;

халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуға, құқық тәртібінің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделеуге, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізуді ж ү з е г е а с ы р у ғ а ;

авария, өрт, дүлей апат және басқа төтенше жағдайлар зардаптарын жою кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым және оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәрменсіз немесе өзге де күйдегі а з а м а т т а р ғ а к ө м е к к ө р с е т у г е ;

мемлекеттік өрттен қорғау қызметі органдарына меншіктің барлық нысандарындағы объектілерде өрт қауіпсіздігі жай-күйіне бақылау жасауды жүзеге а с ы р у д а ж ә р д е м к ө р с е т у г е ;

карантиндік, санитарлық және экологиялық іс-шараларды өткізуге қатысуға; жаппай тәртіпсіздіктерді түзету мекемелерінде тыюға қатысуға, әскери қарауылдардың күзетінен қашқан сотталғандарды іздестіруді жүзеге асыруға;

прокурордың азаматтар мен лауазымды адамдарды мәжбүрлеп жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулыларын орындауға, сондай-ақ прокурордың өз құзыреті шегінде

шығарған өзге де жазбаша тапсырмалары мен талаптарын орындауға;
ұсталғандарды, қамауға алынғандар мен сотталған адамдарды күзетуге және айдап
а п а р у ғ а ;

заңдарда белгіленген тәртіппен жедел-іздігі және тосқауыл қою шараларын,
қылмыс жасаған адамдарды ұстау жөніндегі операцияларды жүргізуді жүзеге асыруға,
сондай-ақ өзге де құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға оларды
жүргізуде және жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге;

соттардың шешімдері бойынша денсаулық сақтау мекемелеріне келуден жалтарған
алкоголизм, нашақорлық, уытқұмарлық, жыныстық аурулармен ауыратын немесе
иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған адамдарды айдап алып келуді жүзеге
а с ы р у ғ а ;

шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды, әкімшілік жазалау шараларын
орындауға, сотталғандардың, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынғандардың еңбекпен
қамтылуын қамтамасыз етуді орындауға;

есепке алуды жүргізуге және қылмыскерліктің алдын алу мақсатында кәметке
толмағандардың: бас бостандығынан айыру орындары мен жабық үлгідегі арнаулы оқу
орындарынан босатылғандардың; қылмыс жасаған сәтте заңға сәйкес қылмыстық
жауапкершілікке тартылуы мүмкін жасқа толмағандардың; спиртті ішімдіктерді,
есірткілік құралдар мен уытты заттарды қолданатындардың; әкімшілік жазалау
шараларын қолдану көзделген өзге де құқық бұзушылықтар жасағандардың арасында
ы қ п а л е т у шараларын қолдануға;

жол жүрісі ережелерінің және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты
өзге де нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; мемлекеттік тіркеу және
есепке алу тәртібін айқындауға, сондай-ақ жеңіл, жүк автомобильдерін және
автобустарды, олардың базасында жасалған арнаулы автомобильдерді қоса алғанда;
мотоциклдер мен мотороллерлерді, автомобильдердің құрамында жүруге арналған
тіркемелерді мемлекеттік тіркеуді және есепке алуды жүргізуге, оларды мемлекеттік
техникалық байқаудан өткізуге, оларды пайдаланушы, оның ішінде сенімхат бойынша
пайдаланушы адамдарды тіркеуді және есепке алуды жүргізуге, оларды жүргізу және
троллейбустар мен трамвайларды жүргізу құқығына емтихан қабылдауға және куәлік
беруге, ж о л жү р і с і н р е т т е у г е ;

азаматтық, қызметтік (әскери атыс қол қаруын қоспағанда) қарулар мен
патрондарды және олардың жинақтық бөлшектерін әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге,
саудасына, сатып алуға, тіркеуге (қайта тіркеуге), коллекциялауға, экспонаттауға,
сақтауға, алып жүруге, есепке алуға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге мемлекеттік
б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р у ғ а ;

азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдану арқылы жасалған
бұйымдарды әзірлеуге, өндіруге, саудасына, сатып алуға коллекциялауға,
экспонаттауға, сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге мемлекеттік бақылауды жүзеге

а с ы р у ғ а ;

жарылғыш заттар мен материалдарды, түрлі-түсті бейнедегі көбейткіш-көшіргіш техниканы, улы заттарды сатып алудың, сақтаудың, есепке алудың, тасымалдаудың, әкелудің, әкетудің белгіленген тәртібінің сақталуын бақылауға;

азаматтық және қызметтік қарудың және олардың патрондарының; есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың; жарылғыш заттар мен материалдардың, азаматтық пиротехникалық заттардың және оларды қолдану арқылы жасалған бұйымдардың штемпельді-бедерлік шеберханалардың; түрлі-түсті бейнедегі көбейту-көшіру техникасының, улы заттардың айналымы саласындағы талаптарға сәйкес заңды тұлғалар мен жеке адамдардың объектілерін (үй-жайларын) және персоналын бақылауға;

ерекше маңызды және мемлекеттік маңызы бар өзге де объектілердің күзетілуін қамтамасыз етуге, ұйымдарды күзетудің жай-күйін бақылауға;

заңдарға сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар және рұқсаттар беруді жүзеге асыруға; қару мен оқ-дәрілердің (жауынгерлік оқ-дәрілерді қоспағанда) сатып алуына, сақталуына, оларды тасымалдауға, алып жүруге, әкелуге, әкетуге және пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, қару мен оқ-дәрілерді, жарылғыш және күшті әсер ететін улы заттарды, есірткі құралдарын, психотроптық және сол сияқты заттарды, прекурсорларды, радиоактивті материалдар мен заттарды ұстаудың және олардың жұмыс істеуінің белгіленген ережелерінің сақталуын бақылауға; әкімшіліктің қатысуымен аталған заттар, нәрселер, материалдар тұрған үй-жайларды тексеруге; қаруды есепке алуға және заңда көзделген жағдайларда алып қоюға; азаматтардағы қару, оқ-дәрілер мен олар сақталатын орындарды оларды қолдану ережелерінің сақталуын бақылау мақсатында тексеруге; қару мен оқ-дәрілерді сақтау және пайдалану ережелері бұзылған, сондай-ақ заңдарда көзделген басқа жағдайларда ұйымдар мен азаматтардан оларды алып қою туралы мәселе қоюға;

мемлекеттік маңызы бар аса маңызды және өзге де объектілерді, еңбекпен түзеу мекемелерін күзетуді қамтамасыз етуге; ұйымдарды күзетудің жай-күйін бақылауға;

табылған мүлік пен қазыналардың тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қарауына берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шаралар қолдануға; табылған және ішкі істер органдарына тапсырылған құжаттардың, заттардың, құндылықтардың және басқа мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды меншік иелеріне қайтару не белгіленген тәртіппен сату жөнінде шаралар қолдануға;

азаматтар мен лауазымды тұлғалардың паспорт жүйесінің белгіленген ережелерін сақтауын, сондай-ақ шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың олар үшін белгіленген келу, кету, болу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті өту ережелерін сақтауын бақылауға;

3) Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы:

заңдарға сәйкес төтенше немесе әскери жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысуға, соғыс кезінде Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген тапсырмаларды орындауға міндетті;

8) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"11-бап. Ішкі істер органдарының құқықтары

1. Ішкі істер органдары өздеріне жүктелген міндеттерді атқару үшін заңда белгіленген құзыреттерінің шегінде:

кез-келген жасалған немесе әзірленіп жатқан құқыққа қарсы қол сұғу, соның ішінде олардың қарауына жатпайтындар туралы арыздар мен хабарларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, ашу, оларды жасаған адамдарды ұстау, қоғамдық қауіпті зардаптарға жол бермеу жөнінде нақтылы шаралар қолдануға;

қылмыстарды анықтау, тыю, ашу және тергеу кезінде басқа органдарға, ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға атқарылуы міндетті тапсырмалар беруге;

қозғалған қылмыстық істер жөнінде мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда ақпарат пен материалдарды кедергісіз және өтеусіз алуға;

қылмыстың және басқа да құқық бұзушылықтың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған шаралар жөнінде заңды және жеке тұлғаларға орындауға міндетті ұйғарымдар, ұсынулар және ұсыныстар беруге, сондай-ақ созылмалы маскүнемдік, есірткіқұмарлық, уытқұмарлық ауруына шалдыққан, жүйке бұзылуынан зардап шегетін және басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын не қоғамдық тәртіпті бұзатын адамдарды еріксіз емдеу үшін денсаулық сақтау органдарына ұсыныстар мен материалдар жіберуге;

мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан ұйымдардан, соның ішінде анықтама мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы органдардан құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыстарды ашу мақсатында кедергісіз әрі өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, ақпарат пен материалдарды алуға;

азаматтарды іс жүргізудегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша ішкі істер органдарына шақыруға, олардан түсініктемелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, жауап алуға, сондай-ақ шақырғанда келуден дәлелді себепсіз жалтарған адамдарды мәжбүрлеп алып келуге;

құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуға келісім білдірген азаматтармен жария және жария емес негізде ын т ы м а қ т а с т ы қ о р н а т у ғ а ;

ішкі істер органдарының қызметін жария ету, қылмыстың мән-жайын, сондай-ақ оны жасаған адамдарды анықтау үшін, тергеуден, анықтама алудан және соттан бой тасалап жүрген адамдарды және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру үшін

қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында пайда болған өзге де жағдайларда мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігін тегін пайдалануға;

ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін бұқаралық ақпарат құралдарын өз құзыреті шегінде өтемсіз негізде пайдалануға;

кідіртуге болмайтын жағдайларда қызмет мақсатындағы қай жерде орналасқанына және кімге тиесілі екеніне қарамастан халықаралық және қалааралық сөйлесуге кеткен шығыстарды өтей отырып, байланыс құралдарын пайдалануға;

өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанынан қарамастан (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) қылмыстар, жазатайым оқиғалар, дүлей апаттар болған жерлерге бару және жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ кідіртуге болмайтын өзге де жағдайларда, иелеріне залал келтірілген жағдайда оны өтей отырып, көлік құралдарын пайдалануға;

азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыс жасаған, әкімшілік құқық бұзған деп сезіктелген адамдардың ізіне түскен кезде не ол жерде қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, сондай-ақ дүлей апаттар, күйреулер, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде азаматтардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың тұрғын және басқа да жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, аумаққа және үй-жайларға (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге және оларды тексеруге хақылы; азаматтарға тиесілі тұрғын және басқа жайларға басып кірген жағдайлар жайында осыған уәкілдік берілген ішкі істер органдары жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды хабардар етуге;

қамауға алынған, қылмыстың жасалуына күдікті, қылмыс жасады деп айып тағылған әкімшілік қамауға алынғандарды, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзған деп сезіктелген адамдарды, олардың жеке басын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, тіркеуге, фотосуретке түсіруге, дыбысын жазуға, кино және бейнекөрініске түсіруге, дактилоскопия жасауға;

азаматтардың жекелеген учаскелер мен аумақтарға кіруін шектеуге немесе оған тыйым салуға қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жедел іздестіру шаралары мен тергеу іс-әрекетін жүргізген кезде оларды белгілі бір орынды босатуға міндеттеуге;

қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған адамдарды, сондай-ақ оларға қатысты жазалау шарасы ретінде әкімшілік тұтқындау таңдалған адамдарды оқшаулау жағдайында ұстау үшін уақытша ұстау изоляторлары болуына;

қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды, сондай-ақ сотталған

адамдарды және бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдалған адамдарды оқшаулау жағдайында ұстау үшін тергеу жүргізетін оқшау бөлмелер мен уақытша ұстайтын оқшау бөлмелер болуға;

әкімшілік құқық бұзу істері жөнінде алдын ала тергеу, анықтама және іс жүргізу барысында ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізуге;

заңдарға сәйкес ғылыми-зерттеу, оқу, өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтардан басқа ішкі істер органдары, сондай-ақ:

1) криминалдық полиция органдары:

заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын жүргізуге, оларды жүргізуге мамандарды тартуға, дерек мәліметтерді жинау және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар. Бұл ретте мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер, сондай-ақ адамдардың жеке өмірі туралы мәліметтер жария етілуге тиіс емес;

2) әкімшілік полиция органдары:

азаматтардан қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-қимылдар мен ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқығы бар. Бұл талаптар орындалмаған жағдайларда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға;

осы қызметті реттейтін заңдарға сәйкес әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыруға; хаттамалар жасауға, әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, тәртіп бұзушыларды жеткізуге, әкімшілік ұстауды жүргізуге, кісінің жеке басын тексеруге, сондай-ақ заттары мен құжаттарын тексеруге және алып қоюға;

әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға;

заңдарда көзделген жағдайларда белгілі тұрғылықты орны, құжаттары жоқ адамдарды олардың жеке басын куәландыру және кейіннен тиісті органдар мен мекемелерге (көші-қон, медицина әлеуметтік және өзге де) беру мақсатында прокурордың санкциясымен отыз тәулікке дейінгі мерзімде ұстауға және қабылдау-тарату орындарына орналастыруға;

қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған деп сезіктелген жағдайда азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктелген белгіленген ережелердің сақталуын тексеруге қажетті басқа құжаттарды тексеруге;

құқық тәртібін қорғау жөніндегі міндеттерді шешуді, соның ішінде әкімшілік қадағалауға алынған және алдын алу ықпалы жасалуға тиіс адамдарды, әкімшілік құқық бұзған және оларды қайталап жасауы күшейтілген жауаптылыққа әкеліп соғатын адамдарды есепке алуды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алуды, ақпарат

жүйелерін құрауға және пайдалануға, есепте тұратын адамдардың мінез-құлқын қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруға;

қамаудан қашқан адамдарды іздестіруге байланысты шараларды жүргізген кезде өздігінен бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

егер оларды жедел оқшаулау қажет болса он сегіз жасқа толмаған және құқық бұзған, сондай-ақ арнаулы оқу-тәрбие мекемелеріне жіберілетін кәмелетке толмағандарды заңда белгіленген тәртіппен ұстауға және Уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұстап отыруға: 3-тен 16 жасқа дейінгі қадағалаусыз, сондай-ақ ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдерді Уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарына жеткізуге және онда ұстап отыруға, одан әрі қорғаншылық және қамқоршылық орындарына беруге;

әуе кемелері ұшуының, сондай-ақ жолаушылар поездарының, теңіз және өзен кемелерінің қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында авиажолаушыларды, поездардың, теңіз және өзен кемелерінің жолаушыларын және олардың теңдеме жүктерін тексеруді, оның ішінде үстеме тексеруді жүзеге асыруға; заңда белгіленген тәртіппен қаруды, оқ-дәрілерді, есірткілерді және алып жүруге тыйым салынған өзге де заттар мен нәрселерді алуға;

адамдардың ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданғандығын белгіленген тәртіппен куәландыруға;

қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мастық күйде жүрген не айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін, ал тұрғын үйде болып, қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды - олармен бірге тұратын азаматтардың арыздары бойынша арнаулы медицина мекемелеріне не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларда айыққанға дейін ұстауға;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды бақылау жөніндегі заңда көзделген шараларды қолдануға, ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында және олардың маңындағы аумақтарда режимдік талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; Ішкі істер министрі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларына ерекше жағдайлар режимін енгізуге;

прокурордың жазбаша өкімі бойынша жиналысты, митингіні, демонстрацияны, шеруді, пикетті ұйымдастырушылар аталған шараларды өткізу тәртібі туралы заңнама талаптарын сақтамаған жағдайда, оларды тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

қажет болған жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын тексеруде мемлекеттік өрттен қорғау қызметіне жәрдем көрсетуге;

төтенше жағдайларда барлық тұрғын, өндірістік және басқа да үй-жайларға бөгетсіз

кіруге, сондай-ақ азаматтарды құтқаруға бағытталған өзге де шаралар қолдануға өртке қарсы күрес және апаттан құтқару қызметінің күштері мен құралдарын, көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды меншік нысанына қарамастан ұйымдардың байланыс және химиялық қорғану құралдарын тартуға, қажет болған жағдайда, материалдық құндылықтарды қауіпті аймақтан көшіруге өкім жасауға; құтқару жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдайларды жою кезеңіне цехтар мен объектілердің жұмысын тоқтатуға;

карантиндік шаралар жүргізілген кезде, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер жаппай өсетін, балықтың құнды тұқымдарының уылдырық шашатын жерлеріне, ұлттық парктердің, мемлекеттік қорықтар мен заказниктердің аумақтарына тиісті атқарушы органдар мен лауазымды адамдардың шешімімен бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

заңдарда белгіленген тәртіппен және реттерде көлік құралдарын тоқтатуға және жүргізушілердің оларды пайдалануға және жүргізуге құқық беретін құжаттарын, жүктер мен оларды тасымалдауға құқық беретін құжаттарын тексеруге; мас адамдарды, көлік құралдарын жүргізуге немесе пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ адамдарды, сондай-ақ заңдарда көзделген басқа да жағдайларда, көлік құралын жүргізуден шеттетуге; заңдарда көзделген негіздер бойынша көлік құралдарын ұстауға және Ішкі істер министрлігі белгілейтін мәжбүрлеу тәртібімен оларды республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан, ауылдық (кенттік) округ, облыстық, аудандық маңызы бар қала әкімдігінің шешімімен жасалған арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға уақытша сақтау үшін жеткізуге, сондай-ақ көлік құралдарын жүріс бөліктерін жауып тастауға; көшелер мен жолдарда көліктің және жаяу адамдардың қозғалысын, сондай-ақ оларда жүргізіліп жатқан барлық жұмыстарды уақытша шектеуге немесе оларға тыйым салуға;

өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, азаматтардың табиғат қорғау және малдәрігерлік заңдардың талаптарын, санитариялық нормалар мен ережелерді орындауын, ұйымдардың табиғат қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық және эпизоотияға қарсы шаралар жүргізуін бақылауға; ұйымдар әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен бұл талаптардың орындалуына тексеру жүргізуге; қоршаған ортаға қауіп төндіретін тәртіп бұзушылықтар, індеттер мен эпизоотиялар пайда болған кезде ұйымдардың, жекелеген өндірістер мен учаскелердің жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұруға;

мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде қызметін бақылауға және орындалуы міндетті ұйғарымдар беруге; автомобиль жолдарын, көшелерде, жол құрылыстарын, теміржол өткелдерін, қалалық электркөлігі желілерін, сондай-ақ автотокөліктік техникасының жаңа үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысуға; жол қозғалысы қауіпсіздігіне, сондай-ақ көшелер мен жолдарды салуға және қалпына

келтіруге қатысты ережелердің, нормативтер мен стандарттардың, көлік құралдарының конструкциялары мен жүргізушілер даярлау жөніндегі оқу бағдарламаларының жобаларын келісуге; техникалық жай-күйі жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіретін көлік құралдарының пайдаланылуына тыйым салуға; ұйымдардың көлік құралдарының, оларды пайдалануды жалғастыру жол қауіпсіздігіне қатер төнгіссе, ұйғарымдар орындалғанға дейін, желіге шығарылуын тоқтата тұруға;

ұйымдарға Үкімет белгілеген тізбелер бойынша қару-жарақ, оқ-дәрі, түрлі-түсті бейнедегі көбейткіш-көшіргіш техниканы, жарылғыш, күшті әсері бар химиялық, есірткі, психотроптық, улы және радиоактивті материалдар мен заттарды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге, ал азаматтарға - қару-жарақ пен оқ-дәріні сатып алуға, өзімен алып жүруге және сақтауға, әкелуге, әкетуге рұқсаттар беруге; қару-жарақпен сауда жасайтын магазиндерді, атыс тирлері мен стендтерін, қару-жарақ жөндеу шеберханаларын ашуға рұқсаттар беруге;

заңды тұлғаларға Үкімет белгілеген тізбелер бойынша түрлі-түсті бейнелі көбейту-көшіру техникасын, жарылғыш, күшті әсері ететін улы заттарды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге; азаматтық және қызметтік қару мен олардың патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолдану арқылы жасалған бұйымдарды сақтауға, тасымалдауға әкелуге, әкетуге; есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласында объектілер мен үй-жайларды пайдалануға атыс тирлері мен стендтерді ашуға, ал жеке адамдарға - азаматтық қару мен олардың патрондарын сатуға, сақтауға, алып жүруге, әкелуге, әкетуге рұқсат беруге;

азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолдану арқылы жасалған бұйымдарды сақтаудың, есепке алудың, пайдаланудың, тасымалдаудың, жоюдың, әкелудің, әкетудің тәртібін белгілеуге;

шарттар негізінде жеке адамдарды, меншік иелерінің мүлкін күзетуді жүзеге асыруға;

келісім-шарттар негізінде жеке тұлғаларды, меншік иелерінің мүлкін күзетуді жүзеге асыруға;

халықтың құқық қорғау бағытында өз бетінше іс-қимыл жасайтын қоғамдық жасақтарының жұмысына жәрдемдесуге;

қоғамдық тәртіпті қорғауда қоғамдық қауіпсіздікте қамтамасыз етуде және құқық бұзушылыққа қарсы күресте көзге түскен азаматтарды көтермелеуге;

3) әскери-тергеу органдары:

құқық бұзған әскери қызметшілерді ұстауға және оларды әскери коменданттарға, әскери бөлімдерінің командирлеріне немесе әскери комиссарларға беруге құқылы.";

9) 33-бап алынып тасталсын;

10) 34-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

11) 35-бап алынып тасталсын.

29. "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 15, 139 - құжат):

- 1) 11-баптың 12) тармақшасы аударуды қажет етпейді;
- 2) 29-баптың 1-тармағының 7) тармақшасында "зандарда" деген сөз "заңмен" деген сөзбен ауыстырылсын;
- 3) 56-бапта "республикалық" деген сөз алынып тасталсын.

30. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж. N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 6, 72-құжат):

- 1) 8 - баптың 1 - тармағында:
- 2) тармақшада "Президенті" деген сөз "заңнама" деген сөзбен ауыстырылсын;
- 5) тармақшада "банктерде" деген сөз алынып тасталсын;
- 2) 8-1-баптың 2-тармағының 3) тармақшасында "банктерде" деген сөз алынып тасталсын;

- 3) 9-баптың 2-тармағында "банктерде" деген сөз алынып тасталсын;
- 4) 23 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық қауіпсіздік органдарын қамтамасыз ету";

1-тармақта "республикалық бюджеттің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 25-бапта ", Қазақстан Республикасы Президентінің Заңдарының" деген сөздер алынып тасталсын;

6) 26-бап алынып тасталсын.

31. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 21, 396-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1 - 2, 6 - құжат):

- 1) актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";
- 2) мәтін бойынша "Жарлығы", "Жарлықтан", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер

"Заңы", "Заңнан", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-баптың 3-тармағының екінші бөлігінде "салаларының (секторларының)" деген сөздер "салалары (секторлары) объектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1 4 - 3 - б а п т а :

1-тармақ "Қазақстан Республикасы Үкіметінің" деген сөздерден кейін "немесе тиісті жергілікті өкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге" деген сөздерден кейін " немесе әкімдік тиісті жергілікті өкілетті органға бекітуге" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5) 16-баптың 3-тармағында "уәкілдік берген органның" деген сөздерден кейін " немесе тиісті жергілікті атқарушы органның" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 17-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында "сатушы әзірлеген және" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

7) 2 0 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігінде "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

2-тармақта "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын.

32. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат):

1) 9 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы о р г а н д а р д ы ң к ұ з ы р е т і " ;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) атқарушы органдар";

1) тармақшада "көлемінде" деген сөзден кейін "және ... мерзімге" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) 13-баптың 2-тармағында "облыстық" деген сөзден кейін "(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 18-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

4) 53-баптың 2-тармағында "тау-кен бақылауы жөніндегі уәкілді" деген сөздер " өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кендік қадағалау жөніндегі уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 54-баптың 3-тармағында "арнайы уәкілеттік атқарушы орган" деген сөздер " өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кендік қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 56-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

7) 57-баптың 5-тармағында "арнайы уәкілді атқарушы орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиямен" деген сөздермен ауыстырылсын.

33. "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 240-құжат; 2000 ж., N 20, 377-құжат; 2003 ж., N 18, 43-құжат):

1) 1 - б а п т а :

он жетінші абзац "жол бермеу туралы" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын, "орган" деген сөз "органы" деген сөзбен ауыстырылсын;

он тоғызыншы абзац "тәртібін" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің" деген сөздермен толықтырылсын, "органдардың" деген сөз "органдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жиырма бірінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары - экспорттық бақылауға жататын қару-жарақтың, әскери техниканың, ядролық және арнайы ядролық емес материалдардың, екі ұдай қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялардың, жекелеген шикізат түрлерінің, материалдардың, жабдықтардың, техникалық, ғылыми-техникалық ақпараттың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын және транзитін бақылауды жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары . " ;

2) 5-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
экспорттық бақылау саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуде ;

3) 5 - 1 - б а п т а :

бесінші абзацта "уәкілетті органдар арқылы" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"осы заңға сәйкес сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (мәлімдеушілерге) сыртқы экономикалық мәмілені жүзеге асыруға рұқсат береді";

4) 7 - б а п т а :

б е с і н ш і б ө л і к т е :

"өкілетті" деген сөз алынып тасталсын;

"тексеруіне" деген сөзден кейін "экспорттық бақылау жүйесіне" деген сөздермен толықтырылсын ;

алтыншы бөлікте "Лицензия берген" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын, "орган" деген сөз "органы" деген сөзбен ауыстырылсын;

жетінші бөлікте "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары" деген сөздер

"Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жүйесі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-2-баптағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 11-баптың бірінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының экспорттық бақылауды жүзеге асыруға өкілетті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын, "мен лауазымды адамдары" деген сөздер алынып тасталсын.

34. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат):

1) Тарауларда "I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X, XI" деген сандар "1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11" деген сандармен ауыстырылсын;

2) III тараудың тақырыбындағы "және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 10 - б а п т а :

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады;

- орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді"; он екінші абзацта "республикалық бюджет есебінен" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы он жетінші абзацпен толықтырылсын:

"- авариялық-құтқару қызметтерін (соның ішінде, аэромобильді жасақтар) құрады.";

4) 11-баптың екінші бөлігінде:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ғылыми ұйымдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы жұмысын үйлестіреді";

сегізінші абзацта "бөлінген қаржы шегінде республикалық бюджет қаражатынан" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

он екінші абзацта "министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және Қазақстан Республикасы Үкіметі құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарға, жергілікті атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;

- авариялық-құтқару қызметтерінің (оның ішінде аэромобильді жасақтардың) іс-әрекетін қамтамасыз етеді.";

5) 1 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Орталық мемлекеттік органдардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы өкілеттігі";

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:";

6) 1 3 - б а п т а :

тақырыбында "органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының" деген сөздер "органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органдары тиісті (ведомстволық бағынысты) аумақтағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында : " ;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"Жергілікті" деген сөздің алдынан "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші абзацта "төтенше" деген сөздің алдынан "жергілікті ауқымдағы" деген сөздермен толықтырылсын ;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа ресурстардың жергілікті қорларын құрады және пайдаланады;" ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Судан құтқару қызметтерін ұйымдастыру облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ерекше қарауына жатады. "

7) 21-бапта "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың" деген сөздер "орталық мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

"24-1-бап. Материалдық-техникалық, медициналық және басқа ресурстар қорларын жасау, табиғи және техногендік төтенше жағдайлар кезінде көлік құралдарымен қамтамасыз ету .

Халықтың, қоршаған ортаның және шаруашылық жүргізуші өзектілердің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілді қорғалуын қамтамасыз ету

үшін дер кезінде материалдық-техникалық азық-түлік, медициналық және басқа ресурстардың мемлекеттік резерві жасалады.

Төтенше жағдайларды жою үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстары және көлік құралдары жұмылдырылады, ал шұғыл медициналық жәрдемнің және авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдары төтенше жағдайлар аймақтарына алдын ала бекітілген жоспарларға сәйкес бірінші кезекте жеткізіліп, кері қайтарылады.";

9) 27-бап алынып тасталсын;

10) 28-бап алынып тасталсын;

11) 31-бапта "арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы мен жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 32-бапта "министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Қазақстан Республикасы Үкіметі құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар" деген сөздер "орталық мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

35. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 ж. 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат):

1) 3-баптың алтыншы абзацы алынып тасталсын;

2) 5-баптың екінші және үшінші абзацтарындағы "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 6-бапта:

бесінші абзацта "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де" деген сөздер алынып тасталсын;

жетінші абзац алынып тасталсын;

4) 7-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының өкілеттігі";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органының қарауына мыналар жатады:";

үшінші абзацта "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

бесінші абзац алынып тасталсын;

жетінші абзацта ", сондай-ақ мамандар даярлау" деген сөздер алынып тасталсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жол жүрісі қауіпсіздігі бөлігінде халықаралық және республикалық маңызы бар

жолдарды салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау кезінде жұмыстың барлық түрлеріне бақылау жасауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;"

оныншы абзацта "мен сертификаттауды" деген сөздер алынып тасталсын;
он бірінші абзац "республикалық" деген сөздің алдынан "халықаралық және" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 8 - б а п т а :

тақырыпта "Жергілікті" деген сөз "Аудандық (қалалық) жергілікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтар "саласында" деген сөзден кейін "аудандық (қалалық)" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац алынып тасталсын;

бесінші абзацта "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың" деген сөздер алынып тасталсын, "мәселелері жөніндегі" деген сөздер "жөніндегі орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- аудандардың (қалалардың) автомобиль жолдарында қалалардың, аудандардың (қалалардың) елді мекендерінің жол тораптарында құрылыс салу, қайта жаңарту, жөндеу, олардағы жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу, енгізу және күтіп ұстау, оларды күту, күзету және оларда қызмет көрсету объектілерін жайғастыру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде жұмыстың барлық түрлерінің орындалуын қамтамасыз ету және бақылау;"

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мамандар даярлау.";

6) 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар есеп беру жүйесіне кіретін мәліметтерді белгіленген тәртіппен сұратып алуға құқылы.";

7) 1 1 - б а п т а :

1-тармақта "мемлекеттік" деген сөз "салалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік" деген сөз "салалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"тиісті бюджеттер" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 1 5 - б а п т а :

3-тармақта "азаматтарға" деген сөз "тұлғаларға" деген сөзбен ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

"Азаматтарды", "азаматтың" деген сөздер "Тұлғаларды", "тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 1 7 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласына басшылық етуді жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы жүзеге асырады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтың көлік құралдарын жүргізуіне тыйым салатын медициналық кінәраттарының тізбесін, медициналық куәландыру, тексеру тәртібін және олардың мерзімін азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласына басшылық етуді жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы белгілейді.";

1 0) 1 8 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) басқа мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағына екі айдан артық мерзімге әкелінген жеңіл, жүк автомобильдері мен автобустар, олардың шассилерінде жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, мотоциклдер мен мотороллерлер, автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер.";

4) тармақша "мотоциклдер мен мотороллерлер" деген сөздерден кейін ", автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

11) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі шараларды оның қауіпсіздігі мен жолдардың өткізу қабілетін арттыру мақсатында автомобиль жолдарын дамытуды, сақтауды, жөндеуді және оларды ұстауды қамтамасыз ететін уәкілетті мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы органдар, қарамағында автомобиль жолдары бар заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады."

36. "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 ж. 1 қаңтардағы N 1 Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 ж. 29 желтоқсандағы Заңы, 2004 ж. 1 қаңтардағы N 1 "Казахстанская правда"):

1) 2-тараудың тақырыбында "органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2) 5 - б а п т а :

төртінші абзацта "министрліктердің және Қазақстан Республикасы Үкіметі

құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың, жергілікті атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет қаражаты есебінен ұсталатын өртке қарсы қызметтің штат саны лимитін белгілейді;" ;

3) 6-баптың екінші бөлігінде:

екінші, үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы аумағындағы өрт қауіпсіздігі саласындағы бағдарламаны әзірлейді және оның орындауын қамтамасыз етеді;

орталық және жергілікті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жұмысын үйлестіреді;" ;

4) 7, 8-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Мемлекеттік органдардың өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттігі

Мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде:

өрт қауіпсіздігі саласында нормативтер, стандарттар мен ережелер әзірлеп, келіседі, мемлекеттік есеп жүргізеді және оның мәліметтерін Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органына береді;

салалық өрттен қорғау-техникалық комиссияларын құрады;

өрт қауіпсіздігінің жай-күйін бақылауды қамтамасыз етеді, өрттерден сақтандыру мен оларды жою шараларын жүзеге асырады." ;

"8-бап. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттігі :

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттігіне мыналар жатады :

халықты және ұйымдарды өрт қауіпсіздігі саласындағы шаралар туралы хабардар ету ;

өрттер салдарынан зардап шеккен азаматтар мен қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келтірілген зиянды өтеу." ;

5) 10 - бапта :

төртінші бөлікте :

бесінші абзац алынып тасталсын;

он жетінші абзацта "халықтың өртке қарсы ерікті құрамаларының" деген сөздер " қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерінің (халықтың өртке қарсы ерікті құрамаларының)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

сегізінші және тоғызыншы бөліктерде ", Астана және Алматы қалаларының", ", Астана, Алматы қалаларының" деген сөздер "(республикалық маңызы бар қалалардың

астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 12-баптың бірінші бөлігінде "Мемлекеттік органдар, меншік" деген сөздер "Меншік" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 13-бапта "бірлестіктер" деген сөзден кейін "(өртке қарсы ерікті құрамалар)" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 14-баптың екінші бөлігінде "уәкілетті" деген сөз алынып тасталсын;

9) 19-баптың бірінші бөлігінде "арнайы уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар" деген сөздер "өрт қауіпсіздігі саласындағы орталық атқарушы орган және республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 20-баптың екінші бөлігінде "өзін-өзі" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 21-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар өртке қарсы қызмет органдарына өрттер және оның салдарлары туралы есеп беріп отырады.";

12) 22-баптың екінші бөлігінде "республикалық, жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

"талдамалар" деген сөзден кейін тұрған "республикалық" деген сөз алынып тасталсын.

37. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 66-құжат):

1) 16-баптың 7) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 102-бап алынып тасталсын.

38. "Экологиялық сараптама туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 18 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 67-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Стратегиялық объект - іске асырылуы табиғи ресурстарды барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу, пайдалану, инфрақұрылым және республикалық маңызы бар энергетика, аэроғарыштық және әскери кешендер, байланыс саласындағы қызметпен байланысты сараптама объектісі.

Траншекаралық объект - іске асырылуы екі және одан да көп облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және/немесе шектес мемлекет аумағының қоршаған ортасына және тұрғындарының денсаулығына кері әсер ететін немесе етуі ықтимал сараптама объектісі.";

2) 7 - б а п т а :

1) тармақшада "кез келген" деген сөз "стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мен оның жергілікті жерлердегі аумақтық органдары стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге тартатын орталық мемлекеттік органдар;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді қоспағанда, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) субъектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама ұйымдастыру және жүргізу бөлігінде - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) экологиялық сараптама жүргізу үшін мемлекеттік экологиялық сараптама органдары тартатын, тиісті лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар (штаттан тыс с а р а п ш ы л а р) . " ;

3) 1 0 - б а п т а :

1-тармақтың 2), 3) тармақшалары алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өз құзыреті шегінде орталық мемлекеттік органдар:"

1) тармақшада "орындалуын қамтамасыз етеді және ұйымдастырады" деген сөздер "қамтамасыз етілуіне және орындалуына қатысады" деген сөздермен ауыстырылсын, " мемлекеттік" деген сөз "өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алынып тасталсын;

4) 1 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердегі мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастырады және жүргізеді;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) сараптама комиссияларының адам құрамын белгілейді, оларда штаттан тыс сарапшылар ретінде (заңды және жеке тұлғалар) жұмыс істеуге экологиялық сараптама саласында жұмыс істеуге лицензиясы бар, орталық және жергілікті атқарушы органдарының, қоғамдық бірлестіктер мен табиғат қорғау қозғалыстарының өкілдерін т а р т а д ы ; " ;

1 1) т а р м а қ ш а д а :

"заңды тұлғалардан" деген сөздерден кейін "стратегиялық, трансшекаралық және

экологиялық қауіпті объектілерге" деген сөздермен толықтырылсын, " министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, өзге де" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

12) тармақшада "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің," деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының экологиялық сараптама саласындағы құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті а т қ а р у ш ы о р г а н д а р ы :

1) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді қоспағанда, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастырады және ж ү р г і з е д і ;

2) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырады және пікірлердің есепке алынуын бақылайды;

3) экологиялық сараптама саласындағы құжаттарды әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді және мұндай құжаттардың бастамашы жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның қарауына жібереді;

4) сараптама жұмыстарын жүргізу үшін экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиясы бар штаттан тыс сарапшыларды (заңды және жеке т ұ л ғ а л а р д ы) т а р т а д ы . " ;

6) 1 3 - б а п т а :

1-тармақта "оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің" деген сөздер "өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ "атқарушы органының" деген сөздерден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 14-баптың 10) тармақшасы алынып тасталсын;

8) 15-баптың 3-тармағында "орталық" деген сөзден кейін "және жергілікті" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

9) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"органы мен оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің" деген сөздер "органының (оның жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің) немесе өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның және оның

жергілікті жерлердегі бөлімшелерінің сараптама бөлімшелерінің басшылары облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік экологиялық сарапшылары болып табылады.";

1 1) 2 0 - б а п т а :

1-тармақта "сарапшылық орган" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Экологиялық" деген сөз "Штаттан тыс сарапшылардың сараптама жұмыстарын жүргізуі мен оларға ақы төлеуге байланысты қатынастарды қоспағанда, экологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 2 2 - б а п т а :

1-тармақта "бөлімшелері" деген сөзден кейін "мен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының сарапшылық кеңестері туралы ережелерді, олардың қызметкерлерінің құрамдарын тиісінше Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі әзірлеп, бекітеді.";

1 3) 2 5 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның сараптама қызметінің штаттағы қызметкерлері, оның жергілікті жерлердегі аумақтық бөлімшелері және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары";

2-тармақшада "органы мен" деген сөздерден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 27-баптың 2-тармағы "органы" деген сөзден кейін ", оның жергілікті жерлердегі аумақтық бөлімшелері мен облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

1 5) 3 3 - б а п т а :

1-тармақта "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиясы бар, штаттан тыс экологиялық сарапшылар (заңды және жеке тұлғалар) жүргізетін

сараптама жұмыстарына ақыны шаруашылық қызметтің бастамашысы (тапсырысшы) төлейді."

39. "Авариялық-құтқару қызметтері және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 69-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 8, 187-құжат):

1) 1-баптың екінші абзацында "авариялық-құтқару құрамасы" деген сөздерден кейін "оның ішінде, әуеұтқыр отрядтар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нақты авариялық құтқару қызметтері мен құрылымдарына жүктелетін міндеттердің толық тізбесін оны құрған орган айқындайды және авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары туралы ережемен және көрсетілген қызметтер мен құрылымдардың жарғыларымен бекітіледі.";

3) 5-баптың үшінші абзацында "жергілікті атқарушы органдарға" және "және жарактандыруда" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 6-бапта "газдан құтқару" деген сөздерден кейін "суда құтқару" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 7 - б а п т а :

1-тармақтың екінші абзацында "бөлімшелер" деген сөздер кейін ", суда құтқару қызметі" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық (соның ішінде республикалық мемлекеттік кәсіпорын ретінде) және аумақтық - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кәсіби суда құтқару қызметтерін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары құрады.";

6) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын құрамы мен құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі, суда құтқару қызметінің - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді." ;

7) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын белгіленген тәртіппен тіркеуді (есепке алуды) төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы орган, суда құтқару қызметтерін - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.";

8) 11-баптың 3-тармағында "мемлекеттік қадағалау органдары мен жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақта "орталық атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақта "барлық" деген сөз алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндетті құрылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын ауыстыру, қайта бейімдеу немесе тарату туралы шешімдерді:

республикалық және аумақтық кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қатысты - төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі;

кәсіби суда құтқару қызметтеріне қатысты - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;

объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына қатысты - төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның келісімі бойынша ұйым б а с ш ы с ы қ а б ы л д а й д ы . " ;

3-тармақта "осы Заңның 13-бабына сәйкес көрсетілген құралымдардың қызметін үйлестіру функциясы жүктелген органдарға" деген сөздер "төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "орталық және жергілікті атқарушы органның" деген сөздер " төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органның" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Суда құтқару қызметтерін төтенше жағдайларды жоюға тартуды - аумағында төтенше жағдайлар болған, құзыретіне көрсетілген төтенше жағдайларды жою басшыларының сұрауы негізінде, не көрсетілген органдар мен төтенше жағдайларды жою басшыларының келісімі бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың , астананың) жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.";

12) 29-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

40. "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 38 - қ ұ ж а т) :

1) мәтінде "уәкілетті мемлекеттік органдардың", "уәкілетті мемлекеттік органдармен", "уәкілетті мемлекеттік органды", "уәкілетті мемлекеттік органдар", " уәкілетті мемлекеттік органмен", "атом энергиясын пайдалану жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдар" деген сөздерді "атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдар", "атом энергиясын пайдалану саласындағы

мемлекеттік уәкілетті органды", "атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік уәкілетті органмен", "атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік уәкілетті органды", "атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган", "атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік уәкілетті органмен", "атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы үкіметтің құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды:

атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды мемлекеттік тұрғыдан реттеу, атом энергиясын пайдаланатын, қызметкерлер мен халыққа радиациялық әсері бар қызмет түрлерін қадағалау және лицензиялауды;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық сараптаманы; атом энергетикасы мен өнеркәсіпті басқаруды және дамытуды айқындайды";

3) 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті " ;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мыналарға м і н д е т т і : " ;

4) 9-баптың бірінші бөлігінде "(басшылары, басшыларының орынбасарлары)" деген сөздер алынып тасталсын ;

5) 18-баптың 3-тармағының жетінші абзацы алынып тасталсын.

41. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 431-кұжат; 1999 ж., N 23, 923-кұжат; 2001 ж., N 15-16, 228-кұжат; 2002 ж., N 6, 71-кұжат; 2003 ж., N 11 , 66 - құ ж а т) :

1) 4-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде "арнаулы уәкілетті орган немесе адам" деген сөздер "құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 9 7 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігінде "жергілікті бюджеттер" деген сөздер "бюджет" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (аудандық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары"

деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 109-баптың 2-тармағында "заңдарымен" деген сөз "Үкіметімен" деген сөзбен ауыстырылсын.

42. "Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 86-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2-баптармен толықтырылсын:

"3-1-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын орталық атқарушы органның құзыреті

Азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган:

1) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және қызмет көрсетуде азаматтардың құқықтарын кепілдендіруді қамтамасыз етеді;

2) халыққа психиатрлық жәрдем көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуді және қызмет көрсетуде азаматтардың құқықтарын кепілдендіруді халықаралық және салааралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) халыққа психиатрлық жәрдем көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуді және қызмет көрсетуде азаматтардың құқықтары саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының аумағында психиатр-дәрігерлердің кәсіби қызметіне , психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдарға бақылау жасауды жүзеге асырады ;

3-2-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) тиісті аумақта психиатриялық жәрдем көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру саласында халыққа психиатрлық жәрдем көрсету және қызмет көрсету кезінде азаматтардың құқықтарын кепілдендіру;

2) психиатриялық жәрдемді жүргізуді ұйымдастыру кезінде қатынастарды реттейтін , оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктерді белгілейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) тиісті аумақта психиатриялық жәрдем көрсететін мемлекеттік медицина ұйымдарын жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

4) тиісті аумақта психиатр-дәрігерлердің кәсіби қызметіне, психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдарға бақылау жасауды үйлестіреді және жүзеге асырады;

5) халыққа психиатриялық жәрдем көрсету және азаматтарға қызмет көрсету

кезінде құқықтарын кепілдендіру саласындағы өңіраралық өзара іс-қимылды және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.";

2) 1 6 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшада ", сондай-ақ ересектерге арналған кәсіптік қайта оқыту" деген сөздер алынып тасталсын;

4) және 5) тармақшалар алынып тасталсын;

4 - тармақ алынып тасталсын;

3) 18-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

4) 43 - баптың 1 - тармағында :

4) тармақшада "және өзге де" сөздер алынып тасталсын;

7) тармақшада "кезеңімен және" деген сөзден кейінгі "өзге де" деген сөз алынып тасталсын;

5) 44-баптың 2-тармақта "Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдары" деген сөздер "құзыреті шегінде азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтік білім беру саласына жетекшілік ететін орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

43. "Мемлекеттік статистика туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламенті Жаршысы 1997 ж., N 9 , 91-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; 2002 ж., N 1, 3-құжат; 2002 ж., N 17; 155-құжат):

1) 9-1-бабының екінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражат есебінен" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 10-баптың сегізінші және тоғызыншы абзацтары алынып тасталсын;

3) 14-бап алынып тасталсын.

44. "Азаматтық қорғаныс туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламенті Жаршысы, 1997 ж., N 9, 93-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат) :

1) 5 - б а п т а :

екінші бөлікте "орталық және" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Орталық атқарушы орган халықты, аумақтар мен шаруашылық жүргізуші объектілерді табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою жөніндегі күштер мен құралдар құруды, дайындауды және пайдалануға әзірлікте ұстауды қамтамасыз етеді, зардап шеккендерге көмек көрсетеді.";

2) 6-баптың 3-тармағының бірінші абзацы "басшылары" деген сөзден кейін "өз құзыреті шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 12-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғаныс күштері Азаматтық қорғаныстың әскер бөлімдерінен, аумақтық, объектілік құрамалар мен Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар қызметтерінің құрамаларынан, жедел-құтқару отрядтарынан, өртке қарсы мемлекеттік қызмет бөлімшелерінен тұрады.";

4) 14 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"республикалық", "қатынас қиын аудандарда, аса күрделі объектілерде" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлікте "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5) 16-баптың 1-тармағының үшінші абзацында "орталық және жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) орталық және жергілікті атқарушы органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-баптың 2-тармағында "облыстар" деген сөзден кейін "(республикалық маңызы бар қалалар, астана)" деген сөздермен толықтырылсын;

"қалалар, аудандар" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 22 - б а п т а :

тақырыпта ("Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.";

екінші бөлікте "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта "авариялық-құтқару" деген сөздер "суда құтқару" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 28 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қорғаныстың шараларын қаржыландыру бюджет қаражатының және ұйымдардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

9) 29-бап алынып тасталсын.

45. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік

жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 126 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-қ ұ ж а т) :

1) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

2) "1-1-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы органдар

1. Уәкілетті мемлекеттік орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган ;

2. Уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - осы Заң шарттарымен функцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға;

3. Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган - Орталықтың аумақтық бөлімшелері ;

4. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган-орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері. " ;

2) 2-бапта "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

3) 3-баптың 2, 3, 4, 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жәрдемақылар тағайындау туралы өтініш жәрдемақыға құқығы бар адамның тұрғылықты жері бойынша жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органға беріледі, оған тізбесін мемлекеттік уәкілетті орган бекітетін құжаттар қоса тіркеледі.

3. Азаматтарға жәрдемақы тағайындауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Жәрдемақылар тағайындауға арналған құжаттарды қарауды жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган құжаттар табыс етілген күннен бастап 10 күн мерзім ішінде жүзеге асырады .

Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган тиісті шешім шығарылғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей ол туралы өтініш берушіге хабарлайды.

Жәрдемақы тағайындаудан бас тартылған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бас тартылу себебін жазбаша уәждемелеуге және құжаттарды өтініш берушіге қайтаруға міндетті.

5. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін. " ;

4) 4 - б а п т а :

"халықты әлеуметтік қорғау органына" деген сөздер "жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жәрдемақының бір түрінен басқа түріне ауыстыру туралы өтініш беру, құжаттарды қарау, шешім қабылдау тәртібі, сондай-ақ осындай жәрдемақыны төлеу осы Заңның 3-тармағының 2, 3, 4, 5-тармақшаларына сәйкес жүргізіледі. " ;

5) 5-баптың 4-тармағында "халықты әлеуметтік қорғау органының" деген сөздер "жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 6-баптың 3-тармағында "тағайындайтын және төлейтін органның" деген сөздер "тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 8-баптың 3-тармағындағы "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" деген сөздер "Орталық" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 9-баптың екінші бөлігінде "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 10 - б а п т а :

1-тармақта "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен және тиісінше "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 12-баптың 5-тармағында, 16-бапта және 17-бапта "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан" деген сөздер "Орталықтан" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 20-баптың 1-тармағында "тиісті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөздермен ауыстырылсын.

46. "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 150-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 19-20, 147-құжат):

1) 5-баптың екінші және үшінші абзацтары алынып тасталсын;

2) 6 - б а п т а :

1-1 және 1-2-тармақтар алынып тасталсын;

2-тармақта "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бесінші, алтыншы абзацтар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын;

"шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік, салалық бағдарламалар аясында бұл қызметті қаржыландыру арқылы шағын кәсіпкерліктің

инфрақұрылымдарын қолдауды және дамытуды қамтамасыз етеді.";

2 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалардың бірінші абзацтарында "Жергілікті" деген сөздер "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшаның үшінші және бесінші абзацтары алынып тасталсын;

2) т а р м а қ ш а д а :

бірінші абзацта "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "оларды қаржымен қамтамасыз етуді" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"технопарктер торабын, лизингтік орталықтарды, шағын инновациялық қызметтің орталықтарын, еншілес фирмаларды және шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында құрылатын басқа да инфрақұрылым объектілерін құру бойынша іс-шаралар әзірлейді;" ;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне ғимараттар, құрылыстар, өндірістік үй-жайлар және коммуналдық меншіктегі өзге де мүліктерді жеңілдікпен беру арқылы шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымдарын қолдау мен дамытуды қамтамасыз етеді.";

3-тармақта "салалық" деген сөз алынып тасталсын;

4) 9 - б а п т а :

1, 2-тармақтар алынып тасталсын;

4-тармақта "олардың" деген сөздерден "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақта "бақылауды" деген сөзден кейін "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 12, 13 және 14-баптар алынып тасталсын;

6) 15-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары шағын кәсіпкерлікті дамыту, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін ұжымдық қорғау мақсатында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады."

47. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 20-тармақшасы алынып тасталсын;
2) 6-баптың 1-тармақшасында "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен" деген сөздер алынып тасталсын;
3) 18-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында "республикалық" деген сөз алынып т а с т а л с ы н ;

4) 64-баптың 1-тармағында "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

5) 6 5 - б а п т а :

1 және 2-тармақтарда "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

"Республикалық және жергілікті бюджеттер" және "тиісті бюджеттің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын, "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 67-баптың 1-тармағында "мемлекеттік бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

48. "Сот приставтары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 201-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат):

1) 11-бапта "республикалық" деген сөз алынып тасталсын.

49. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13 - 14 , 202 - құ ж а т) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"терминологиялық комиссия - экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласында ұсыныстар әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;

ономастикалық комиссия - географиялық объектілерге ат қоюдың және атауларын өзгертудің бірыңғай көзқарасын қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдануды және есепке алуды ретке келтіру, тарихи атауларды Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде қалпына келтіру, сақтау жөнінде ұсыныстар әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;

уәкілетті орган - тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты орталық атқарушы орган.";

2) 23-баптың төртінші бөлігінде "терминология, ономастика жөніндегі тиісті мемлекеттік" деген сөздер "терминологиялық және ономастикалық" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Уәкілетті органның құзыреті

У ә к і л е т т і о р г а н :

1) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) тілдерді қолдану және дамыту бағдарламасы мен өзге де нормативтік құқықтық а к т і л е р д і ә з і р л е й д і ;

3) орталық және облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарда тіл туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;

4) тіл туралы заңнама талаптарының бұзылуын жою туралы нұсқаулар береді, тиісті органдарға тіл туралы заңнаманың бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғаларға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

5) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

б) терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың қызметін үйлестіреді.";

4) мынадай мазмұндағы 25-1, 25-2 және 25-3-баптармен толықтырылсын:
"25-1-бап. Ономастикалық комиссияның құзыреті

1. Республикалық ономастикалық комиссияны Қазақстан Республикасының Үкіметі :

Қазақстан Республикасының Президентіне облыстарға, аудандар мен қалаларға ат қою және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытынды енгізу;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне оның құзыреті шеңберіндегі физико-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілерге ат қою және олардың атауларын өзгерту туралы қорытынды енгізу мақсатында құрады.

2. Облыстық ономастикалық комиссияларды облыстың жергілікті атқарушы органы :

ауылдық (селолық) округтерге, кенттерге, ауылдарға, селоларға ат қою және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту ;

облыстың жергілікті атқарушы органының құзыреті шеңберіндегі физико-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілерге ат қою және олардың атауларын өзгерту туралы қорытынды дайындау және енгізу мақсатында қ ұ р а д ы .

3. Қалалық ономастикалық комиссияларды:

1) қалалардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандарға, алаңдарға, даңғылдарға, бульварларға, көшелерге, қиылыстарға, парктерге, скверлерге, көпірлерге және қаланың басқа да құрамдас бөліктеріне ат қою және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту;

қалалардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы

органдарының құзыреті шеңберіндегі физико-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілерге ат қою және олардың атауларын өзгерту туралы қорытынды дайындау және енгізу мақсатында құрады;

2) облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандарға, алаңдарға, даңғылдарға, бульварларға, көшелерге, қиылыстарға, парктерге, скверлерге, көпірлерге және қаланың басқа да құрамдас бөліктеріне ат қою және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытынды дайындау және енгізу мақсатында құрады.

"25-2-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы:

1) тілдерді қолдану және дамытудың өңірлік бағдарламасын әзірлейді және бекітеді, оның орындалуын қамтамасыз етеді;

2) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың тіл туралы заңнаманы сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

3) тіл туралы заңнама талаптарының бұзылуын жою туралы нұсқаулар береді, тиісті органдарға тіл туралы заңнаманың бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғаларға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асырады;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ономастикалық комиссиясының қызметін қамтамасыз етеді.

"25-3-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) Тілдерді қолдану және дамытудың өңірлік бағдарламасын аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;

3) облыстық атқарушы органдарға ауылдық (селолық) округтерге, кенттерге, ауылдарға, селоларға ат қою және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныс енгізеді.";

5) 26-бап алынып тасталсын.

50. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-бап; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 48-құжат; N 12, 86-құжат):

1) 1-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздерден кейін "аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 8-баптың 5) тармақшасында "жекеше нотариустар лицензияларының Мемлекеттік тізілімін" деген сөздер "нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың Мемлекеттік тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

4) 23-баптың тақырыбында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 30-баптың 1-тармағында "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 3 1 - б а п т а :

1-тармақ "мемлекеттік нотариустың" деген сөздерден кейін "және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің лауазымды адамдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "нотариустың" деген сөздерден кейін "және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің лауазымды адамдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 3 2 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) нотариаттық іс-қимыл жасайтын аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің лауазымды адамдарын аттестациялау туралы ережені әзірлейді және бекітеді;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың бірыңғай Мемлекеттік тізілімі туралы ережені әзірлейді және бекітеді;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) нотариустардың қызметін лицензиялайды;"

мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16) тармақшалармен толықтырылсын :

"10) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың Мемлекеттік тізілімін жүргізеді және ведомстволық баспа басылымында лицензия берілген адамдар туралы мәліметтерді жариялайды ;

11) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның күшін тоқтату және тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ нотариустардың лицензияларын қайтарып алу туралы талап-арыздарға бастамашылық етеді;

12) мәмілелердегі және нотариустар куәландыратын құжаттардағы нотариаттық

іс-қимылдардың, нотариаттық куәліктер мен қаулылардың, куәландыратын жазулардың тіркелу тізілімдерінің нысанын бекітеді;

13) жекеше практикамен айналысатын нотариустардың аттестациядан өту тәртібін б е к і т е д і ;

14) Республикалық нотариаттық палатаның келісімі бойынша нотариустардың қызметін бақылау тәртібін бекітеді;

15) кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы е р е ж е н і бекітеді;

16) өз құзыреті шегінде нотариаттық қызметті осы Заңға сәйкес реттеуді жүзеге а с ы р а д ы . " ;

8) 33 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшада "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының" деген сөздермен толықтырылсын";

4) тармақшада "Мемлекеттік нотариустар" деген сөздерден кейін "және лауазымды тұлғалар, аудандық маңызы бар қалалардың әкімдер аппараттар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (мекендік) округтер," деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) халыққа мемлекеттік және жекеше нотариустар қызметінің аумағы туралы х а б а р л а й д ы ; " ;

мынадай мазмұндағы 10), 11) тармақшалармен толықтырылсын:

10) нотариаттық іс-қимыл жасауға уәкілетті жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарын аттестациялауды жүргізеді;

11) осы Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік нотариатты оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) нотариустың лицензия беру қызметі тоқтатылған жағдайда, тиісті нотариустық округте қызметі тоқтатылған нотариустың құжаттарын басқа нотариусқа немесе жекеше нотариаттық мұрағатқа беру, сондай-ақ лицензияны лицензия берушіге беру үшін алу және нотариустың жеке мөрін жою бойынша шаралар қабылдайды.";

9) 35-баптың тақырыбында және 1-тармақта "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппаратының" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

10) 46-баптың 1-тармағында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер " аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

51. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

1) бірінші бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Стратегиялық объект - іске асыру табиғи ресурстарды пайдалану, барлау, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану, аэроғарыш және әскери кешендердің республикалық маңызы бар инфрақұрылымы, байланыс, республикалық маңызы бар энергетика саласындағы қызметпен тікелей байланысты сараптама объекті.

Траншекаралық объект - іске асыру екі немесе одан да көп облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), және/немесе мемлекеттің шектес аумақтардың қоршаған ортасы мен адамдарының денсаулығына зиянды ықпал ететін немесе етуі мүмкін сараптама объекті;

Экологиялық қауіпті объект - іске асыру адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды ықпал ететін немесе етуі мүмкін сараптама объект;

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар - қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені.";

2) 7 - б а п т а :

екінші абзацта "және тактикалық" деген сөздер алынып тасталсын;

жетінші абзац алынып тасталсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"заңнамада белгіленген жағдайларда табиғи ресурстарды облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) үшін табиғат пайдалануға беру туралы қаулылар шығарады, шарттар (келісім-шарттар) жасайды;"

оныншы абзацта "сондай-ақ қоршаған ортаның ластану учаскелері мен көздерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

о н б е с і н ш і а б з а ц т а :

"бұл салада" деген сөздер "осы салалардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"арнаулы уәкілетті органдардың тізбесін" деген сөздер "арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдар туралы ережені" деген сөздермен ауыстырылсын;

о н с е г і з і н ш і а б з а ц м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібін белгілейді.";

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы және жиырмамыншы абзацтармен толықтырылсын:

"табиғат қорғауға жататын іс-шаралар тәртібін айқындайды;

облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін лимиттер мен квоталарды белгілейді." ;

3) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы:

қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқару міндеттерін жүзеге асыратын өзге де орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

өз құзыреті шегінде экологиялық нормативтер мен шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне, экологиялық аудиторлық қызметке, табиғат қорғауды жобалау мен нормалауға, экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарға лицензиялар береді, табиғат пайдалануға рұқсат береді, қоршаған ортаның ластанғаны үшін төлемнің есептік ставкаларын белгілейді;

облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) үшін қоршаған ортаның ластануына лимиттер мен квоталар әзірлейді;

қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингі бойынша жұмыс жүргізеді, сондай-ақ қоршаған орта мониторингі мен табиғи ресурстардың бірыңғай жүйесіне басшылық етеді, өндірістік мониторинг жүргізудің үлгілік тәртібін бекітеді;

трансшекаралық объектілер мен шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын объектілерде мемлекеттік экологиялық сараптама ұйымдастырады және жүргізеді;

жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің мемлекеттік кадастрын жүргізеді, Қызыл кітаптың шығарылуын қамтамасыз етеді;

қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық ынтымақтастыққа қатысады; мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады және өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану және қорғау саласындағы өндірістік бақылау туралы ережені келіседі;

өз аумақтық органдары арқылы су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғаудың жоспарларын келісуге, су объектілерінің мониторингін жүргізуге, өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, бассейндік келісім-шарттарды дайындауға және олардың жүзеге асырылуын бақылауға, су объектілерін пайдалану, молайту және қорғау жөніндегі мемлекеттік (өңірлік, бассейндік) бағдарлама үшін ережелерді әзірлеуге, сондай-ақ су ресурстарын басқарудың бассейндік қағидатын іске асыруға қатысады;

өз құзыреті шегінде жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті маңызы бар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың бағдарламалары және жоспарларымен келіседі;

табиғи ресурстарды және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланудың экологиялық талаптарын сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың тізбесін әзірлейді әрі бекітеді.";

4) 9-бапта "өзге де орталық атқарушы органдарының" деген сөздер "арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 1 0 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) өкілді және атқарушы органдардың құзыреті";

1 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) өкілді органдар:

;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тактикалық міндеттерін орындау үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

"бағдарламаларды" деген сөзден кейін "және іс-шаралар тізбесін" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші және алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

төртінші абзац "жергілікті атқарушы" деген сөздердің алдынан "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, " органдар мен ұйымдар" деген сөздер "органдары мен ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

"есептер негізінде" деген сөздер "есептерден төмен емес ставкаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"қоршаған ортаны ластауға (аудандар мен қалалар бөлігінде) лимиттерді айқындайды." ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Жергілікті" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады және мынадай мәселелер бойынша табиғат пайдалануды реттейді:

занды және жеке тұлғалардың табиғат пайдалану объектілерін салуды және қайта

жөндеуді қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы орындауы;
шағын өзендер мен су қоймаларын қорғау, олардың ластануын, тасқын сулардың, су басулардың, жағаның бұзылуы және судың басқа да әсерінің алдын-алу және жою жөніндегі іс-шараларды орындауы;

атмосфералық ауаның ластануын азайту мақсатында көлік ағындарын реттеу;
қалалар мен кенттер аумақтарының қоқыстануын бақылау;
жерді тозудан, шөлденуден, су және жел эрозиясынан, селден, батпақтанудан, қайталама орнығудан, құрғақтанудан, тығызданудан, өндіріс пен тұтынудың тұрмыстық және қауіпті қалдықтарымен ластанудан қорғау;

жерді өздігінен басып алу, ағаштарды заңсыз кесу жағдайларын анықтау;
орман және далалық өрттерден қорғау, орманның орта құрайтын және орта қорғайтын функцияларын сақтауды, сондай-ақ отырғызылымдарды, дәрілік, тамақ және техникалық шикізатты уақтылы қалпына келтіру жағдайын қамтамасыз ететін тәсілдермен және әдістермен жұмыс жүргізу;

шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезінде биологиялық әртүрлілік қатерінің алдын алу және оның теріс әсерін жою, қорғау және атмосфералық ауаны сауықтыру, жерлерді резервтеу үшін шаралар қабылдау.";

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен келісілген, қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану жөніндегі іс-шараларды көздейтін бағдарламалар мен өзге де құжаттарды әзірлеуді және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының бекітуіне ұсынуды ұйымдастырады." ;

алтыншы абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді қоспағанда, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шаруашылық қызметке мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастырады және өткізеді;

мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырады ;

қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар өткізеді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кәсіпорындардың табиғат пайдалануын басқаруды жүзеге асырады;

қоршаған ортаны ластауға квоталарды айқындайды (аудандар мен қалалар бөлігінде) . " ;

6) 14 - б а п т а :

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"беру туралы" деген сөздерден кейін "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдардың" деген сөз "

органдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

"немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

7) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қоршаған ортаны ластауға және табиғи ресурстарды алып қоюға лимиттер м е н к в о т а л а р

Қоршаған ортаны ластауға лимиттер мен квоталарды облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген лимиттер мен квоталар шегінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар айқындайды, табиғи ресурстарды алып қоюға - қолданылып жүрген нормативтерге және шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын талаптарға сәйкес осы ресурстарды пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

8) 17-бапта "ұлттық (мемлекеттік) бағдарламаларға сәйкес бюджет қаражаты есебінен" деген сөздер алынып тасталсын;

9) 20-баптың 1-тармағында:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған орта сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, орнын толтыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;"

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері жүзеге асырылған кезде қоршаған ортаға өндірістік мониторинг пен бақылау жүргізуге;"

10) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензиялануға тиісті қызмет түрлері

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында:

1) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері;

2) экологиялық аудиторлық қызмет;

3) экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалау, нормалау және жұмыстар міндетті түрде лицензиялануы тиіс.";

11) 22-баптың бірінші бөлігінде ", олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді" деген сөздер алынып тасталсын;

12) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган жүзеге асырады және онда:"

13) 25-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өндірістік мониторингтің деректері мен трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің қоршаған ортаға ықпал етуі туралы есептілік Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына, шаруашылық қызмет субъектілерінің ықпал етуі - жергілікті атқарушы органдарға

заңдарда белгіленген мерзімдерде беріліп отырады.";

4-тармақ "орталық атқарушы органға" деген сөздерден кейін "және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 26 - бапта :

сегізінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қоршаған ортаның ластануынан келген нұқсандарды экономикалық бағалау және өтеу." ;

15) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық бағдарламалар мен шараларды қаржыландыру :

бюджет қаражаты ;

экологиялық сақтандыру қаражаты;

табиғат пайдаланушылардың өз қаражаты;

заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмалдықтары есебінен жүргізіледі." ;

16) 29-баптың үшінші бөлігіндегі бірінші сөйлем алынып тасталсын;

17) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық жағынан ынталандыру қоршаған ортаны қорғауды тиімді жүзеге асыратын заңды тұлғаларға - табиғат пайдаланушыларға заңнамада көзделген жеңілдіктер мен преференциялар беру және ынталандыратын сипаттағы өзге де шаралар арқылы жүзеге асырылады.";

18) 51-баптың 3-тармағының 4) және 5) тармақшалары алынып тасталсын;

19) 54-баптың бірінші бөлігінде "қоршаған ортаны қорғау саласында арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның, оның жергілікті жерлердегі аумақтық бөлімшелерінің және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 58-баптың екінші бөлігінде "арнайы мемлекеттік уәкілетті органдардың" деген сөздер "орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 60-баптың 1-тармағы "көму" деген сөзден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдардың" деген сөз "органдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

22) 64-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік экологиялық сараптаманы экологиялық сараптама туралы заңнамада айқындалған құзырет шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүргізеді." ;

23) 67-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

24) 75-баптың екінші бөлігінде "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;
2 5) 7 7 - б а п т а :

1-тармақ "орган мен" деген сөздерден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының лауазымды адамдары өздері қызметкерлері болып табылатын органдардың құзыреті шегінде мыналарға құқылы:";

оныншы абзацта "залал" деген сөзден кейін ", оның ішінде құндық" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының лауазымды адамдарының өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерін барлық заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар орындауға міндетті, бағыныстылық ретімен немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

үшінші бөлігінде "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) мынадай мазмұндағы 77-1-баппен толықтырылсын:

"77-1-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар

1. Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға :

1) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік бақылау бөлімшесінің жетекшісі болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы;

2) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік бақылау бөлімшесі жетекшісінің орынбасарлары болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторының орынбасары;

3) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік бақылау бөлімшесі басқармалары мен бөлімдерінің бастығы және бастығының орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасының

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторлары;

4) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның мемлекеттік бақылау бөлімшесінің бас және жетекші мамандары болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары;

5) лауазымы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдары бастықтарының орынбасарлары болып табылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторлары;

6) лауазымы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдарының мемлекеттік бақылау бөлімдерінің бастықтары және бастығының орынбасарлары болып табылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторлары;

7) лауазымы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдарының мемлекеттік бақылау бөлімдерінің бас және жетекші мамандары болып табылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жатады.

2. Қазақстан Республикасының, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органдардың мемлекеттік бас инспекторларында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген бланктер бар.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторға, оның орынбасарына және аға инспекторлар мен мемлекеттік инспекторларға белгіленген тәртіппен мөр және куәлік беріледі.";

27) мынадай мазмұндағы 77-2-баппен толықтырылсын:

"77-2-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) лауазымды тұлғалары

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың лауазымды тұлғаларына жергілікті атқарушы органдардың тиісті бөлімшелерінің қызметкерлері жатады.";

28) 79-баптың бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органның" деген сөздерден кейін "немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 86-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлікте "белгіленген тәртіппен нұқсанды есептеудің бекітілген кесімді

бағасы мен әдістемесіне сәйкес, ал олар болмаған жағдайда келтірілген залалдарды ескере отырып, қоршаған ортаның бұзылған жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалған шығындар бойынша" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен қоршаған ортаның ластануынан нұқсанның белгіленген экономикалық бағасына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші бөлігінде "қоршаған ортаны қорғау қорларына" деген сөздер "бюджетке" деген сөзбен ауыстырылсын.

52. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 215-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; N 24, 338-қ ұ ж а т) :

1) 8 - б а п т а :

үшінші абзац алынып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін басқарады, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін олардың орындауын қ а м т а м а с ы з е т е д і ; " ;

о н үшінші абзац алынып тасталсын;

2) 1 1 - б а п т а :

тақырыбы "Жергілікті" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Жергілікті" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "ерекше" деген сөздің алдынан "жергілікті маңызы бар" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

үшінші абзац алынып тасталсын;

алтыншы абзац "жергілікті" деген сөздің алдынан "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдардың" деген сөз "органдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Жергілікті" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта "тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністер шегінде орналасқан" деген сөздер "жергілікті маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзац "ставкаларын" деген сөзден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдардың" деген сөз "органдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдер қабылдау

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешім қабылдау үшін табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерге мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы қажет.";

4) 35-баптың 2-тармағы "учаскелерін" деген сөзден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 37-баптың бірінші абзацында "уәкілетті" деген сөз "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 4 6 - 1 - б а п т а :

"қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

"негізінде" деген сөзден кейін "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 7 3 - б а п т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет қаражатының";

үшінші және төртінші абзацтар алынып тасталсын;

8) 74 және 75-баптар алынып тасталсын;

9) 8 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац "уәкілетті органдар" деген сөздерден кейін "өз құзыретінің шегінде," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "қоршаған" деген сөздің алдынан "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта "қоршаған ортаны қорғау туралы" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

53. "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 155-құжат):

1) 7-баптың 5) және 6) тармақшалары алынып тасталсын;

2) 8 - б а п т а :

тақырып және бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы өкілеттігі

"Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары атынан бірінші басшылар заңда белгіленген құзыреті шегінде:";

3) 9 - б а п т а :

тақырыпта "Қазақстан Республикасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасындағы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:";

9-баптың 2-тармағының бірінші абзацында "Жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздер ауыстырылсын;

9-баптың 3-тармағының бірінші абзацында "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-бапта "орталық және жергілікті атқарушы органдар", "Орталық және жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары", "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) орталық және жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 1 5 - б а п т а :

1-тармақта "республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттерден бөлінген қаржылар" деген сөздер "бюджеттік қаражаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтар алынып тасталсын;

6) 1 7 - б а п т а :

1-тармақта "орталық және жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "орталық және жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 18-бапта 4-тармақта "орталық және жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

54. "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21,

276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 21-22, 281-құжат):

- 1) 20-бап алынып тасталсын;
- 2) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"22-бап. Сот сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру

Сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізуді қаржыландыру қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша қылмыстық іс жүргізу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаларда көзделген жағдайларды қоспағанда бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сот сараптамасы органдарында сот сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру азаматтық істер бойынша - азаматтық-іс жүргізу заңдарында көзделген, соттың дәлелденген анықтамасымен расталған негіздер болған жағдайларды қоспағанда тараптар есебінен жүзеге асырылады.

Шығыстардың орнын толтыру бөлігінде сот сараптамасы алған, азаматтық істер бойынша сараптамаларды және мамандандырылған зерттеулер жүргізу кезінде, сондай-ақ білім және ғылым саласында уәкілетті органмен бекітілетін бағдарламаларға енбейтін ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу кезінде сот сараптамасы органы келтірген сомалар сот сараптамасы органдарының есеп шотына кәсіби дайындыққа және сот сараптамаларының біліктілігін арттыруға, сондай-ақ сот-сараптама қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруге аударылады." ;

- 3) 23-бап алынып тасталсын;
- 4) 24-баптың 3-тармағы алынып тасталсын.

55. "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 22, 328-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; 2003 ж., N 11, 65-құжат):

- 1) 5-баптың 2-тармағында "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;
- 2) 9-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде "Адвокаттар лицензияларының мемлекеттік тізілімі" деген сөздер "Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімі" деген сөздермен ауыстырылсын.

56. "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 204-I Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат; 2001 ж., N 8, 50-құжат; N 21-22, 285-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 6, 76-құжат):

- 1) 29-бап алынып тасталсын;
- 2) мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен және 29-2, 29-3 және 29-4-баптармен толықтырылсын:

"4-1-тарау. Оралмандарға берілетін жеңілдіктер, өтемақылар және басқа да атаулы көмек түрлері

29-2-бап. Орталық мемлекеттік басқару органдары

Халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін орталық мемлекеттік органдар:

1) Халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының заңдарына немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес зейнетақы төлеуді;

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты жәрдемақы төлеуді;

"Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеуді; азаматтығы қалпына келтірілгендердің "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген құқықтарын іске асыруды;

2) Білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган: орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде оқуға түсу үшін квота бөлуді;

3) Сыртқы істер министрлігі: Қазақстан Республикасына келуге виза беру үшін консулдық алымдардан босатуды;

4) Қорғаныс министрлігі:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қарулы күштер қатарында қызмет атқаруға шақыруды кейінге қалдыруды қамтамасыз етеді.

29-3-бап. Жергілікті атқарушы органдар

1. Халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жергілікті атқарушы органдар:

1) Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін тегін алуды;

2) Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы: "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді; жұмысқа орналасуға біліктілігін көтеруге және жаңа кәсіпті игеруге көмек көрсетуді;

мұқтаждарға мектептерден, мектепке дейінгі ұйымдардан, сондай-ақ әлеуметтік қорғау мекемелерінен орын беруді;

мемлекеттік тілді және орыс тілін оқып үйренуге жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

3. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары Қазақстан Республикасына оралмандардың көшіп келу квотасынан тыс қоныс аударғандар оралмандарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеңілдіктер мен өтемдер белгілей алады.

4. Оралмандарға өзіндік қосалқы шаруашылық, бағбаншылық, және саяжай құрылысын жүргізу үшін жер участкелерін беру ауылдық елді мекендердің жерінен, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерден, иммиграциялық жер қорының, арнайы қорының жерінен және босалқы жерден уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен жер заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

29-4-бап. Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға қосымша жеңілдіктер

Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға жоғарыда тізіп көрсетілген жеңілдіктер мен өтемдерден басқа, мемлекет:

1) Кедендік бақылау жөніндегі уәкілетті орган:

шекара арқылы кедендік төлемдер мен салықтар алмай өткізуді;

2) Көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:

тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарының орнын толтыруды;

барған жері бойынша тұрғын үй алу үшін қаражат бөлуді және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен біржолғы жәрдемақы төлеуді қамтамасыз етеді."

57."Энергияны үнемдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 343 - қ ұ ж а т) :

1) 6-баптың үшінші, төртінші, жетінші және тоғызыншы абзацтары алынып т а с т а л с ы н ;

2) 7 - б а п т а :

үшінші абзацта "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын;

"энергия үнемдеу бағдарламаларын әзірлейді.";

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"энергия үнемдеудің және қайта жаңартылатын энергетикалық ресурстарды пайдалануды ынталандырудың нормативтік-әдістемелік, құқықтық және экономикалық т е т і к т е р і н әзірлейді ;

энергия үнемдеу саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады.";

3) 8 - б а п т а :

тақырыбы және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) энергия үнемдеу саласындағы өкілдік және атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілдік органдары:

әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде энергия үнемдеу бағдарламаларын бекітеді; облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары басшыларының энергия үнемдеу бағдарламаларының орындалуы туралы есебін қарайды.

2 - тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) энергия үнемдеу саласындағы атқарушы органдары:";

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

энергия үнемдеудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді.";

төртінші абзац алынып тасталсын;

4) 9-бапта "мемлекеттік" деген сөз "заңнамалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 13-бапта "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

6) 18-бап алынып тасталсын.

58. "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж. , N 5 - 6 , 48 - қ ұ ж а т) :

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулардың тізбесін және себептік байланысын белгілеу тәртібін анықтайды." ;

2) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Мемлекеттік органдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өкілеттігіне мыналар жатады:

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ;

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормалар мен ережелерді әзірлеу және бекіту, олардың сақталуына бақылау жасау;

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру ;

иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу саласындағы лицензиялануға тиіс қызмет түрлерін белгілеу ;

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде халықтың сәуле алу мөлшерін бақылау мен есепке алу саласында мемлекеттік басқарудың бірыңғай жүйесін жасау және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

ядролық материалдардың және басқа да иондаушы сәулелендіру көздерінің экспортын, импортын, орын ауыстыруын, транзитін және орналастырылуын жүзеге асыруды бақылау;

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында халықаралық ынтымақтастықты және халықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелерді орындауды жүзеге асыру.

Санитарлық қадағалау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өкілеттігіне мыналар жатады:

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ иондаушы сәулелендіру көздерінен зардап шеккен халықты медициналық сауықтыру саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

радиациялық авариялар салдарынан радиоактивті ластануға ұшыраған аумақтарда тіршілік ету жағдайлары мен оларда тұрудың ерекше режимдерін регламенттеу;

радиациялық авариялар нәтижелерінде сәулеленуге ұшыраған халыққа көмек көрсетуіне бақылау жасау.";

3) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өндірістік бақылауды орындау тәртібі әрбір ұйым үшін ол атқаратын жұмыстардың ерекшеліктері мен жағдайлары ескеріле отырып белгіленеді, санитарлық қадағалау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісіледі және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бекітіледі.";

4) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Радиациялық қауіпсіздіктің жай-күйін бағалауға қойылатын талаптар

1. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жоспарлау және шешімдер қабылдау, мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ қызметін иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалана отырып жүзеге асыратын ұйымдардың аталған шешімдердің тиімділігіне талдау жасауы кезінде белгіленген тәртіптер мен гигиеналық нормативтерді сақтау мақсатында радиациялық қауіпсіздікке баға беру жүргізіледі.

2. Радиациялық қауіпсіздікті бағалауды санитарлық қадағалау, қоршаған ортаны қорғау және атом энергиясын пайдалану салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдар :

қоршаған ортаның радиоактивті ластану сипаттамасы;

радиациялық қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралардың қамтамасыз етілуіне және радиациялық қауіпсіздік саласындағы нормалардың, ережелер мен гигиеналық нормативтердің орындалуына талдау жасау;

радиациялық авариялардың ықтималдылығы мен олардың ауқымы;

радиациялық авариялар мен олардың зардаптарын пәрменді түрде жоюға әзірлік дәрежесі ;

халықтың жекелеген топтарының барлық иондаушы сәулелендіру көздерінен алатын сәулелену мөлшеріне талдау жасау;
сәулелену мөлшерінің белгіленген шегінен асып түсетін мөлшерде сәуле алған адамдар санының негізінде жүзеге асырады.

3. Радиациялық қауіпсіздікке баға беру нәтижелерін атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган талдайды және бекітеді.";

5) 16-баптың төртінші абзацында "жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-баптың екінші абзацында "жергілікті мемлекеттік басқару" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын.

59. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 7-8, 79-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228, 229-құжаттар ; 2002 ж., N 6, 75 - құжат) :

1) 3 - б а п т а :

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының астанасын басқару схемасын жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымымен сәйкес бекітеді;" ;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "атқарушы органдары" деген сөздер "атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1) тармақшада "заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге" деген сөздер "жер туралы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) тармақшада "Үкіметі бекіткен тәртіпке" деген сөздер "жер туралы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8) тармақша алынып тасталсын.

60. "Жосықсыз бәсеке туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 9-10; 84-құжат; N 21, 397-құжат) :

1) 1-баптың сегізінші абзацында "уәкілетті орган" деген сөздер "монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органның құзыреті " ;

1 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган:

1) шекарасы бір облыстан асатын (республикалық маңызы бар қалалар, астана) белгілі бір тауар рыноктарындағы жосықсыз бәсеке туралы істерді заңнамаларда көзделген тәртіппен қарауға және әкімшілік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдауға кінәлі адамдарға бәсекені шектейтін немесе жоятын іс әрекеттерді тоқтату туралы орындалуы міндетті нұсқамалар жіберуге;

2) жосықсыз бәсекені тоқтату және оның зардаптарын жою туралы, сондай-ақ жосықсыз бәсеке нәтижесінде алынған табысты республикалық бюджетке аудару туралы рынок субъектілерінің орындауы міндетті шешімдер қабылдауға;

3) заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың лауазымды адамдарынан жосықсыз бәсеке фактілерін қарауға қажетті ақпарат, оның ішінде жазбаша және ауызша түсініктемелер с ұ р а т у ғ а ж ә н е а л у ғ а ;

4) мемлекеттік органдарға бәсекені шектейтін немесе жоятын заңсыз актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

5) жосықсыз бәсекенің жолын кесу және оның зардаптарын жою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезінде алынған табысты республикалық бюджетке алып қою туралы жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезінде заңды тұлғаға немесе жеке кәсіпкерге, сондай-ақ тұтынушыларға келтірілген зиянды өндіріп алу туралы, өнімді контрафактілік деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге;

6) құқық қорғау органдарына жосықсыз бәсеке фактілері жөнінде қылмыстық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы материалдарды жіберуге;

7) монополияға қарсы саясат саласындағы облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органнан қажетті ақпаратты сұратуға және оның ұсынылатын мерзімін белгілеуге құқылы.";

3) мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1-бап. Монополияға қарсы саясат саласындағы облыстық (атқарушы органның қ ұ з і р е т і

Облыстық (республикалық деңгейдегі қалалар, астана) атқарушы орган мыналарға қ ұ қ ы л ы :

1) шекарасы бір облыстан аспайтын (республикалық маңызы бар қалалар, астана) белгілі бір тауар рыноктарындағы жосықсыз бәсеке туралы істерді заңнамаларда көзделген тәртіппен қарауға және өз құзыреті шегінде әкімшілік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдауға, кінәлі адамдарға бәсекені шектейтін немесе жоятын іс әрекеттерді тоқтату туралы орындалуы міндетті нұсқамалар жіберуге;

2) жосықсыз бәсекені тоқтату және оның зардаптарын жою туралы, сондай-ақ жосықсыз бәсеке нәтижесінде алынған табысты жергілікті бюджетке аудару туралы рынок субъектілерінің орындауы міндетті шешімдер қабылдауға;

3) заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың лауазымды адамдарынан жосықсыз бәсеке фактілерін қарауға қажетті ақпарат, оның ішінде жазбаша және ауызша түсініктемелер с ұ р а т у ғ а ж ә н е а л у ғ а ;

4) мемлекеттік органдарға бәсекені шектейтін немесе жоятын заңсыз актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

5) жосықсыз бәсекенің жолын кесу және оның зардаптарын жою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезінде алынған табысты жергілікті бюджетке алып қою туралы, жосықсыз бәсекені жүзеге асыру кезінде заңды тұлғаға немесе жеке кәсіпкерге, сондай-ақ тұтынушыларға келтірілген зиянды өндіріп алу туралы, өнімді контрафактілік деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге;

6) құқық қорғау органдарына жосықсыз бәсеке фактілері жөнінде қылмыстық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы материалдарды жіберуге құқылы."

61. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1998 ж., N 11-12, 173-құжат; 2000 ж., N 5, 115-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "салық" деген сөз "қаржы" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 14-бапта "Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың", "Жергілікті өкілді және атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының", "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 25-бапта "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

62. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 308-құжат; N 24, 443-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173, 176-құжаттар; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

1) 3-баптың 9) тармақшасы алынып тасталсын;
2) 4 - б а п т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

5), 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбеге сәйкес қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

6) Алматы қаласын дамытудың Бас жоспарын іске асыруды және оның мониторингін қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Жергілікті мемлекеттік басқару типтік құрылымына сәйкес Алматы қаласын

басқару схемасын бекітеді";

3) 5, 6-баптар алынып тасталсын.

63. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат):

1) 3 - б а п т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) уәкілетті орган - белгіленген құзырет шегінде табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) атқарушы орган;"

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"8-1) табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі - республикалық және жергілікті бөлімдерден құралған табиғи монополиялар субъектілерінің атаулы тізбесі";

2) 4 - б а п т а :

3-тармақта "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 12, 13, 14 және 14-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Уәкілетті орган

1. Табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның ережесін, құрылымы мен жалпы штат санын Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

13-бап. Уәкілетті органның функциялары

1. Табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган мынадай міндеттерді атқарады:

1) екі немесе одан да көп облыс аумағындағы іс-әрекетті жүзеге асыратын, не қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) соңғы тұтынушылардың кем дегенде 25 пайызы табиғи монополия субъектілері орналасқан облыстан тыс жерде орналасса (тұрса), табиғи монополиялар субъектілерін реттеуді және бақылауды жүзеге асырады;

2) табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөлімін құрады және жүргізеді;

3) мемлекеттік орган және табиғи монополиялар субъектілері орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) табиғи монополия аясында тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) белгілеудің кемсітпейтін әдістемелерін әзірлейді, бекітеді және қолданады;

5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнаманы қолдану практикасын жинақтайды, соның негізінде әдістемелік ұсыныстар шығарады.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы мынадай қызметтерді атқарады:

1) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделгеннен тыс табиғи монополиялар субъектілерін реттеу мен бақылауды жүзеге асырады;

2) табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімін құрады және жүргізеді;

3) табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және оны реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік атқарушы органға жыл сайын табиғи монополия саласында бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган бекіткен, нысаны бойынша табиғи монополия субъектілерін мемлекеттік тіркеудің жергілікті бөліміне жатқызылатын табиғи монополия субъектілерінің қызметі туралы есепті жібереді.

14-бап. Уәкілетті органның құқықтары

1. Табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган мыналарға:

1) табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылармен жасасатын үлгі шарттарын әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту үшін ұсынуга;

2) табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті жүзеге асыратын субъектілерді табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне кіргізу туралы не одан шығару туралы шешімдер қабылдауға;

3) осы Заңға және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін шешімдер қабылдауға;

4) өз құзыреті шегінде табиғи монополиялар аясында осы Заңды бұзу фактілері бойынша жолсыздықтарды тыю мен олардың салдарларын жою туралы шешімдер қабылдауға;

5) табиғи монополия субъектілеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда табиғи монополия субъектілерінің көрсететін қызметтеріне тұтынушылармен шарттар жасасу туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізуге;

6) табиғи монополия субъектісіне технологиялық байланысты, табиғи монополиялар болып табылмайтын өндірістерді иеліктен айыру туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

7) осы Заң бұзылған жағдайларда сотқа жүгінуге;

8) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

9) өз бастамасымен, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары мен өздерінің қолында бар өзге де материалдардың негізінде, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың, азаматтардың, мүдделі адамдардың жазбаша арыздары мен хабарларының және табиғи монополия субъектілері өтініштерінің негізінде Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңды тұрғысынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

10) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгертуге бастамашылық жасауға;

11) табиғи монополия субъектісі жүргізетін сатып алуларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыруға;

12) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын бақылауды жүзеге асыруға;

13) табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданылу мерзімдерін кемінде алты айға белгілеуге;

14) табиғи монополиялар туралы заңнаманың мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге құқылы.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы мыналарға:

1) табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті жүзеге асыратын субъектілерді табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне кіргізу туралы не одан шығару туралы шешімдер қабылдауға;

2) осы Заңға және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін шешімдер қабылдауға;

3) өз құзыреті шегінде табиғи монополиялар аясында осы Заңды бұзу фактілері бойынша жолсыздықтарды тыю мен олардың салдарларын жою туралы шешімдер қабылдауға;

4) табиғи монополия субъектілеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, табиғи монополия субъектілерінің көрсететін қызметтеріне тұтынушылармен шарттар жасасу туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізуге;

5) табиғи монополия субъектісіне технологиялық байланысты, табиғи монополиялар болып табылмайтын өндірістерді иеліктен айыру туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

6) осы Заң бұзылған жағдайларда сотқа жүгінуге;

7) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды

адамдарынан өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

8) өз бастамасымен, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары мен өздерінің қолында бар өзге де материалдардың негізінде, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың, азаматтардың, мүдделі адамдардың жазбаша арызы мен хабарларының және табиғи монополия субъектілері өтініштерінің негізінде Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңды тұрғысынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

9) табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгертуге бастамашылық жасауға;

10) табиғи монополия субъектісі жүргізетін сатып алуларға Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыруға;

11) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын бақылауды жүзеге асыруға;

12) табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданылу мерзімдерін кемінде алты айға белгілеуге құқылы.

3. Уәкілетті орган мемлекеттік, коммерциялық және қызметтік құпия болып табылатын мәліметтердің жария етілгені үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауап береді.

14-1-бап. Уәкілетті органның міндеттері

1. Табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган мыналарға:

1) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) заңсыз арттыру және (немесе) іс жүзінде орындалмаған жұмыстардың құнын тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізу арқылы келтірген шығындарды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдауға;

2) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуын жазбаша негіздеуге;

3) тұтынушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтері барынан басқа, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдермен таныстыруға;

4) табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгертуге өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдауды өткізуге;

5) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) уақытша төмендету коэффициентінің жобаларын берудің тәртібін белгілеуге міндетті.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органы мыналарға:

1) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) заңсыз арттыруы және (немесе) іс жүзінде орындалмаған жұмыстардың құнын тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізуі арқылы келтірген шығындарды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдауға;

2) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуын жазбаша негіздеуге;

3) тұтынушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтері барынан басқа, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдермен таныстыруға;

4) табиғи монополия субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгертуге өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдауды өткізуге;

5) табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның талабы бойынша олар белгілеген мерзімде қажетті а қ п а т т ы ұ с ы н у ғ а ;

6) табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган бекіткен табиғи монополия аясында тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) белгілеудің кемсітпейтін әдістемелерін қолдануға міндетті.";

4) 15-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 18 - 1 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігінде "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігінде "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 18-4-бабының 5-тармағында "уәкілетті орган" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

64. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 220-құжат; 2001 ж., N 23, 318-құжат):

1) 10-баптың 8), 13) тармақшалары алынып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдардың құзыреті:

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

- 1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту және сақтау бойынша облыстық (өңірлік) бағдарламаларды әзірлеу;
- 2) субсидиялау жолымен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуда жәрдемдесу:

асыл тұқымды малдар сатып алуға алынған кредиттердің сыйақы ставкалары; құрылып жатқан асыл тұқымды орталықтарда асыл тұқымды өнімдерді (заттарды) сақтау және асыл тұқымды өндірушілерді ұстауға және сатып алуға арналған шығындар;

малдарды қолдан тұқымдандыру пункттері мен дистрибьютерлік орталықтар үшін криогенді жабдықтарды сатып алуды қамтамасыз етеді.";

- 3) 11-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы алынып тасталсын;
- 4) 15 - бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде, 2 және 4-тармақтарда "мемлекеттік бюджет қаражаты" деген сөздер "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - тармақ алынып тасталсын;

5) 22-баптың үшінші бөлігі "субъектілер" деген сөзден кейін "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын.

65. "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 221-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2002 ж., N 10, 106 - құжат):

- 1) 5 - баптың 3 - тармағында:

2) тармақшада "әзірлейді" деген сөзден кейін "және көрсетілген салада нормативтік құқықтық актілерді бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшада "уәкілетті және өзге де органдармен бірлесе отырып" деген сөздер алынып тасталсын;

- 14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызметтер түрлерінен басқа есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызмет түрлерінің лицензиялауын жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 15), 16), 17), 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"15) олардың қызметтерінің біліктілік талаптарына және есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуі мәнінде заңды тұлғаларды тексеруді жүзеге асырады;

16) өз құзыреті шегінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласына келіп түскен техникалық көмектер мен инвестициялардың мақсатты пайдаланылуы үшін және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды бақылауды жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасындағы нашақорлық ахуалдың даму жағдайы мен үрдістерін талдауды, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру барысы туралы ақпараттық-талдау материалдарын дайындауды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында анықталған кемшіліктерді жою туралы мәлімдеме береді. "

2) 6-баптың 9) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 15-баптың 3-тармағында "тиісті уәкілетті орталық атқарушы органдары" деген сөздер "азаматтардың денсаулығын қорғау медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы басшылықты жүзеге асырушы орталық атқарушы органның және ветеринария саласындағы уәкілетті органның келісімімен есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 16-баптың 4-тармағында "белгіленген тәртіпке сай, Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті орталық атқарушы органдары" деген сөздер "азаматтардың денсаулығын қорғау, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы басшылықты жүзеге асырушы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын, " олардың арасындағы келісу бойынша" деген сөздері алынып тасталсын;

5) 17-баптың 2-тармағында "уәкілетті органдары" деген сөздер "ветеринария саласындағы орталық уәкілетті органмен келісу бойынша есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 37-баптың қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді.

66. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23, 430-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

1) мәтінде "Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері мен консулдық мекемелері", "Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері мен консулдық мекемелерінде", "Қазақстан Республикасының елшіліктері мен консулдық мекемелері", "Қазақстан Республикасының елшіліктері мен консулдық мекемелерінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері", "Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 74 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігінде "жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген

сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақта "жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) 78-баптың 2-тармағында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) атқарушы органдар" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) 106-баптың 1-тармағында "Жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) 163-бапта "органдарда" деген сөз кейін ", ал мұндай органдар жоқ жерлерде - аудандық маңызы бар қалада кент (село), ауылдық (селолық) округте - әкім аппаратында" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 164-бап "бөлімдер" деген сөзден кейін ", ал мұндай органдар жоқ жерлерде - аудандық маңызы бар қалада, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округте - әкім аппаратында" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 175-баптың екінші сөйлемінде "жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8) 182-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде "жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздер "аудандық маңызы бар қалада, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округте - әкім аппаратында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 209-баптың 3-тармағында "жеріндегі" деген сөзден кейін "аудандық (қалалық)" деген сөздермен толықтырылсын.

67. "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1998 ж., N 24, 435-құжат; 2001ж., N 21-22, 286-құжат; 2003 ж., N 10, 53-қ ұ ж а т) :

1) 1 - б а п т а :

10) тармақша алынып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) орталық уәкілетті орган - мұрағаттар мен құжаттаманы басқарудың мемлекеттік органы " ;

2) 5-баптың 2-тармақтың 1) тармақшасындағы "арнайы экономикалық аймақ әкімшілік кеңестерінің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) орталық өкілді және жергілікті атқарушы органдары сараптау-тексеру комиссиясын құрады және олар туралы е р е ж е б е к і т е д і . " ;

3-тармақтың бірінші абзацында "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден

кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын;

4-тармақта "уәкілетті органның" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7 - б а п т а :

2-тармақтың 2) тармақшасында "облыстық" деген сөзден кейін "(республикалық маңызы бар қалалар, астана)" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "Уәкілетті органдарға" деген сөздер "Орталық уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта "меншік иесінің" деген сөздерден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын;

5) 8-баптың 4-тармағында "шешімді," деген сөзден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын;

6) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар құжаттардың құрамы туралы мәліметтер есебін орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізеді және ол мәліметтерді жергілікті уәкілетті органға беріп отырады.";

7) 10-баптың 1 және 2-тармақтарында "уәкілетті" деген сөз "Орталық уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 1 1 - б а п т а :

2-тармақта "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "меншік иелері мен" деген сөздерден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын;

6-тармақта "Республикасының" деген сөзден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын;

9) 1 3 - б а п т а :

1-1-тармақта "Республикасының" деген сөзден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақта "Қазақстан Республикасы" деген сөзден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын, "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

10) 14-баптың 1 және 2-тармақтарында "уәкілетті" деген сөз "орталық" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 17-бапта 1-тармағында "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

1 2) 1 8 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"Орталық" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын;
"Мұрағат" деген сөз "орталық уәкілетті орган жүзеге асыратын мұрағат" деген

сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) тармақша "тарихи" деген сөздің алдынан "республиканың меншігіне жататын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорын, оның ішінде электрондық құжаттарды да толықтыру, сақтау, есепке алу, пайдаланудың бірыңғай ережелері мен нормаларын белгілеу;

13) мұрағат ісін басқару органдарының қызметін әдістемелік басқару және үйлестіру;

14) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда іс жүргізу және құжаттарды ведомстволық сақтауды ұйымдастыру мәселелеріне салааралық ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау;

15) шетел азаматтары мен ұйымдарының сұранысы бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын мұрағаттық анықтама мен мұрағат құжаттарының көшірмелерін апостильдеу;

16) автоматтандырылған мұрағаттық технологияны әзірлеу және ендіруді ұйымдастыру." ;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Жергілікті уәкілетті орган жүзеге асыратын мұрағат ісін мемлекеттік реттеу мәселелеріне мыналар жатады:

1) облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың аумағында мұрағат ісі және құжат жасауда бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) коммуналдық меншіктегі Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтау, толықтыру және пайдалануды ұйымдастыру;

3) коммуналдық меншіктегі Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алу, құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуді жүргізу;

4) коммуналдық меншіктегі тарихымыз бен мәдениетіміздің құжаттық ескерткіштерін қорғау және оларды сақтау, пайдалану;

5) облыстарда, республикалық маңызы бар қалалар мен астана аумағында мұрағат ісін дамыту және құжаттама жүргізудің аймақтық мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру ;

б) құжаттарды ғылыми және практикалық сараптауды ұйымдастыру;

7) коммуналдық меншіктегі Ұлттық мұрағат қорының құжаттары бойынша мәліметтер базасын қалыптастыру;

8) құжат жасау мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау және облыстарда республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы мемлекеттік ұйымдарда құжаттарды ведомстволық сақтаудың жай-күйіне бақылау жүргізу ;

9) жеке және заңды тұлғалардың сұраныстарын орындауды ұйымдастыру.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мұрағат ісін мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының орталық уәкілетті органы мен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.";

2-тармақта "мәселелері жөніндегі" деген сөздерден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

14) 20-баптың 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының орталық уәкілетті органы, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органды);";

"жергілікті уәкілетті органдарды" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 22-баптың 1-тармағында "Қаржы полициясы агенттігіне" деген сөздер "Экономикалық және жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігіне (қаржы полициясы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 26-баптың 2-тармағында "Республикасының" деген сөзден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын.

68. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 448-құжат):

1) 28-баптың 8) тармақшасы алынып тасталсын;

1) 29-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алынып тасталсын.

69. "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-құжат; N 23, 931-құжат; 2002 ж., N 4, 30-құжат; 2003 ж., N 15, 121-құжат):

1) мәтінде "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - тармақта :

4) және 11) тармақшалар алынып тасталсын;

5) тармақшада :

"сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын;

", сондай-ақ карантиндік объектілерден бос немесе олар аз таралған аймақтарды" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 8-баптың 1-1) тармақшасы ", сондай-ақ ғылыми негіздеме жеткіліксіз болған жағдайда тиісті халықаралық ұйымдардан алынған ақпаратты және басқа елдер қабылдап жатқан фитосанитариялық шаралар туралы ақпаратты қоса алғанда, қолда бар ақпарат негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8 - 1 - б а п т а :

2-тармақ "және бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын пестицидтер (улы химикаттар) көлемінен қалыптасады" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - тармақ алынып тасталсын ;

5) 9 - 1 - б а п т а :

1 - тармақ алынып тасталсын ;

2-тармақтың 2) тармақшасында "және қамтамасыз етеді" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

6) 1 1 - б а п т а :

1-тармақта "міндетті түрде мемлекеттік сақтандырылуға тиіс, олар" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2 - тармақ алынып тасталсын ;

7) 14-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) облыс, аудан аумағында - облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, а с т а н а н ы ң) а т қ а р у ш ы о р г а н";

8) 5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру";

9) 17-бап алынып тасталсын ;

10) 18-баптың тақырыбында және 1-тармағында "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын.

70. "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 6, 190-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 16, 147-құжат):

1) 8 - б а п т а :

тақырыбында және 1-тармақта "Ішкі істер" деген сөздер "Әділет" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармағында "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

2) 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"жергілікті бюджеттер қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақта "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

3) 11-баптың 2-тармағында "капитандары," деген сөзден кейін "түзеу мекемелерінің" деген сөздермен толықтырылсын ;

4) 12-баптың 2-тармағында "прокурордың" деген сөзден кейін ", судьяның" деген сөзбен толықтырылсын;

5) 15-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 19) және 20) тармақшалармен толықтырылсын:

"19) сезіктілер мен айыпталушыларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану ;

20) сезіктілер мен айыпталушыларды күзеттен босату".

71. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат):

- 1) 2-баптың 2-тармағының қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;
- 2) 4-баптың 4-тармағы алынып тасталсын;
- 3) 6-баптың 3-тармағы алынып тасталсын;
- 4) 9-баптың 6, 6-1-тармақтары алынып тасталсын;
- 5) 12-баптың 3, 9-тармақтары алынып тасталсын;
- 6) 16-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;
- 7) 17-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын;

8) 27-баптың 2-тармағында "мемлекет бюджет" деген сөз "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 9) 28-бап алынып тасталсын;
- 10) 29-бапта:

3) тармақшада "республикалық бюджеттен қаражат алатын" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4-1) - 4-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) мемлекеттік білім беру гранты мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттер туралы ережелерді бекітеді;

4-2) білім берудің жалпы міндетті мемлекеттік стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібін және оның қолданылу мерзімдерін белгілейді;

4-3) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялау ережелерін бекітеді;

4-4) біліктілік талаптарын және білім беру қызметін лицензиялау тәртібін бекітеді;

4-5) мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды берудің тәртібін белгілейді;

4-6) халықтың тығыздығына және елді-мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативін бекітеді;

4-7) мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің типтік штаттарын, сондай-ақ Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін белгілейді;

4-8) жеке тұлғаның тәрбиесіне, білім алуына және кәсіби қалыптасуына аса зор үлес

қосқан мемлекеттік білім беру ұйымдарына айрықша мәртебе беру туралы шешім қабылдайды және Қазақстан Республикасының Президентіне жекелеген мемлекеттік білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы ұсыным енгізеді;"

5) тармақшада "республикалық бюджеттен қаражат алатын" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 3 0 - б а п т а :

1)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) білім беру саласындағы азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды, олардың білім беру саласындағы мемлекет кепілдендірген әлеуметтік игіліктер минимумын алуын қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады, білім беру саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

1-2) ұсынылатын білім беру қызметін көрсетулердің сапасына талдау жасайды және әдістемелік әрі әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;"

4) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) білім берудің жалпыға бірдей мемлекеттік стандарттарын бекітеді;"

5) тармақшада "мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық атқарушы органдармен бірлесіп" деген сөздер алынып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына:

жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға;

мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға;

діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға (діни оқу о р ы н д а р ы) ;

халықаралық және шетелдік заңды тұлғаларға лицензия береді;"

мынадай мазмұндағы 9-3) тармақшамен толықтырылсын:

"9-3) меншік нысандары мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан (медициналық және ведомстволық білім беру ұйымдарын қоспағанда), кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәсіптік орта білім беру және мамандандырылған білім бағдарламаларын іске асыратын, ведомстволық қарасты білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырады және жүргізеді";

10) тармақшада "оқу-ғылыми жабдықтарын әзірлеу мен өндіру" деген сөздер " жалпы орта білім беретін республикалық білім беру ұйымдарын, сондай-ақ

халықаралық келісімдерге сәйкес шетел мектептерінде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады; жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарды, орындаушылардың республикалық конкурстарын ұйымдастыру мен өткізу ережесін бекітеді;"

12) тармақша алынып тасталсын;

18) тармақшада "республикалық бюджеттен ұсталатын" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

20), 24), 25) тармақшалар алынып тасталсын;

12) 31 - бапта :

1 - тармақта :

1) тармақшада "ұйымдарын" деген сөз алынып тасталсын;

2) тармақшада :

"жергілікті бюджеттер" деген сөз "бюджет" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

"2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне енгізеді ;

азаматтарға бастауыш кәсіптік білім беруді қамтамасыз етеді;

кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді ;

арнайы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім бере оқытуды қамтамасыз етеді ;

мамандандырылған білім беру ұйымдарындағы дарынды балаларды жалпы білім бере оқытуды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер мектептерін құрады, қайта құрады және таратады;

кәсіптік бастауыш, орта білімнің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын, арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ мектептен тыс спорттық білім беру ұйымдарының білім беру қызметін лицензиялауды ұйымдастырады;

кәсіптік орта білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді ;

кәсіптік орта білім беретін мемлекеттік білім беру ұйымдарына, сондай-ақ арнайы

және мамандандырылған білім беру ұйымдарына (қылмыстық-түзету жүйесіндегі жалпы білім беру мен кәсіптік орта білім беретін мектептерден басқа) қолдау көрсетеді және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді ;

облыс көлеміндегі мектеп олимпиадаларын өткізуді қамтамасыз етеді; балаларға спорт жөнінде қосымша білім беруді қамтамасыз етеді; кадрларды қайта даярлауды және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады; балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын бақылауды және халыққа психикалық-медициналық-педагогикалық консультативтік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді ;

даму проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді ;

кәсіптік орта білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алушылар үшін атаулы стипендиялар тағайындайды ;

белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етеді; оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етеді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады ;

кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарын бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі ;

мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы ұсыныстар енгізеді . " ;

мынадай мазмұндағы 3, 4, 5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары: білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне енгізеді ;

мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды міндетті орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

кешкі (ауысымды) оқу нысанын және интернаттық типтегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім берумен қоса, міндетті орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

азаматтардың кәсіптік бастауыш білім алуын қамтамасыз етеді;

азаматтардың кәсіптік орта білім алуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жалпы орта

кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарын, мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын құрады, қайта құрады және таратады;

жалпы бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білім берудің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын, арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың білім беру қызметін лицензиялауды ұйымдастырады;

кәсіптік орта білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

білім алушылардың бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысуын ұйымдастырады; міндетті жалпы орта білім беретін мекемелер үшін, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

мемлекеттік білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

арнайы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім бере оқытуды қамтамасыз етеді;

мамандандырылған білім беру ұйымдарындағы дарынды балаларды жалпы білім бере оқытуды қамтамасыз етеді;

республикалық қала, астана көлеміндегі мектеп олимпиадаларын өткізуді қамтамасыз етеді;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын бақылауды және халыққа психикалық-медициналық-педагогикалық консультативтік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

дамуында проблемалар бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

кадрларды қайта даярлауды және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін ұйымдарда күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылар үшін атаулы стипендиялар тағайындайды;

белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етеді; оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

білім беру ұйымдарының бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы
ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і .

4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:
білім беруді дамыту бағдарламаларын іске асырады;
азаматтарға кешкі (ауысымды) оқу нысанын, және интернаттық типтегі ұйымдар
арқылы ұсынылатын жалпы орта білім берумен қоса, міндетті орта білім беруді
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды
міндетті орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;
арнайы және мамандандырылған, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс
ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген
тәртіппен жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім беру ұйымдарын
құрады, қайта құрады және таратады;

арнайы және мамандандырылған, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс
ұйымдарды қоспағанда, жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім
берудің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды
тұлғалардың білім беру қызметін лицензиялауды ұйымдастырады;

мемлекеттік білім беру ұйымдарына (қылмыстық-түзету жүйесіндегі жалпы білім
беру мен кәсіптік орта білім беретін мектептерден басқа) қолдау көрсетеді және
материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

міндетті жалпы орта білім беретін мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік
кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

балалар мен жасөспірімдер үшін қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;
аудан (қала) көлеміндегі мектеп олимпиадаларын өткізуді ұйымдастырады;
кәсіптік бастауыш білім беретін ұйымдарда күндізгі оқу нысаны бойынша білім
алушылар үшін атаулы стипендиялар тағайындайды;

белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған
балаларды мемлекеттік қамтамасыз етуді; оларды міндетті түрде жұмысқа
орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оқушылар мен
тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оқушылар мен
тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды
ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

білім беру ұйымдарының бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;
ауылдық жердегі білім беру ұйымдарына жұмысқа келген жас мамандарды тұрғын
үй-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы
ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і .

5. Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі мектепке дейінгі тәрбие беретін білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

Кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі ауылдық (селолық) жерде білім алушыларды мектепке дейін және кері қарай тегін жеткізуді ұйымдастырады." ;

13) 32-бап алынып тасталсын;

14) 33-баптың 18) тармақшасы алынып тасталсын;

15) 35-баптың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

16) 37-баптың 6-тармағында ", ал бақылау жасау - тиісті мемлекеттік органдарға" деген сөздер алынып тасталсын;

17) 40 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігінде "еңбек саласындағы орталық атқарушы органымен келісе отырып" деген сөздер "еңбек және халықты әлеуметтік қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6-тармақта "экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін" деген сөздер алынып тасталсын ;

18) 41 - бапта :

2-тармақтың екінші сөйлемі алынып тасталсын;

4-тармақтың 2) тармақшасында "өкілді" деген сөздер "атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын ;

19) 43 - бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекет жыл сайын білім беруге, оның басымдығын ескере отырып, бюджет қаражатын бөледі." ;

3-тармақ алынып тасталсын;

4-тармақтың бірінші абзацында "республикалық және жергілікті" деген сөздер алынып тасталсын ;

20) 44 - бапта :

1-тармақта "республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Түзету мекемелерінде міндетті жалпы орта және бастапқы кәсіби білім беру үшін үй-жайларды ұстау және жарақтандыруға байланысты шығыстарды қылмыстық-түзету жүйелерінің уәкілетті органы жүзеге асырады.";

21) 45-баптың 1-тармағында "мен өзге де ақылы" деген сөздер алынып тасталсын.

72. "Жерасты және ашық кен жұмыстарында еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 9, 647-құжат; 2002 ж. N 10, 105 - құжат) :

1) 1 - б а п т а :

2) тармақшада "және жәрдемақы тағайындауды жүзеге асыратын" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 3), 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - осы Заң шарттарымен функцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға;

4) жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган - Орталықтың аумақтық бөлімшелері."

2) 2-бапта "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5 - б а п т а :

2-тармақта "тағайындау жөніндегі" деген сөздер "тағайындау жөніндегі уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "орталық атқарушы орган" деген сөздер "жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Орталық атқарушы орган тиісті шешім шығарылғаннан кейін арыз берушіге ол туралы бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлайды.

Жәрдемақыны тағайындаудан бас тартқан жағдайда жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті орган бас тарту себептерін жазбаша түрде негіздеуге және арыз берушінің құжаттарын қайтаруға міндетті.";

4) 6-баптың 2-тармағында "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан" деген сөздер "Орталықтан" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 7-баптың бірінші бөлігінде "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" деген сөздер "Орталық" деген сөзбен ауыстырылсын.

73. "Терроризмге қарсы күрес туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1999 ж., N 19, 649-құжат; 2002 ж. N 4, 32-құжат):

1) 16-бапта, 22-бапта "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөздермен ауыстырылсын.

74. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 720-құжат):

1) 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңды және жеке тұлғаларының арасынан мемлекеттік органдарға сәйкес келетін мамандарды, консультанттар мен сарапшыларды тартады;

дәм айыру комиссиясы туралы ережені бекітеді;
стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша өндірістің паспортын бекіту үшін қажетті мәліметтер тізбесін белгілейді;

этиль спирті және алкоголь өнімдерін өндіру және оның айналымының декларациясын ұсыну тәртібін айқындайды;

осы Заңның 5-бабына сәйкес алкоголь өнімін белгілі бір түрге жатқызады.";

3-тармақ алынып тасталсын;

2) 6-баптың 4-тармағы, 7-баптың 3-тармағы және 13-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

3) 18-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға және көтермелеп іске асыруға лицензия алу үшін тексеруге ақы мөлшері және алкоголь өнімін (сырадан басқа) бөлшектеп іске асыру монополияға қарсы күрес заңнамасына сәйкес айқындалады."

75. "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 724-құжат; 2003 ж., N 12, 81-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында "мемлекеттік басқару органдарының" деген сөздер "мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 18-баптың 6-тармағы алынып тасталсын;

3) 19-баптың 1-тармағының 3) және 3-1) тармақшаларында "қалалардың" деген сөз "аудандардың (қалалардың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 20-баптың 2-тармағында "Мемлекеттік қадағалау органдары" деген сөздер "Стандарттау, метрология, және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 22-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

6) 28-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацта "Республикалық бюджет" деген сөздер "Бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақша алынып тасталсын.

76. "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 725-құжат;

2001 ж., N 1, 7-құжат; N 15-16, 231-құжат; N 23, 321-құжат; 2003 ж., N 12, 81-құжат):

1 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Республикалық бюджет" деген сөздер "Бюджет" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша алынып тасталсын.

77. Қазақстан Республикасының "Электр энергетикасы туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, N 7 2 9) :

1) 2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімде Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасында көзделгеннен басқа ережелер белгіленсе, онда халықаралық келісімнің ережелері қолданылады.";

2) 4 - б а п т а :

1), 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) электр энергетикасы саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды ұйымдастырады ;

2) электр энергетикасын дамытудың бағдарламасын әзірлеуді ұйымдастырады;"

3) тармақша алынып тасталсын ;

3) 5 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу оны іске асыру жөніндегі орталық және жергілікті атқару органдарының қызметін үйлестіру;

2) тармақшада "стратегиялық және мақсатты" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5. электр және жылу энергиясын пайдалану мен техникалық диспетчерлеу, бөлу, тарату, өндіріс саласында қызметін реттейтін техникалық және технологиялық нормалар кіретін әрі беріктік, үнемділік және электр энергетикалық құрылыс қауіпсіздігі мен оларды пайдаланудың нормативтік актілерін әзірлеу және бекіту;"

8) тармақша алынып тасталсын.

78. "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1065-құжат; 2003 ж., N 15, 129-құжат):

1) 1 - б а п т а :

7) тармақшада "жаттықтырушылар" деген сөз "жаттықтырушылардың, спортшылардың, нұсқаушылардың, әдіскерлер" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) бұқаралық спорт - дене шынықтыру жаттығуларымен айналысуға тарту және спорттың әр түріндегі талантты спортшыларды анықтау мақсатында халық арасында

дене шынықтыруды дамытуға әсер ететін жаппай спорттық қозғалысты білдіретін дене шынықтырудың бір бөлігі;

18) ұлттық спорт түрлері - жарыс әрекеті түрінде тарихи қалыптасқан және өзгеше дене шынықтыру жаттығулары мен өзіндік ережелері бар халық ойындарын білдіретін дене шынықтырудың бір бөлігі.";

2) 8-баптың 1-тармағында "уәкілетті органдар" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 3-тармағында "жергілікті өкілді және атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстардың, қалалардың және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-баптың 1-тармағында "жергілікті өкілді және атқарушы органдарға" деген сөздер "қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарына ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің, қаладағы аудандардың, қалалық маңыздағы аудандар әкімдеріне" деген сөздермен ауыстырылсын";

5) 12-бап бойынша:

2-тармақта "өкілді және" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган мүгедектердің дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, республикалық жарыстарды өткізуді, мүгедектер арасындағы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды халықаралық жарыстарға даярлауды және қатысуды ұйымдастырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мүгедектердің дене шынықтыру спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейіндегі спорттық шараларды өткізуді, сондай-ақ оларды республикалық жарыстарға даярлануы мен қатысуын ұйымдастырады.";

6) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының спортшыларын дайындау келісім-шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Спорт қызметі туралы келісім-шарт Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негізінде жасалады.";

7) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Спорттық сыныптама

1. Спорттық атақтар мен дәрежелер спортшыларға дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган төрт жылдық (олимпиадалық) кезеңге белгілеген біліктілік талаптарға сәйкес беріледі.

Жаттықтырушыларға, нұсқаушыларға, әдіскерлерге, төрешілерге санаттар дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарға сәйкес беріледі.

2. Спортшылар мен жаттықтырушыларға мынадай спорттық атақтар мен дәрежелер

б е р і л е д і :

1) с п о р т т ы қ а т а қ т а р :

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" құрметті атағы;

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" құрметті атағы;

Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері;

Қазақстан Республикасының спорт шебері;

2) с п о р т т ы қ р а з р ы д т а р :

Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат;

1 д ә р е ж е л і с п о р т ш ы ;

2 д ә р е ж е л і с п о р т ш ы ;

3 д ә р е ж е л і с п о р т ш ы ;

1 жасөспірімдер дәрежесінің спортшысы;

2 жасөспірімдер дәрежесінің спортшысы;

3 жасөспірімдер дәрежесінің спортшысы;

3. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскерлер мен нұсқаушыларға мынадай біліктілік санаттары беріледі:

жоғары санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі әдіскері;

бірінші санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі әдіскері;

екінші санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі әдіскері;

санаты жоқ біліктіліктің жоғары деңгейдегі әдіскері;

жоғары санатты біліктіліктің орта деңгейдегі әдіскері;

бірінші санатты біліктіліктің орта деңгейдегі әдіскері;

екінші санатты біліктіліктің орта деңгейдегі әдіскері;

санаты жоқ біліктіліктің орта деңгейдегі әдіскері;

нұсқаушы - жоғары санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі спортшысы;

нұсқаушы - бірінші санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі спортшысы;

нұсқаушы - екінші санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі спортшысы;

4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі жаттықтырушыларға мынадай біліктілік санаттары беріледі:

жоғары санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі жаттықтырушысы;

бірінші санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі жаттықтырушысы;

екінші санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі жаттықтырушысы;

санаты жоқ біліктіліктің жоғары деңгейдегі жаттықтырушысы;

жоғары санатты біліктіліктің орта деңгейдегі жаттықтырушысы;

бірінші санатты біліктіліктің орта деңгейдегі жаттықтырушысы;

екінші санатты біліктіліктің орта деңгейдегі жаттықтырушысы;

санаты жоқ біліктіліктің орта деңгейдегі жаттықтырушысы;

5. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі төрешілерге мынадай біліктілік санаттары беріледі:

спорт жөніндегі жоғары санатты ұлттық төреші;
спорт жөніндегі ұлттық төреші;
спорт жөніндегі бірінші санатты төреші;
спорт жөніндегі төреші."

8) 2 3 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) республикалық, халықаралық соның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерінен жарыстар өткізеді;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) спорт ғимараттарын салуға жобалық құжаттаманы келіседі және спорттық құрал-сайман шығару кезінде әдістемелік жетекшілікті жүзеге асырады;"

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) мынадай спорттық атақтар мен санаттарды: "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" құрметті атағы, "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" құрметті атағы, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының спорт шебері, жоғары санатты біліктіліктің жоғары және орта деңгейдегі жаттықтырушысы, жоғары санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі нұсқаушы-спортшысы, жоғары санатты біліктіліктің жоғары және орта деңгейдегі әдіскері, спорт жөніндегі жоғары санатты ұлттық төреші, спорт жөніндегі ұлттық төреші береді;"

18-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, спорттық шараларды қамтамасыз етудің және республикалық спорттық шараларға қатысушылар мен халықаралық жарыстардағы жоғары көрсеткіштері үшін Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командалары мүшелерін көтермелеудің нормативтерін әзірлейді және б е к і т е д і . " ;

20-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) спорттық атақтарды, дәрежелер мен санаттарды беру тәртібін айқындайды;"

9) 23-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-1-бап. Дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы о р г а н д а р д ы ң қ ұ з ы р е т і

1. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган:

1) дене шынықтыру мен спортты дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлейді ж ә н е і с к е а с ы р а д ы ;

2) спорттың әр түрі бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және халықаралық жарыстар өткізеді;

3) спорттың әр түрі бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) құрама командаларды даярлау мен олардың республикалық және халықаралық спорт жарыстарында өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қолдайды;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мамандандырылған оқу-спорт мектептерінің қызметін үйлестіреді;

6) спорт ғимараттарын салу мәселелерін үйлестіреді;

7) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультативтік көмек көрсетеді;

8) мынадай спорттық атақтар мен санаттарды: спорт шеберлігіне кандидат, бірінші спорттық дәреже, бірінші санатты біліктіліктің жоғары және орта деңгейдегі жаттықтырушысы, бірінші санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі нұсқаушы-спортшысы, бірінші санатты біліктіліктің жоғары және орта деңгейдегі әдіскері, спорт жөніндегі бірінші санатты төреші береді;

9) облыстық спорттық-бұқаралық шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

11) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт шараларын ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

12) әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дене шынықтыру және спортты дамыту туралы мәліметтерді, соның ішінде деректерді талдап, дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органға табыс етеді;

13) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбеге сәйкес қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы орган:

1) дене шынықтыру мен спортты дамытудың аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

2) спорттың әр түрі бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде жарыстар өткізеді;

3) спорттың әр түрі бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларды даярлау мен олардың облыстық спорт жарыстарында өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бұқаралық спортты ұлттық спорт түрлерін және түрлерін дамытады;

5) аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) мамандандырылған оқу-спорт мекемелерінің қызметін үйлестіреді;

6) мынадай спорттық дәрежелер мен санаттарды: екінші және үшінші бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдер, екінші санатты біліктіліктің жоғары және орта деңгейдегі жаттықтырушысы, екінші санатты біліктіліктің жоғары деңгейдегі нұсқаушы-спортшысы, екінші санатты біліктіліктің жоғары және орта деңгейдегі әдіскері, спорт жөніндегі төреші береді;

7) аудандық спорттық-бұқаралық шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт шараларын ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

10) әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дене шынықтыру және спортты дамыту туралы мәліметтерді, соның ішінде статистикалық деректерді таңдап, облыстық дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органға табыс етеді.

3. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумақтарында спорт мекемелерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін қолдайды және оған жәрдем көрсетеді.";

8) 25 - б а п т а :

1-тармақта "тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыруды" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3, 4-тармақтар алынып тасталсын;

9) 26-баптың 1-тармағында "мемлекеттік бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 29-бапта "жергілікті өкілді және атқарушы органдар" деген сөздер "аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 . 30 - б а п т а :

1-тармақта "жергілікті өзін-өзі басқару органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "атқарушы билік органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақта "мемлекеттік қаражат" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

30 - 1 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама және (немесе) КСРО құрама командаларының құрамында болған және кемінде жиырма жыл еңбек стажы бар спортшыларға, жаттықтырушыларға материалдық қамсыздандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төленеді және мынадай мөлшерде тағайындалады:";

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

13) 31-баптың екінші бөлігінде "мемлекеттік қаражат" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

79. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 7, 165 - құжат) :

1) 5 - бапта :

2 - тармақта :

1) тармақшада "қалыптастырады және іске асырады" деген сөздер "әзірлеуді және іске асыруды ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік шама бірліктерінің эталондарын бекітеді";

мынадай мазмұндағы 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген халықаралық бірліктер жүйесіне енбейтін өлшемдерді айқындайды";

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжатты әзірлеу тәртібін белгілейді және бекітеді";

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) техникалық құралдардың өлшем құралдарына қатыстылығын белгілеудің тәртібін айқындайды." ;

2) 8-баптың екінші бөлігі, 10-баптың үшінші бөлігі 11-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын ;

3) 31 - баптың 1 - тармағында :

бірінші бөлікте "Республикалық бюджеттің қаражаты" деген сөздер "Бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша алынып тасталсын ;

2) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын.

80. "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 10, 241-құжат):

29 - бапта :

бірінші бөлікте "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші бөлікте "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

81. "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 14-15, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; N 17, 155-құжат):

9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді айқындау ережесін, сондай-ақ олардың Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

82. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 381-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54 - құжат) :

1) 2-баптың 12) тармақшасында "органдар" деген сөз "орган" деген сөзбен ауыстырылсын ;

2) 6 - б а п т а :

2 - 1 - т а р м а қ т а :

"уәкілетті" деген сөз алынып тасталсын;

"ұйымдастыруды" деген сөзден кейін "банкроттық рәсімдерді бақылау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын ;

2-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2. Коммуналдық меншікке түскен мүлікті бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікке билік етуге уәкілетті орган жүзеге асырады.;"

ескерту "тапсырыс беруші" деген сөздерден кейін "республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 18-бапта "мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 19 - б а п т а :

тақырыбында "Уәкілетті органдардың" деген сөздер "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

бірінші абзацта "органдар" деген сөздер "орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және бекіту, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңдарының қолданылу практикасын жинақтап қорыту";

6), 8) тармақшалар алынып тасталсын.

83. "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 21, 385-құжат):

1) 12-баптың бірінші бөлігінің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Балалар ауылы - тәрбиеленуші-балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге және осы заңмен бекітілген функцияларды орындауға арналған коммерциялық емес ұйымдастырушылық-құқықтық - нысанда құрылатын заңды тұлға.

"

;

2) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Балалар ауылының қызметін басқаруды Жарғыға сәйкес балалар үйінің құрылтайшысы тағайындайтын әкімшілік жүзеге асырады.";

3) 14-баптың 2-тармағында "уәкілетті орган" деген сөздер "білім беру мәселелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жасөспірімдер үйінің қызметін балалар ауылының (балалар үйінің) әкімшілігі Жасөспірімдер үйінің директорымен бірлесе отырып, білім беру мәселелері бойынша уәкілетті органы бекіткен Жасөспірімдер үйі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.";

5) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдардың құқықтары мен м і н д е т т е р і

Әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдардың құқықтары мен міндеттері балалар ауылы (балалар үйі) мен тәрбиеленуші (түлек) арасында жасалған Жасөспірімдер үйінде бағып-күту туралы шарт негізінде белгіленеді. Бұл шарт білім беру мәселелері бойынша уәкілетті органы бекітетін Үлгі шарт негізінде жасалады."

84. "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 12-құжат; N 15-16, 232-құжат; 2003 ж., N 19-20, 148-құжат):

1) 4-баптың 6), 7) және 8) тармақшалары алынып тасталсын;

2) 5 - б а п т а :

1) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

8) тармақша алынып тасталсын;

5) 6 - б а п т а :

2) және 15) тармақшалар алынып тасталсын;

6) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

4) 1 0 - б а п т а :

3) және 6) тармақшалар алынып тасталсын;

7) тармақшада "селекция, тұқым шаруашылығы және" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштар мен жанар-жағармай материалдарының қ ұ н ы н а р з а н д а т у ; " ;

12) тармақшада "республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген мөлшерде" деген сөздер алынып тасталсын;

5) 11-баптың 6-тармағында "республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "мемлекеттік жемдік астық ресурстары" деген сөздерден кейін "

астық, мемлекет сататын астық ресурстары," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 17-баптың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

7) 24-1-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы алынып тасталсын.

85. "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 13-құжат):

1) мәтінде "монополияға қарсы органның", "монополияға қарсы орган", "монополияға қарсы органмен", "монополияға қарсы органда", "монополияға қарсы органға" деген сөздер "монополияға қарсы органдардың", "монополияға қарсы органдар", "монополияға қарсы органдармен", "монополияға қарсы органдарда", "монополияға қарсы органдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4 - б а п т а :

2) тармақшада "монополияға қарсы орган" деген сөз "республикалық және жергілікті бөлімдерден тұратын монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) белгілі бір тауар рыногының шекарасы - осы аумақта сатып алушы үшін тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) иеленуге экономикалық және технологиялық шектеулерді негізге ала отырып айқындалатын, аумақтарды белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) айналыс ш е г і " ;

3) 5 - б а п т а :

бірінші бөлікте "бәсекені қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган -" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық, облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) атқарушы органдар (бұдан әрі - монополияға қарсы органдар) монополияға қарсы органдардың жүйесін құрайды.";

2-тармақта "Үкіметі" деген сөз "Президенті" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 6-баптың 3) және 7) тармақшалары алынып тасталсын;

5) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

7-бап. Монополияға қарсы органдардың функциялары

1. Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес өз құзыреті шегінде мынадай жұмыстарды орындайды:

1) осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілгендерден басқа, белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін бақылауды және реттеуді жүзеге асырады;

2) белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің республикалық бөлімін жасайды және жүргізеді

;

3) орталық мемлекеттік органдардың қызмет көрсету тәртібін бақылауды және реттеуді жүзеге асырады;

4) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие, бәсекені шектейтін және монополистік қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізеді;

5) тауар рыногының жұмыс істеуіне, бәсекені дамытуға, баға белгілеу және тұтынушылардың мүдделерін қорғау мәселелеріне қатысы бар заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына сараптама жасайды;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметіне тауар рыногының, ондағы бәсекенің жай-күйі туралы баяндамалар, монополияға қарсы заңдарды және оларды қолдану практикасын жетілдіру туралы баяндамалар жібереді;

7) өз құзыреті шегінде монополияға қарсы заңдарды бұзушылық туралы істерді қарап, олар бойынша шешім қабылдайды;

8) рынок субъектілерінің монополияға қарсы заңдарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

9) рынок субъектілерінің орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді;

10) белгілі бір тауар рыногындағы рынок субъектісінің қызметін реттеу немесе бақылау мәселелері бойынша келісілген шараларды жүзеге асыру кезінде облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) атқарушы органдардың монополияға қарсы саясат саласындағы қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

11) тауар рыногының жай-күйін, ондағы бәсеке деңгейін зерттейді және осы негізде кәсіпкерлікті қолдау жөнінде, монополистік қызметті болғызбау, шектеу, тыю және реттеу жөнінде шаралар әзірлейді;

12) мемлекеттік органдарға тауар рыногын және ондағы бәсекені дамытуға бағытталған шаралар өткізу жөнінде ұсыныстар береді;

13) қосарлас құрылымдар құру, сондай-ақ белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін бөлу жөнінде шаралар әзірлейді.

2. Монополияға қарсы саясат саласындағы облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган өз құзіреті шегінде мынадай жұмыстарды орындайды:

1) белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің жергілікті бөліміне енгізілген, шекарасы бір облыстан (республикалық маңызы бар қаладан, астанадан) аспайтын белгілі бір тауар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерінің қызметін бақылауды және реттеуді жүзеге асырады;

2) белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок

субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің жергілікті бөлімін жасайды және жүргізеді;

3) жергілікті мемлекеттік органдардың қызмет көрсету тәртібін бақылауды және реттеуді жүзеге асырады;

4) шекарасы бір облыстан (республикалық маңызы бар қаладан, астанадан) аспайтын белгілі тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие, бәсекені шектейтін және монополистік қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізеді;

5) жыл сайын монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органға тауар рыногының, ондағы бәсекенің жай-күйі туралы баяндамалар, монополияға қарсы заңдарды және оларды қолдану практикасын жетілдіру туралы баяндама жібереді;

6) өз құзыреті шегінде монополияға қарсы заңдарды бұзушылық туралы істерді қарап, олар бойынша шешім қабылдайды;

7) рынок субъектілерінің монополияға қарсы заңдарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

8) монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органның талабы бойынша олар белгілеген мерзімде қажетті ақпаратты ұсынады;

9) тауар рыногының жай-күйін, ондағы бәсеке деңгейін зерттейді және осы негізде кәсіпкерлікті қолдау жөнінде, монополистік қызметті болғызбау, шектеу, тыю және реттеу жөнінде шаралар әзірлейді;

10) мемлекеттік органдарға тауар рыногын және ондағы бәсекені дамытуға бағытталған шаралар өткізу жөнінде ұсыныстар береді;

11) қосарлас құрылымдар құру, сондай-ақ белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін бөлу жөнінде шаралар әзірлейді;

5) 8-бап алынып тасталсын;

6) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Монополияға қарсы органның құқықтары

1. Монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган осы Заңға сәйкес:

1) мемлекеттік органдар мен рынок субъектілері орындауға міндетті монополияға қарсы заңдар мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер әзірлеп, бекітуге;

2) тиісті тауар рыногының шекарасын белгілеу және рынок субъектісін үстем (монополиялық) жағдайға ие деп тану тәртібін айқындауға;

3) осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілгендерден басқа рынок субъектілерінде үстем (монополиялық) жағдайдың бар-жоғын анықтауға;

4) егер белгілі бір тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын рынок субъектілерінің пайда болуына жеткізетін болса, сондай-ақ белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін қайта ұйымдастыруға таратуға әкеп соғатын болса, рынок субъектілерін құруға қорытынды беруге;

5) монополияға қарсы заңдарды мемлекеттік органдардың, рынок субъектілерінің

сақтау мәселелері бойынша тексеру жүргізуге;

6) мемлекеттік органдарға, олардың лауазымды адамдарына, белгілі бір тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын не белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілеріне, олардың басшыларына орындау үшін міндетті нұсқамалар енгізуге;

7) бәсекені дамытуға, монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органның нұсқамаларын орындауға кедергі келтірген және осы Заңда және басқа да заң актілерінде көзделген өзге де тәртіп бұзушылықтар үшін рынок субъектілері мен олардың басшыларына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына айыппұл салу туралы шешімдер қабылдауға;

8) монополияға қарсы заңдарды, тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі заңдарды бұзушылықты жою мақсатында талаппен сотқа жүгінуге;

9) тиісті құқық қорғау органдарына жүгініп, оларға монополияға қарсы заңдарды бұзушылыққа байланысты қылмыс белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдар жіберуге;

10) монополияға қарсы заңдар мәселелері бойынша түсіндірме беруге;

11) мемлекеттік органдарға монополияға қарсы заңдарды бұзатын олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

12) заңдарға қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді прокуратура органдарына жіберуге;

13) монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органның отырыстарында мемлекеттік органдардың, белгілі бір тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын не белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің лауазымды адамдарын оның құзіретіне кіретін мәселелер бойынша тыңдауға құқылы.

2. Монополияға қарсы саясат саласындағы облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган:

1) шекарасы бір облыстан (республикалық маңызы бар қаладан, астанадан) аспайтын белгілі тауар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерінде үстем (монополиялық) жағдайдың бар-жоғын анықтауға;

2) егер белгілі бір тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын рынок субъектілерінің пайда болуына жеткізетін болса сондай-ақ белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін қайта ұйымдастыруға, таратуға әкеп соғатын болса рынок субъектілерін құруға қорытынды беруге;

3) монополияға қарсы заңдарды мемлекеттік органдардың, рынок субъектілерінің сақтау мәселелері бойынша тексеру жүргізуге;

4) мемлекеттік органдарға, олардың лауазымды адамдарына белгілі бір тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын не белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілеріне, олардың басшыларына орындау

үшін міндетті нұсқамалар беруге;

5) бәсекені дамытуға, монополияға қарсы саясат саласындағы облыстық (республикалық деңгейдегі қалалар, астана) атқарушы органның нұсқамаларын орындауға кедергі келтірген және осы Заңда және басқа да заң актілерінде көзделген өзге де тәртіп бұзушылықтар үшін рынок субъектілері мен олардың басшыларына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына айыппұл салу туралы ш е ш і м д е р қ а б ы л д а у ғ а ;

6) монополияға қарсы заңдарды, тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі заңдарды бұзушылықты жою мақсатында талаппен сотқа жүгінуге;

7) тиісті құқық қорғау органдарына жүгініп, оларға монополияға қарсы заңдарды бұзушылыққа байланысты қылмыс белгілері бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдар жіберуге;

8) мемлекеттік органдарға монополияға қарсы заңдарды бұзатын олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

9) заңдарға қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді прокуратура органдарына жіберуге;

10) монополияға қарсы саясат саласындағы облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органның отырыстарында мемлекеттік органдардың белгілі бір тауар рыногында үлесі отыз бес проценттен асатын не белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің лауазымды адамдарын оның құзіретіне кіретін мәселелер бойынша тыңдауға құқылы.;"

7) 10-баптың 3-тармағындағы "өз" деген сөз "өздерінің" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8) 11-баптың 2-тармағында "белгіленген тәртіппен" деген сөздер "тиісті монополияға қарсы органдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 12-баптың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

1 0) 1 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші бөлікте "монополияға қарсы орган" деген сөздер "монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "монополияға қарсы орган белгілейтін" деген сөздер "монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган белгілейтін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бесінші бөлік алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Монополияға қарсы орган рынок субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу үшін монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің (бұдан әрі - Тізілім) республикалық және

жергілікті бөлімдерін жасап, жүргізіп отырады.";

1 1) 1 7 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацында "орган" деген сөз "органдар" деген сөзбен ауыстырылсын ;

2-тармақтың үшінші бөлігінде "орган" деген сөз "органдар" деген сөзбен ауыстырылсын ;

4-тармақтың қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

5-тармақтың бірінші бөлігінде "орган", "ол" деген сөздер "органдар", "олар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7-тармақта "органның" деген сөз "органдардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 2) 1 8 - б а п т а :

3-тармақтың екінші бөлігінде "монополияға қарсы орган" деген сөздер "монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6-тармақта "ол", "орган" деген сөздер тиісінше "олар", "органдар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7-тармақта "органның" деген сөз "органдардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақта "органның", "орган" деген сөздер "органдардың", "органдар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

13) 21-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "ол" деген сөз "олар" деген сөзбен ауыстырылсын ;

14) 25-баптың бірінші бөлігінде "орган" деген сөз "органдар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

15) 26-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде "республикалық" деген сөз алынып тасталсын.

86. "Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж . , N 2 , 1 5 - қ ұ ж а т) :

1) 6-баптың 2 тармағында "ұйымдарда" деген сөз "ұйымдарға" деген сөзбен, " өкілдіктерін ұстауға" деген сөздер "өкілдерін жіберуге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 10-бап алынып тасталсын.

87. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж . , N 9 , 85-қ ұ ж а т ; 2 0 0 3 ж . , N 1 2 , 8 3 - қ ұ ж а т) :

мәтінде "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

88. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламенті Жаршылары, 2001 ж., N 13-14, 175-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат):

1 0 - б а п т а :

1), 7) тармақшалар алынып тасталсын;

2) 1 1 - б а п :

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасындағы туризм саласын дамыту бағдарламасын ө з і р л е й д і " ;

4) тармақша алынып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңнамалары мен нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;"

11), 13) тармақшалар алынып тасталсын;

3) 1 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың құ з ы р е т і ;

бірінші абзацта "Жергілікті" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) турагенттік, туроператорлық, экскурсиялық қызметті және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін лицензиялауды жүзеге асырады;"

9), 11), 12) тармақшалар алынып тасталсын;

1 5 - б а п т а :

"уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган", "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Туристік ұйымдардың қызметкерлерін аттестациялау туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады;"

б) 26-баптың 9-тармағында "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

89. "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 181-құжат):

1) 4 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тіркеуге өтінімдерді жасау және ресімдеу талаптарын белгілейді;"

мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) тіркеу тәртібін, тіркеу туралы куәлік нысанын, онда көрсетілген мәліметтер құрамын, сондай-ақ бюллетенде жарияланған мәліметтердің тізбесін белгілейді;

7) сенім білдірілген патентті өкілдерге қойылатын біліктілік талаптарын, оларды аттестаттау және тіркеу тәртібін анықтайды."

90. "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 15-16, 226-құжат):

1) 1 - б а п т а :

15) тармақшада "ұйымның" деген сөзден кейін тұрған "мемлекеттік" деген сөз а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

16) тармақшасында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 3-баптың 2), 4) тармақшалары алынып тасталсын;

3) 6-баптың 7-тармағының 7) тармақшасы алынып тасталсын;

4) 16-баптың 2-тармағында "органдар" деген сөз "орган" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) 1 7 - б а п т а :

5) тармақшада "әзірлейді және" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 7-1)-7-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) ғылыми ұйымдарды аттестациялау туралы ережені бекітеді; 7-2) мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациядан өткізу ережесін б е к і т е д і ;

7-3) ғылым кандидатына, ғылым докторына доценттер мен профессорларға берілетін мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын бекітеді;"

10) тармақша алынып тасталсын;

6) 1 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2), 11) тармақшалар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1)-4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) мемлекеттік ғылыми ұйымдардың басшыларын осы ұйымдар ғылыми кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып, қызметке тағайындау және қызметтен босату;

4-2) оның мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда ғылыми ұйымның консультациялық-кеңесші орган туралы үлгі ережені бекіту;"

7) тармақшада "құру" деген сөзден кейін "және қызметті қалыптастыру мен ұйымдастыру тәртібін бекіту";

мынадай мазмұндағы 12)-18) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) осы Заңның 22-бабының 1-тармағында аталған объектілерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

13) ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды ізденушілерге қойылатын біліктілік

талаптарын және ғылыми дәрежелер мен ғылымы атақтарды беру тәртібін бекіту;

14) біліктілігі жоғары ғылымы және ғылыми-педагог кадрларға мемлекеттік аттестаттау жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

15) мемлекет атынан ғылым кандидатының және ғылым докторының белгіленген мемлекеттік үлгідегі дипломдарын, доцент және профессор аттестаттарын беру;

16) мемлекеттік мерзімді ғылыми-техникалық басылымдар мен басқа баспа өнімдерін, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде басып шығаруға арналған баспа өнімдерін басып шығарудың мақсатқа лайықтылығын анықтау;

17) бюджет қаражаттары есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, іргелі және қолданбалы зерттеулердің аяқталған тақырыптары мен бағдарламаларын, қорғалған кандидаттық және докторлық диссертацияларды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту және оларды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

18) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғылыми кадрларды даярлау мен аттестаттау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу.

2-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

7) 19-баптың 3, 4-тармақтары алынып тасталсын;

8) 20-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

9) 21 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ғылыми ұйымды басқаруды басшы жүзеге асырады.

Ғылыми ұйымның басшысын қызметке тағайындау және қызметтен босату осы ұйымның ғылыми кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылады."

3-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;

10) 22 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаттары есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын";

5) тармақшада "республикалық бюджеттен" деген сөздер "бюджет қаражаттары есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын";

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

"қаржы бөлу" деген сөздер "қаражаттар" деген сөзбен ауыстырылсын;

"мекемелердің-бағдарламалар әкімшілері" деген сөздер алынып тасталсын;

11) 23-баптың 3-тармағы алынып тасталсын;

12) 26-баптың 2-тармағының бірінші және екінші бөліктерінде "республикалық бюджет қаражаттары" деген сөздер "бюджет қаражаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 27-баптың бірінші бөлігінде "заңнамалық актілермен" деген сөздер "заңнамамен" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 30-баптың 2, 3, 4, 5-тармақтары алынып тасталсын;
15) 31-баптың 1-тармағында "уәкілетті мемлекеттік орган мен ғылыми ұйымдар"
деген сөздер алынып тасталсын;
"жүзеге асырады" деген сөздер "жүзеге асырылады" деген сөзбен ауыстырылсын.

91. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат):

1) 1 - б а п т а :

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

мынадай мазмұндағы 55, 56-тармақтармен толықтырылсын:

"55. Инженерлік инфрақұрылым - адамдардың тіршілік етуі, сондай-ақ өндірістің немесе таулар мен қызмет айналымының тұрақты жұмыс істеуі үшін қалыпты жағдай туғызатын инженерлік және коммуналдық қамтамасыз етудің кәсіпорындар (ұйымдар), объектілер (ғимараттар мен құрылыстар), коммуникациялар мен желдердің жиынтығы.

56. Көлік инфрақұрылымы - көпір, тоннель және өзге де көліктік құрылыстардың, жол түйіндері мен белгі беру құрылғыларын реттейтін жол өткізгіштерінің, көлік жұмысын инженерлік қамтамасыз ету, жүктерді, жолаушыларды тасымалдайтын көлік құралдарына қызмет көрсету, өндірістік және қызмет көрсетуші адамдардың функционалдық қызметін қамтамасыз ететін объектілердің, қойма үй-жайлары мен аумақтардың, санитарлық-қорғаныс және күзет алаңдарының, сондай-ақ көрсетілген бағыт жолдарына және жылжымайтын мүлік объектілерін қамтитын объектілерге заңнамамен бекітілген жерлердің кешені бар жерүсті (автомобиль және/немесе темір жолдар), су (теңіз және/немесе өзен) жолдарының жиынтығы.";

2) 6-баптың 3-тармағы 1) тармақшасында "басқа да" деген сөздер алынып тасталсын ;

3) 1 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"немесе орталық" деген сөздер алынып тасталсын;

"жергілікті" деген сөздің алдынан "аудандардың (қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын ;

4-тармақта "уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы" деген сөздер " мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтың 3) тармақшасында "жергілікті сәулет және қала құрылысы, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдарының" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (аудандық маңызы бар

қалалардың) атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;
4) 1 8 - б а п т а :

2) тармақшада "және оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер алынып тасталсын;

3) тармақшада "сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеуге" деген сөздер және "ғана қатысатын" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

4) тармақшада "жергілікті өкілді және атқарушы органдар" деген сөздер " облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) тармақша алынып тасталсын;
5) 1 9 - б а п т а :

2) тармақшада "мемлекеттік бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады" деген сөздер "бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшада "басқа да қалалардың" деген сөздер "қаланың" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

12) тармақша алынып тасталсын;
6) 2 0 - б а п т а :

2) тармақшада "мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу" деген сөздер "бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшада "республикалық маңызы бар қалалардың, халқы жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың" деген сөздер "республикалық маңызы бар қаланың, астананың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша алынып тасталсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Қазақстан Республикасы аумағында қала құрылысы және сәулет-құрылыс тәртібінің сақталуын, құрылыс сапасын қадағалау саласындағы қызметті үйлестіру;"

14) тармақшада "облыстық және республикалық маңызы бар қалалық органдарының" деген сөздер "жергілікті органдарының" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

16) тармақша алынып тасталсын;
7) 2 1 - б а п т а :

1) тармақшада "(республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда)" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2) тармақшада "әкімі", "әкімшілік" деген сөздер "әкімдігі", "әкімшілік-аумақтық" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) тармақшада "қала үлгісіндегі кенттердің" деген сөздер "халқы жүз мың

тұрғыннан асатын кенттердің, аудандық маңызы бар қалалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша алынып тасталсын;

8) 22 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші абзацта "қалалар" деген сөздер "қала, астана" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қала құрылысы бас жоспарының жобасын бекіту туралы ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне заң тәртібімен қала ықпал ететін аймаққа жатқызылған жапсарлас аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың (аудандық жоспарлау жобасының) әкімдігі ұсынған кешенді схемасын мақұлдау;"

2) және 3) тармақшаларда "әкімі" деген сөз "әкімдігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - тармақта :

екінші абзацта "Халқы жүз мың тұрғыннан асатын" деген сөздер алынып тасталсын;

1) тармақша алынып тасталсын;

2) тармақшада "әкімі" деген сөз "әкімдігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

4), 5) тармақшалар алынып тасталсын;

9) 23 - бап алынып тасталсын;

10) 24 - бапта :

атауында, 1-тармақтың бірінші абзацында, 2-тармақтың екінші абзацында " әкімдерінің" деген сөз "әкімдіктерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта "(республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда)" деген сөздер алынып тасталсын;

2 - тармақта :

"(республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда)" деген сөздер алынып тасталсын;

2), 3) тармақшалар алынып тасталсын;

4) тармақшада "облыстық бюджеттен қаржыландыру көзделген" деген сөздер " облыстық маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшада алынып тасталсын;

11) 25 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті";

бірінші абзацта "әкімдерінің" деген сөз "әкімдіктерінің" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) тармақшада "қорының" деген сөзден кейін "қалалық маңызы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша алынып тасталсын;

12) тармақшада "облыстық бюджеттен қаржыландыру көзделген" деген сөздер "қалалық маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақша алынып тасталсын;

12) 26 - б а п т а :

тақырыбында, бірінші абзацта "әкімдерінің" деген сөз "әкімдіктерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

2), 3), 4) және 6) тармақшалар алынып тасталсын;

7) тармақшада "аудан бюджетінен қаржыландыру көзделген" деген сөздер "аудандық маңызы бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алынып тасталсын;

10) тармақшада ", мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін" деген сөздер алынып тасталсын;

"коммуникацияларды," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақша алынып тасталсын;

13) 27 - т а р м а қ т а :

тақырыбында "және қала құрылысы" деген сөздер ", қала құрылысы және құрылыс" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органдары (қызметтері) қарамағындағы аумақта сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік реттеуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылады." ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органдарының құзыретіне:"

2) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақшада "облыс" деген сөз "әкімшілік-аумақтық бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша алынып тасталсын;

7) тармақшада "облыстық деңгейде" деген сөздер алынып тасталсын;

8) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9), 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

9) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін лицензиялауды, өтініш

берушілердің (лицензияға талапкерлердің) және (немесе) лицензиаттардың біліктілік талаптарына сәйкес келуіне сарапшылық бағалау жүргізу үшін жеке және заңды тұлғалардың тіркелуін жүзеге асыру;

10) халқы жүз мыңнан асатын облыстық деңгейдегі қалалардың бас жоспарлары жобаларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өзге де қала құрылысы құжаттамаларының кешенді қала құрылысы сараптамасын ұйымдастыру және өткізу;

11) жобалық құжаттамалардың сапасын қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, жобалардың мемлекеттік сараптамасына басшылық жасау, сондай-ақ мемлекеттік емес сараптама орталықтарын аккредитациялау және сарапшыларды аттестаттау;

12) Қазақстан Республикасы аумағында қала құрылысы және сәулет-құрылыс тәртібінің сақталуын, құрылыс сапасын қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру әрі сәулет-құрылыс бақылауы жүйесіне басшылық жасау;"

3 - тармақ алынып тасталсын;

4-тармақта "Облыстық және республикалық маңызы бар" деген сөздер "Жергілікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

5, 6 және 8-тармақтар алынып тасталсын;

13) 31-баптың 1-тармағы 1) тармақшада "мен оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер алынып тасталсын;

14) 32-баптың 2-тармағында "істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "жергілікті органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 33 - бапта:

2 - тармақ алынып тасталсын;

6-тармақта "сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының басшысы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы болып табылады.";

16) 34-баптың 1-тармағының 3) тармақшасының екінші бөлігі алынып тасталсын;

17) 35-баптың 1-тармағында:

1) тармақша алынып тасталсын

2) тармақшада:

"қалалардың" деген сөз "қаланың, астананың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "істері жөніндегі", "басқару" деген сөздер алынып тасталсын;

18) 36 - бапта:

1-тармақта "(не мемлекеттік инспекторлар)" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақта "(не мемлекеттік инспекторлар)" деген сөздер алынып тасталсын;
19) 37-баптың 4-тармағы 2) тармақшасында "қалалық" деген сөзден кейін ",
астаналық" деген сөзбен толықтырылсын;

2 0) 3 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрының тапсырысшылары облыстар (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдіктері болып табылады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі облыс (республикалық маңызы бар қала астана) әкімдіктерінің уәкілетті мемлекеттік органы жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органы болып табылады.";

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

21) 40-баптың 2-тармағы 1) тармақшасында "аумақтық" деген сөз алынып
т а с т а л с ы н ;

2 2) 6 8 - б а п т а :

2-тармақта "жергілікті атқарушы органдардан" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацында "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақта "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "аудандардың (қалалардың)
) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақта "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "жергілікті сәулет, қала құрылысы және құрылыс органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 75-баптың 3-тармағы екінші абзацында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен
ауыстырылсын;

92. "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18,
2 4 6 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жол органдары - жалпыға ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган, оның аймақтық
о р г а н д а р ы ; " ;

2) 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "және жергілікті" деген сөздер "облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада :

"жергілікті" деген сөз "облыстық" деген сөзбен ауыстырылсын;
"аудандардың әкімшілік орталықтарымен, ауылдық елді мекендермен" деген сөздер "облыс және аудан орталықтарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына аудан орталықтарын ауылдық елді мекендермен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады.";

4-тармақта "1), 2) және 3)" деген сандар "1), 2), 3) және 4)" деген сандармен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігінде "Жергілікті" және "жергілікті" деген сөздер "Облыстық және аудандық" және "тиісті облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-баптың 1-тармағында "бақылауды" деген сөзден кейін "автомобиль жолдары жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 6 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігінде "және жергілікті" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін тиісті облыстық атқарушы органның ұсынуы бойынша мемлекеттік уәкілетті орган белгілейді.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін жол органдарымен келісе отырып облыстық атқарушы органдары белгілейді."

3-тармақтың бірінші бөлігінде "және жергілікті" деген сөздер "облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 9-баптың 3-тармағының бірінші бөліп мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің жол органдары пайдаланбайтын жер учаскелері жолдың көліктік-пайдалану сапасының төмендеуіне жол бермей, көлік құралдары жүрісінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтаған жағдайда, жеке және заңды тұлғаларға сервис объектілері мен жарнаманы орналастыру үшін, автомобиль жолдары жөніндегі мемлекеттік органмен және өз құзыреті шегінде шарттық негізде уақытша қысқа мерзімді жер пайдалануға берілуі мүмкін."

6) 10-баптың 1-тармағында "тиісті мемлекеттік органдардың" деген сөздер "тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі жергілікті атқару органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1 1 - б а п т а :

тақырыпта "өкілеттігі" деген сөз "құзыреті" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақшада "халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жобалау, салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру көздері мен мөлшерін анықтау," деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

7) тармақша алынып тасталсын;

8) 1 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті органның құзыреті";

1 - тармақ алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік "Уәкілетті" деген сөздің алдынан "Автомобиль жолдары жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "заңнамаға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшада ", оларды қаржыландыру жөніндегі жоспарлардың жобаларын әзірлеу, бюджет қаражатының нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

12) тармақша алынып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру";

15) тармақшада "сақталуын қамтамасыз ету" деген сөздер "сақталуын бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

17), 18), 19) және 20) тармақшалар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

"22) жол қызметін басқару, автокөлік жолдарын жөндеуді, күтіп ұстауды және дамуын қамтамасыз ету мақсатындағы іс-шаралар.";

9) 1 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстық және аудандық өкілді органдардың автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы құзыретіне:

1) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және коммуналдық меншіктегі елді мекендердің көшелерін дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын б е к і т у ;

2) қалалардағы және өзге де елді мекендердегі коммуналдық меншік болып табылатын көшелерді және облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын салуды жөндеуді және күтіп ұстауды жергілікті бюджеттердің қаражатынан қаржыландыру көлемін бекіту;

3) облыстық және аудандық атқарушы органдар басшыларының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын дамыту және күтіп ұстау мәселелері бойынша есептерін тыңдау жөніндегі мәселелер жатады.";

2 - т а р м а қ т а :

"(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздерден кейін "және ауданның, қаланың" деген сөздермен толықтырылсын;

1) т а р м а қ ш а д а :

"жергілікті" деген сөз "облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"пайдаланылатын" деген сөзден кейін "елді мекендердегі көшелерді," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес облыстық және аудандық маңызы бар, ауылдық елді мекендерде жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және әзірлеуді ұйымдастыру;"

3) тармақшада "жергілікті" деген сөз "облыстық және аудандық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада "оларды қаржыландыру жөніндегі жергілікті бюджет баптарын орындау" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша алынып тасталсын;

1 0) 1 4 - б а п т а :

1-тармақ "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "қалалардың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармағы "автомобиль жолдарын" деген сөздерден кейін "күрделі және орташа" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 15-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар жүргізілген кезде тапсырысшы, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті орган және облыстың, аудандардың және қалалардың жергілікті атқарушы органдары - мемлекеттік бақылауды, ал жобалау құжаттамасын әзірлеуші - авторлық қадағалауды және жұмысты орындаушы өндірістік қадағалауды жүзеге асырады. Аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдауды мемлекеттік комиссия жүзеге асырады. Автомобиль жолдарының ағымдағы жөндеуі бойынша жұмыстардан басқа, аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы жүзеге асырады."

1 2) 1 7 - б а п т а :

1-тармақта "Халықаралық және республикалық маңызы бар" деген сөздер алынып тасталсын;

2 және 4-тармақтар алынып тасталсын.

93. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 247-құжат):
1) 1 - б а п т а :

1) тармақшада "Астана және Алматы қалаларында" деген сөздер "республикалық маңызы бар қалаларда, астанада" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті орган - атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық, аудандық маңызы бар қаланың), қалалардағы ауданның жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын атқарушы органы";

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өтініш беруші қажетті құжаттарды уәкілетті органға, ал селолық жерде - кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкіміне табыс етеді";

3) 4 - б а п т а :

2 және 4-тармақтарда "ауыл (село)" деген сөздерден кейін ", ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "берушіден және" деген сөздерден кейін "кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта "уәкілетті органдарға" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5 - б а п т а :

1, 4-тармақта "ауыл (село)" деген сөздерден кейін "ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта "жергілікті өкілді органдардың" деген сөздер "жергілікті мемлекеттік басқару органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері" деген сөздер "республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстардың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 7 - б а п т а :

1-тармақта "Астана және Алматы қалаларында" деген сөздер "республикалық маңызы бар қалаларда, астанада" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"аудандық, қалалық" деген сөздер алынып тасталсын, "ауыл (село)" деген сөздерден кейін "ауылдық (селолық) округ" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 9-бап алынып тасталсын.

94. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

1) 1-баптың 8) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының бір облысы шегінде жолаушыларды облысаралық тасымалдау;"

2) 12-баптың 2-тармағында "және атқарушы" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 14 - бапта:

1 - тармақта:

11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"11) осы тасымал түрінің тиімді қызмет етуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін жолаушылар тасымалын субсидиялау ережесін бекіту;

12) халықаралық және республикалық қатынастарда магистралдық темір жолдарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;"

16) тармақша алынып тасталсын;

2-тармақтың 5), 11) және 15) тармақшалары алынып тасталсын;

3 - тармақта:

"жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада "қала маңындағы" деген сөздер "облысшілік және қала маңындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

4) 17-баптың 2-тармағы "орган" деген сөзден кейін "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауданның (облыстық қаланың) және өзге де елді мекендердің" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 64-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жолаушылар тасымалын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша осы Заңға сәйкес тасымалдаушы жүзеге асырады."

95. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 320-құжат):

1) 1-баптың 17) тармақшасында "өз құзыреті шегінде" деген сөздер алынып тасталсын

2) 4 - бапта:

6), 7), 15) және 16) тармақшалар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) және 15-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) азаматтық авиация ұйымдары ұсынатын сертификатталынатын жұмыс және қызмет көрсетулер түрлерінің тізбесін бекіту;

15-1) Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетел авиакомпанияларын және азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын

ұйымдарын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу тәртібі мен шартын анықтау; " ;

3) 5-баптың 1-тармағында :

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"авиациялық қауіпсіздік" "авиациялық персонал" сөздерімен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 26-1), 26-2), 26-3), 26-4), 26-7), 26-8), 26-9) және 26-10)

тармақшалармен толықтырылсын :

"26-1) азаматтық авиация саласындағы сертификаттық талаптарды бекіту;

26-2) Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының жердегі радиосәулелену құралдарын мемлекеттік тіркеу және олардың жарамдық куәліктерін беру ережелерін бекіту ;

26-3) азаматтық авиация саласындағы еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету тәртібін анықтайтын, сондай-ақ ұшуларға аэронавигациялық қызмет көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

26-4) өз құзыреті шегінде әуежай қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау ;

26-5) азаматтық авиация саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөнінде нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау;

26-6) әуе кемелерін есептен шығару ережесін қабылдау;

26-7) сертификаттық талаптардан рұқсат етілген уақытша ауытқуларды бекіту;

26-8) ұшулардың қауіпсіздігі мен авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

26-9) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

26-10) азаматтық авиация саласында инспекциялық зерттеуді және инспекциялық тексеруді жүзеге асыратын, ұшуларға техникалық ілесіп жүруді қамтамасыз ететін, авиациялық персоналдың қолданылып жүрген куәліктері бар уәкілетті органның лауазымды тұлғаларына, экипаж мүшелеріне, бортсеріктерге, инженерлік техникалық құрамға және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін әуе кемесінің ұшу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға халықаралық үлгідегі біріздендірілген карточкаларды беру.";

27) және 29) тармақшалар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 28-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"28-1) Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетел авиакомпанияларын және азаматтық авиация саласында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу;" ;

4) 6-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын :

"Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық авиация саласында қызметін

жүзеге асыратын шетел авиакомпаниялары, шетел ұйымдары, олардың Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін филиалдары және өкілдіктері Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттеуге жатады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетел авиакомпанияларына, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне аккредиттеуден мынадай :

Қазақстан Республикасының шетел мемлекетімен жасасқан келісімдердің әрекетін тоқтату немесе Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілеттіктерін ашуға қатысты шарттармен анықталған өзге де негіздерде;

Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетелдік авиакомпанияларды , олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеудің тәртібі мен шартын сақтамаған жағдайларда б а с т а р т а д ы .

Шетел авиакомпанияларын аккредиттеу мерзімі аккредиттеу үшін барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 күннен асырмайды.";

5) 8-баптың бірінші бөлігінде "куәлігі" деген сөз "сертификаты" деген сөзбен ауыстырылсын.

96. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж . , N 2 , 16 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 51) тармақшасында "мемлекеттік басқару органы" деген сөздер " орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4 - б а п т а :

2-тармақтың 2) және 12) тармақшасы алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында туындайтын қатынастарды реттейтін заңнамалық актілердің жобаларын әзірлеу, сату мақсатында теңізде жүзуді дамытудың бағдарламалары мен тұжырымдамасын әзірлеу;"

14) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) кемелердің мемлекеттік тізіліміне кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру.";

мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жергілікті атқарушы органдар сауда мақсатында теңізде жүзу саласында көлік инфрақұрылымы объектілерін салуды және қайта жаңартуды ұйымдастыру кезінде жобаларды уәкілетті органмен келіседі.";

4-тармақта "шекара қызметі теңіз бөлімдерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз Күштерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 44-бапта "шекара қызметі теңіз бөлімдерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз Күштерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 194-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"194-бап. Құтқару операцияларына мемлекеттік органдардың қатысуы.

Мемлекеттік органдар және құтқарушылар құтқару операцияларына осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес қатысады".

97. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 51-құжат):

1) мәтінде "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 32-бап алынып тасталсын.

98. "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 ж. 11 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 54 - құжат) :

1) 5-бап "органы мен" деген сөздерден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 6 - б а п т а :

1), 4), 5), 6), 7), 8) және 10) тармақшалар алынып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) атмосфералық ауаны қорғау саласында бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру";

3) 7 - б а п т а :

2) тармақшада "органдардың" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуының аумақтық лимиттерін айқындау әдістемелерін әзірлеу және бекіту";

6) тармақшада "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздер алынып тасталсын;

8) тармақшада "жақсартудың мемлекеттік" деген сөздер "жақсарту" деген сөзбен ауыстырылсын;

9), 11) және 14) тармақшалар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"25) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу;

16) атмосфералық ауаны ластағаны үшін төлем ставкасын есептеу.";

4) 8 - б а п т а :

тақырыпта "Жергілікті" деген сөз "Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "жөніндегі" деген сөзден кейін "өңірлік" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) атмосфералық ауаны ластағаны үшін (аудандар мен қалалар бөлігінде) төлемдердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган айқындаған есептік көрсеткіштерден төмен емес ставкасын белгілейді;"

3) тармақша "жергілікті" деген сөздің алдынан "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар мен ұйымдар" деген сөздер "органдары мен ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"Өздерінің құзыреті шегінде" деген сөздер "Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) атмосфералық ауаны ластауды азайту, сондай-ақ шығарындылардың аумақтық лимиттерін сақтау мақсатымен елді мекендердегі көлік ағынын реттеу бөлігіндегі атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

2) тармақша "саласында" деген сөзден кейін "өңірлік" деген сөзбен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін Үкімет белгілеген атмосфералық ауаның ластану лимиттерін айқындайды;"

5) 9-баптың 1-тармағында "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздерден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 11-баптың 5-тармағы алынып тасталсын;

7) 12-бап алынып тасталсын;

8) 13-баптың 3-тармағында "заңдарында белгіленген" деген сөздер "Үкіметі белгілеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 14 - б а п т а :

3-тармақта "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздер " халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы уәкілетті органмен " деген сөздермен ауыстырылсын ;

5-тармақта "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органымен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен облыстардың (

республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 15 - бапта :

2-тармақ "органы," деген сөзден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақта "Қазақстан Республикасының қоршаған органы қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерінің ұсынуы бойынша" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 16-баптың 3-тармағы "жерді" деген сөзден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 17 - бапта :

1 - тармақта :

"Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелері мен" деген сөздер алынып тасталсын;

"жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен толықтырылсын ;

2 - тармақта :

"бойынша" деген сөзден кейін "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен толықтырылсын, "органдар" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"атмосфералық ауаны қорғау функциясын жүзеге асыратын басқа да орталық" деген сөздер алынып тасталсын ;

13) 19-баптың 2-тармағында "Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы", "келісе отырып" деген сөздер алынып тасталсын ;

14) 21-баптың 1-тармағында "жергілікті атқарушы органдар атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингін ұйымдастырады" деген сөздер "атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингін ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 22 - бапта :

1-тармақтың 4) тармақшасында "қорғаудың мемлекеттік" деген сөздер "қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармағында "жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың , астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 23-баптың 4-тармағы "бөлімшелеріне" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 24 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "органы" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақша алынып тасталсын;

2-тармақта "органы" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 25-баптың бірінші абзацында "органдарының" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 26-баптың 3-тармағында "органдары" деген сөзден кейін "және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 27 - б а п т а :

4) тармақшада "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерімен және атмосфералық ауаны қорғау функциясын жүзеге асыратын басқа да орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерімен" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшада "оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын, ", атмосфералық ауаны қорғау функциясын жүзеге асыратын басқа да орталық атқарушы органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарын бұзушылықты жою туралы" деген сөздер алынып тасталсын.

99. "Бал ара шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 55 - қ ұ ж а т ;) :

1) 6-баптың 1-тармағында "жергілікті" деген сөз "аудандық (қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 14 - б а п т а :

2) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз "салалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшада "республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылатын

профилактика мен оларға қарсы күрес іс-шараларын;" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін;" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша алынып тасталсын;

3) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бал ара шаруашылығымен айналысатын жеке және заңды тұлғалар аса қауіпті аурулардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбесіне енгізілген аурулармен күресу мақсатында ветеринарлық препаратпен қамтамасыз етілу керек."

100. "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 7-8, 77-құжат):

1) 6-баптың 3) тармақшасында "орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 7-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін әзірлеуді, соның ішінде мамандандырылған мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарта отырып қамтамасыз етеді, аталған ережелерді бекітеді немесе келіседі;"

3) 8-бап алынып тасталсын;

4) 9 - б а п т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) халықты және ұйымдарды қауіпті өндіріс объектілеріндегі апаттарды ескерту және жою жөніндегі шаралар туралы хабардар етеді.";

5) 11-бап мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) халықты және ұйымдарды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы хабардар ету."

101. "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 67 - құжат) :

20-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті жалпы орта және бастапқы кәсіби білім беру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.";

23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Әділет органдарының өзге де функциялары

1. Әділет органдары 15-22-баптарда тізбеленген функциялардан басқа мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) адамның және азаматтың, ұйымдардың және мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау;

2) өздеріне басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген, мемлекеттік

құпияларды құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ олар құпияландырған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз ету;

3) әділет органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдауға, қарауға және өтініш жасаушыларға заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде қабылданған шешімдер туралы хабарлау;

4) өз қызметі саласында заңдардың қолданылу практикасын талдау мен қорытуға және оларды жетілдіру, заңдардың бұзылуына себепші болатын себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу;

5) стратегиялар мен мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету ;

6) қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелерінде заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету ;

7) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік және құқықтық көмек көрсету ;

8) санаткерлік меншік саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау бойынша жеке және заңды тұлғаларды тексеруін жүзеге асырады.

2. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда әділет органдары сыйақы көлемі мен оны төлеу шарттарын белгілейді. "

102. "Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 27 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 10, 104-құжат):

1) 1-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті орган - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган "

2) 4 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасында "бірыңғай мемлекеттік саясатты" деген сөздер " мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"Азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын" деген сөздер алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;" ;

4) тармақша алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары:";

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде қоғамдық бірлестіктермен, жеке медициналық практикамен шұғылданатын жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.";

3) 5-баптың екінші бөлігінде "азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 8-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджет қаражаты есебінен;".

103. "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 140 - қ ұ ж а т) :

1) 4 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Өсімдіктерді қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын органдар

Өсімдіктерді қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын органдарға мыналар:";

3) тармақша "аудандардың (қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5 - б а п т а :

1) тармақшада "саясатты әзірлеу және іске асыру" деген сөздер "саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша алынып тасталсын;

3) 6-баптың 1-тармағында:

18) тармақшада "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

22) тармақша алынып тасталсын;

4) 2-тармақтың 5) тармақшасы, 3-тармақтың 5) тармақшасы және 7-баптың 4-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

5) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыреті

Ауданның (қаланың) жергілікті мемлекеттік басқару органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) құрылысын жүзеге асырады, оларды тиісті жағдайда ұсынады және сақтайды.";

6) 16 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Пестицидтердің (улы химикаттардың) запасы ерекше қауіпті зиянды

организмдердің тосыннан жаппай таралуын жоюға арналған және қалыптасатын фитосанитарлық ахуалды ескере отырып, фитосанитарлық-мониторинг негізінде бюджеттік қаражат есебінен сатып алынған пестицидтер (улы химикаттар) көлемінен қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы " ;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

7) 18-баптың 4-тармағында "олардың санын" деген сөздерден кейін "аудандардың (қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 2 0 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көздері.;"

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік алынып тасталсын;

екінші бөлікте "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшада "республикалық бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

7) арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) ұстау, салу және жөндеу.;"

2-тармақ алынып тасталсын.

104. "Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 1 3 - 1 4 , 1 4 1 - қ ұ ж а т) :

1) 5-баптың 2) және 7) тармақшалары алынып тасталсын;

2) 6 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) геодезияны және картографияны дамытудың мемлекеттік бағдарламасын ә з і р л е у " ;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес геодезиялық өлшеу құралдарының бірлігі мен дәлдігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру.;"

мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) геодезиялық, картографиялық және топографиялық өнімдерді міндетті сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

18) геодезиялық және картографиялық жабдықтарға, аспаптар мен саймандарға метрологиялық бақылау және қадағалау жүргізу.;"

3) 8-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Топографиялық-геодезиялық және картографиялық мақсаттағы аспаптар мен жабдықтарға шет мемлекет берген сертификат, оны Қазақстан Республикасының сертификаттау туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік сертификаттау жүйесі таныған

жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды деп есептеледі.";

4) 9-бап алынып тасталсын;

5) 10-бапта:

1-тармақта "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

3-тармақта "Тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары" деген сөздер "Бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 13-бапта "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

105. "Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 142-құжат):

1) 1-баптың 9) тармақшасында ", сондай-ақ" деген сөз "арқылы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"өзге де қызметтер көрсету" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 5-баптың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 8-баптың 1-тармағының 6), 8) тармақшалары, 2-тармағының 6) тармақшасы, 3-тармағының 3) тармақшасы, 4-тармағының 3) тармақшасы алынып тасталсын;

4) 9-баптың 5 тармағында "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

5) 10-баптың 2) тармақшасында "республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

106. "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 ж. 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 145-құжат):

1) 18-баптың 1-тармағында "мемлекеттік бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 20-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде, 23-бапта "республикалық" деген сөз алынып тасталсын.

107. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 148-құжат):

1) 5-бапта:

2) тармақшада "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

3) тармақшада "ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

4) тармақшада "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

7) тармақша алынып тасталсын;

2) 6-баптың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 7-баптың 2-тармағында "бір мезгілде" деген сөздер алынып тасталсын; "бола алады" деген сөздер "болып табылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-бапта:

3) тармақшада "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;
7) тармақшада "ұйымдастыру" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8) т а р м а қ ш а д а :

"бекітуді ұйымдастыру" деген сөз "бекіту" деген сөзбен ауыстырылсын;
"ветеринария саласындағы" деген сөздер алынып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) ветеринарлық ғылыми зерттеулер мен ветеринария саласындағы мамандарды
қ а й т а д а я р л а у д ы ұ й ы м д а с т ы р у ; " ;

11) тармақшада "ұйымдастыру" деген сөз "өткізу" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) тармақшада "ұйымдастыру мен" деген сөз алынып тасталсын;

13) тармақшада "ұйымдастыру" деген "жүзеге асыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

18) тармақша алынып тасталсын;

5) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Аудандардың (қалалардың) өкілді және атқарушы органдардың
в е т е р и н а р и я с а л а с ы н д а ғ ы қ ұ з ы р е т і

1. Ауданның (қаланың) өкілді органының құзыретіне:

1) елді мекендерде жануарларды ұстау ережесін бекіту;

2) елді мекендерде иттерді және мысықтарды серуендетудің ережесін бекіту;

3) жануарларды ұстау үшін санитарлық аймақтардың шекарасын бекіту енеді.

2. Ауданның (қаланың) атқарушы органның құзыретіне:

1) аудан (қала) мәслихатына елді мекендерде жануарларды ұстау, иттерді және
мысықтарды серуендету, жануарлар ұстаудың санитарлық аймақтарының шекарасын
б е л г і л е у е р е ж е с і н б е к і т у г е е н г і з у ;

2) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;

3) ветеринарлық нормативтерге сәйкес ауырған жануарларды санитарлық союды
ұйымдастыру, мал қорымдарын (биотермиялық апандар) салу және ұстау енеді.";

6) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), аудандық (селолық) округ
ә к і м і н і ң қ ұ з ы р е т і .

Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), аудандық (селолық) округ әкімінің
қ ұ з ы р е т і н е :

1) елді мекендерде жануарларды бағатын орынды анықтау;

2) елді мекен аумақтарында санитарлық тазалауды ұйымдастыру енеді.";

7) 11-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

8) 1 6 - б а п т а :

1-тармақтың 1), 6) тармақшалары алынып тасталсын;

2-тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстың бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының және оның орынбасарының құзыретіне:"

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) облыстың аумағында мемлекеттік ветеринарлық қадағалауды ұйымдастыру;"

2) тармақшада "(астананың, республикалық маңызы бар қаланың)" деген сөздер алынып тасталсын;

б) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының және оның орынбасарының құзыретіне:"

1) республикалық маңызды бар қаланың, астананың аумағын мемлекеттік ветеринарлық қадағалауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

2) республикалық маңызды бар қаланың, астананың аумағында мемлекеттік ветеринарлық қадағалауды жүзге асыру мақсатында орындалуға міндетті актілерді басып шығару;

3) мемлекеттік ветеринарлық қадағалау объектілеріне ветеринарлық құжаттар беру;

4) ветеринарлық есеп пен есептілік жүргізу және оларды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен табыс ету енеді." ;

4-тармақтың 2), б) тармақшалары алынып тасталсын;

9) 21-баптың 3-тармағында "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 24-баптың 5) тармақшасында "денсаулығын сақтау" деген сөздерден кейін ", медициналық және фармацевтік білім беру" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 27 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Карантин режимі мен шектеу іс-шараларын енгізу арқылы карантин аймағының ветеринарлық режимін белгілеу туралы шешімді уәкілетті органның ұсынысы бойынша :

1) екі немесе одан көп облыстың аумағында - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) облыс, қала, аудан аумағында - ветеринария саласындағы уәкілетті орган қабылдайды." ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Шектеу іс-шаралары немесе карантинді тоқтату туралы шешімді:

1) екі немесе одан көп облыстың аумағында - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) облыс, қала аудан аумағында - ветеринария саласындағы уәкілетті орган қабылдайды." ;

4-тармақта "жергілікті атқарушы органның" деген сөздер "аудандардың (

қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 3 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"республикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) және 8) тармақшалар алынып тасталсын;

2-тармақтың б) тармақшасында "республикалық" деген сөз алынып тасталсын.

108. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 162-құжат):

1) 6 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік статистикалық есеп негізінде халықты әлеуметтік қорғау және білім беру органдарымен бірлесе отырып кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың республикалық, жергілікті бағдарламаларының мониторингін өткізеді.";

8) тармақшада "әр түрлі ведомстволық бағыныстағы" деген сөздер алынып тасталсын;

11) тармақша алынып тасталсын;

2) 7 - б а п т а :

1), 5) тармақшалар алынып тасталсын;

б) тармақшада "әр түрлі ведомстволық бағыныстағы" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 8 - б а п т а :

1, 2-тармақтарда "жергілікті өкілдікті органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) үйде оқыту бағдарламасын әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді";

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "бағдарламаларды" деген сөзден кейін ", үйде оқыту бағдарламаларын қоса, әзірлейді; мүгедектер қатарындағы кемтар балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі туралы ережені әзірлейді; үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерін құрады." деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік ұйымдарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады;"

б) тармақша алынып тасталсын;

3-тармақта "Облыстар әкімдерінің шешімдерімен" деген сөздер "Облыс өкімінің шешімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметін ұйымдастыруды азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін ережелермен белгілейді.";

5) 13-бапта "республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 14-баптың 3-тармағында "өзге де ұйымдарда" деген сөздер алынып тасталсын.

109. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 17, 154-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздер қаражаттары есебінен балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі мемлекеттік шараларды жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласындағы балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатты іске асыру шараларының шеңберін айқындау."

;

2-тармақ алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органдар белгілеген балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатты іске асыру шараларын жүзеге асыру".

110. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 21, 176-құжат):

1) 4-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары, олардың аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы), қала ауданындағы аумақтық бөлімшелері;"

2-тармақта:

2) тармақшада "санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын өзге

де мемлекеттік ұйымдар" деген сөздер "сондай-ақ мемлекеттің лауазымды тұлғасының қатысуымен ресми іс-шараларды өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымы деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "асыратын" деген сөзден кейін "республикалық" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5 - бапта 1 - тармағында :

бірінші бөлікте "Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық" деген сөздер "Санитарлық-эпидемиологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

" 1) бюджет қаражаты ; "

2, 3, 4-тармақтар алынып тасталсын;

3) 6 - бапта :

5) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

7) тармақшасы алынып тасталсын;

4) 7 - бапта :

12) тармақша алынып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті ұйымдастырады және оларды өткізу тәртібін айқындайды."

мынадай мазмұндағы 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) 27), 28), 29), 30), 31) және 32) тармақшалармен толықтырылсын:

"18) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу тәртібін бекітеді;

19) тиісті құжаттарды берумен санитарлық ережеге сәйкес санитарлы-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының лабораториясын аттестациялауды және сынақтық орталықтар мен лабораторияларды аккредиттеуді өткізудің тәртібін белгілейді ;

20) санитарлық паспорттың берілу, есепке алу және жүргізілу тәртібін анықтайды;

21) Қазақстан Республикасының аумағына мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

22) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы саласында нормативтік құқықтық актілер, санитарлық-эпидемиологиялық формалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарын, есеп және есептілік нысанын әзірлейді;

23) Қазақстан Республикасының аумағын жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады ;

24) жұқпалы ауруларға қарсы халықты профилактикалық егуді ұйымдастыру және оның жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады;

25) өз құзыреті шегінде тамақтан улану, жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулар , оның ішінде себептері белгісіз аурулар кезінде санитарлық-індетке қарсы (

профилактикалық) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

26) жобалардың мемлекеттік және мемлекетаралық сараптамасына қатысады;

27) мемлекеттік және халықаралық стандарттарды өнімге, тауарларға процестерге және қызмет көрсетулерге, жобалау нормаларына келіседі;

28) ғылыми-зерттеу және ғылыми-практикалық тақырыптарды әзірлеу жөнінде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу және өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіреді; олардың орындалуына қатысады, практикалық қызметке ғылыми жетістіктер енгізеді;

29) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды мемлекеттік сатып алуды, сақтауды, тасымалдау мен пайдалануды ұйымдастырады;

30) мемлекеттік органдардың қарауына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы жөнінде ұсыныстар енгізеді;

31) салауатты өмір салтын насихаттауға қатысады және халықты аурулар, тіршілік ету ортасының жай-күйі және өткізіліп жатқан санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар туралы уақтылы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

32) адамның денсаулығына нұқсан келтіретін жекелеген өнім түрлерін, және заттарды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу жөніндегі сараптау комиссиясын құрады. "

5) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Мемлекеттік шекара мен көлікте халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің құзыреті:

1) Қазақстан Республикасының аумағында және Мемлекеттік шекарасында темір жол және әуе көлігінің объектілеріне мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

2) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама;

3) Қазақстан Республикасының аумағын жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

4) темір жол және әуе жолдарындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асырады және жұқпалы, паразиттік аурулар, сондай-ақ адам денсаулығына қауіптілігі ықтимал заттар мен өнімдер әкелінген және таралған жағдайда санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар өткізеді;

5) өз құзыреті шегінде улану, жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулар, оның ішінде белгісіз этиология кезінде санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық)

іс-шаралар ұйымдастырады және жүзеге асырады;

6) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы мәселелері жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

7) тиісті деректер банкін қалыптастыра отырып, санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асырады, есепке алу мен статистиканы жүргізеді;

8) адамдарды, тамақ өнімдерін, өндірістік шикізатты, шаруашылық-ауыз суын, химиялық, уытты және радиациялық заттарды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды пайдалануға келісім береді;

9) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады;

10) халықты аурулар, тіршілік ету ортасының жай-күйі және өткізіліп жатқан санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар туралы уақтылы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

11) халықтың декреттелген тобына санитарлық ережелерді және гигиеналық нормативтерді оқытуды ұйымдастырады және салауатты өмір салтын насихаттауға қатысады;

12) өз құзыреті шегінде жобалық құжаттаманы қарайды және келіседі;

13) дизенфекцияны, дизенсекцияны және дератизацияны ұйымдастырады және объектілер мен ошақтарда дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;"

6) 8 - б а п т а :

тақырыбында "жергілікті" деген сөз "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте "Жергілікті" деген сөз "Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1), 4) тармақшалар алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22) және 23) тармақшалармен толықтырылсын:

6) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

7) санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы ұйымдастырады;

8) тиісті аумақтарды жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

9) жобалық құжаттаманы, өнімге, тауарларға процестер мен қызметтерге өңірлік стандарттарды қарайды және келіседі, сондай-ақ өз құзыреті шегінде міндетті лицензиялануға жататын қызмет түрлеріне қорытынды береді;

10) автомобиль және теңіз жолдарындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асырады және жұқпалы,

паразиттік аурулар, сондай-ақ адам денсаулығына қауіптілігі ықтимал заттар мен өнімдер әкелінген және таралған жағдайда санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар өткізеді;

11) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының жобаларын, нормативтік құқықтық актілерді, есепке алу мен есептілік нысандарын әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

12) тамақтан улану жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулар, оның ішінде себептері белгісіз аурулар кезінде өз құзыреті шегінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

13) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы бағдарламаларды іске асыруға қатысады;

14) тиісті деректер банкін қалыптастыра отырып, санитарлық-эпидемиологиялық және элеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асырады, есепке алу мен с т а т и с т и к а н ы жүргізеді;

15) халықтың декреттелген тобына санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді оқытуды ұйымдастырады және салауатты өмір салтын насихаттауға қ а т ы с а д ы ;

16) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары зертханаларының санитарлық ережелерге сәйкестігін аттестаттауды және сынақ орталықтары мен зертханаларды а к к р е д и т т е у д і жүргізеді;

17) адамдарды, тамақ өнімдерін, өндірістік шикізатты, шаруашылық-ауыз суын, химиялық, уытты және радиациялық заттарды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды пайдалануға келісім береді;

18) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады;

19) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысады;

20) халықты аурулар, тіршілік ету ортасының жай-күйі және өткізіліп жатқан санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар туралы уақтылы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

21) дизенфекцияны, дезинсекцияны және дератизацияны ұйымдастырады және объектілерде және ошақтарда дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды сақтауды, тасымалдау мен пайдалануды жүзеге асырады.

23) жобалардың сараптамасына қатысады.";

7) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының функциялары

1. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары:

1) Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция:

1) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет көрсетеді;

2) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Қазақстан Республикасының аумағына жұқпалы, паразиттік аурулар әкелінген және таралған жағдайда індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруда тәжірибелік көмек көрсетеді;

3) республикалық деректер банкіні жасай отырып, санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асырады, есепке алу мен статистиканы жүргізеді;

4) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық нормалау жүйесінің құжаттарын әзірлейді;

5) жұқпалы және паразиттік аурулардың диагностикасына қатысады;

6) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістер мен адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын өлшеуді орындайды;

7) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары зертханаларының санитарлық ережелерге сәйкестігін аттестаттауды және сынақ орталықтары мен зертханаларды аккредиттеуді жүргізеді;

8) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жаңа аспаптар мен жабдықтарды, зертханалық зерттеулер мен өлшеу әдістемелерін сынақтан өткізеді және енгізеді;

9) шарт негізінде азаматтар мен заңды тұлғалардың арызы бойынша сертификаттық зерттеулер жүргізуге қатысады;

10) санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүргізеді;

11) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жағдайын зерттейді;

12) жобалық құжаттаманы, өнімдерге, тауарларға, процестер мен қызметтерге стандарттар мен техникалық регламенттерді қарайды.

2. Мемлекеттік шекарада, аумақтарда, көлікте санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар және мемлекеттің лауазымды тұлғаларының қатысуымен ресми іс-шаралар өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар өз қызыреті шегінде:

- 1) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;
- 2) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістер мен адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын өлшеуді орындайды;
- 3) дизенфекциялық іс-шаралар жүргізеді;
- 4) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жүргізуге қатысады;
- 5) жұқпалы және паразиттік аурулардың диагностикасына қатысады;
- 6) шарт негізінде азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініш бойынша сертификаттық зерттеулер жүргізуге қатысады;
- 7) жаңа аспаптар мен жабдықтарды, зертханалық зерттеулер мен өлшеу әдістемелерін сынақтан өткізеді және енгізеді;
- 8) профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды сақталуды жүзеге асырады.

3. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдары:

- 1) республиканың түрлі өңірлеріндегі жұқпалы және паразиттік аурулардың эпидемиялық процестерінің ерекшеліктерін зерттеуді, бағалауды және болжауды жүргізеді, олардың алдын алу бойынша ғылыми негізделген бағдарламаларды әзірлейді ;
- 2) жұқпалы, паразиттік аурулар мен улану кезінде санитарлық індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүзеге асырады;
- 3) иммунобиологиялық препараттарды шығарады, жаңа вакцинды шығаруды, қоректік орта мен диагностикаларды игереді;
- 4) санитарлық-эпидемиологиялық нормалау жүйесінің құжаттарын әзірлейді және олардың ғылыми негіздемесін жүргізеді;
- 5) халықтың және оның жекелеген топтарының денсаулығының тіршілік ету ортасының қолайсыз факторларымен байланысты жағдайын зерттейді, тиісті ұсыныстар әзірлейді ;
- 6) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Қазақстан Республикасының аумағында және жекелеген өңірлерінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін жүргізуде практикалық көмек көрсетеді;
- 7) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жүргізуге қатысады ;
- 8) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістер мен адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын

ө л ш е у д і

о р ы н д а й д ы .

4. Мемлекеттік обаға қарсы мекемелер:

1) оба бойынша эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі профилактикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүргізеді;

2) медицина ұйымдарының індетке қарсы тұрақты дайындығын қамтамасыз етеді;

3) оба, тырысқақ және басқа да аса қауіпті жұқпалы аурулардың ошағын тоқтату және жою жөніндегі індетке қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қ а т ы с а д ы ;

4) меншік нысанына қарамастан 1-2 топтағы аса қауіпті жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын анықтайтын зерттеулерді жүзеге асыратын зертханаларда індетке қарсы режимді қамтамасыз етеді;

5) санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізуге қатысады.";

8) 10-баптың 1-тармағында:
екінші бөліктің бесінші абзацында:

"атқарушы органдардың" деген сөздер "облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының тиісті бөлімшесінің" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) 22-бапта:

3-тармақ алынып тасталсын:

4-тармақта "ұйымдары мен" деген сөздер алынып тасталсын;

10) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды мемлекеттік шекарадағы, көліктегі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері мен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.";

11) 26-баптың 1-тармағында "республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 30-баптың 2-тармағында:

"жергілікті бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"жергілікті" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

111. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 1-2, 1-құжат):

1) 4-бапта:

1) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

5) тармақша алынып тасталсын;

2) 5-баптың 7) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы белгіленген электрондық құжат айналымы ережелерін сақтауға міндетті."

4) 21-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алынып тасталсын.

112. "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 16-қ ұ ж а т .) :

1) 4 - б а п т а :

б) тармақшада "жөніндегі" деген сөзден кейін "тұқым шаруашылығы және селекция саласында" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) ауыл шаруашылық өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізуді, сорттық және егістік тұқымдардың, соның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері егуге бағытталған тұқымдардың сапасына сараптама жасауды мемлекеттік қамтамасыз ету;"

13) тармақша алынып тасталсын.

2) 5 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізі бағыттарын ә з і р л е у ; " ;

4) тармақшада "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша бірегей тұқымдар өсіруге субсидия берудің және Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген және (немесе) перспективалы деп танылған элиталық тұқым сорттарының отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілер үшін құнын арзандатудың тәртібін айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық сынағын өткізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы ;

10) тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша тұқымның, соның ішінде отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілер егуге арналған тұқымның сорттық және егу сапасына сараптама жүргізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы ; "

3) 6-баптың 1-тармағында:

1) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

10) тармақша алынып тасталсын;

20) тармақшада:

"қаражат" деген сөз "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"республикалық бюджетте" деген сөздер алынып тасталсын;

25) тармақша алынып тасталсын;

4) 7-бап алынып тасталсын;

5) 8-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы алынып тасталсын;

6) 12-бап алынып тасталсын.

113. "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 17-құжат):

1) 1-баптың 42) тармақшасында "мемлекеттік басқарушы орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 3 тармағының 15) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 8 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

6) тармақша "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын.

15), 19) тармақшалар алынып тасталсын.

3-тармақта "Республикасының" деген сөзден кейін "облыстардың, аудандардың (қаланың)" деген сөздермен толықтырылсын.

114. "Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 5, 32 - құжат) :

1) 3-баптың 7-тармағы алынып тасталсын;

2) 23-баптың 7) тармақшасы ауыстыруды қажет етпейді.

115. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 6, 33-құжат):

1) 4 - б а п т а :

2) тармақшада "өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер шығарады" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерді бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алынып тасталсын;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемін белгілейді және мұнай және (немесе) газ өндіру ұйымдарының және басқа да шикізат көздерінің шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын беру көлемін бекітеді;

8) мұнай өнімдерін өндірушілердің мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

9) өндіріс паспортының нысанын және оны толтыру тәртібін белгілейді;
10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органмен келісе отырып,
өндіріс паспортын бекітеді;

11) мұнай және (немесе) газ іздеу ұйымдарында өндіріс паспортында аталған жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мерзімдерін келіседі және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

12) мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, мұнай өнімдерінің экспорты мен импортына квоталардың экономикалық негіздемесін әзірлейді.

3) 6 - б а п т а :

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақта "органдар" деген сөзден кейін ", сондай-ақ кеден органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 10-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында "энергетика саласындағы мемлекеттік" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын.

116. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 9 , 4 1 - қ ұ ж а т) :

1) 11-баптың 6) тармақшасы алынып тасталсын.

117. "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 5 2 - қ ұ ж а т) :

1) 6 - б а п т а :

2) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

9) тармақша алынып тасталсын;

2) 7-баптың 10) тармақшасы алынып тасталсын.

118. "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 7 0 - қ ұ ж а т) :

1) 6 - б а п т а :

1) тармақшада "мемлекеттік саясатты айқындайды және іске асырады" деген сөздер "мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

2) 7 - б а п т а :

3) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

11) тармақшада "республикалық бюджеттің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын ;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) республикалық маңызы бар ұйымдар орындайтын жұмыстар мен қызметтер бөлігінде медициналық және дәрігерлік қызметті, сондай-ақ бір облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың, шегінде таратылған қызметті және акушерка, гинекология, венерология, иммунология, наркология, фтизиатрия, неонтология, педиатрия және наркологиялық сараптама түрлерін;

дәрілік заттарды дайындауды, көтерме және бөлшек сатуды қоспағанда фармацевтикалық қызмет түрлерін;

өндіру, тасымалдау, сатып алу, сақтау, бөлу, сату, пайдалану, жою: денсаулық сақтау жүйесінде есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;"

17) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) екінші және үшіншіден басқа біліктілік санатын беруге арналған біліктілік емтиханын өткізу;"

28) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 8 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Денсаулық - сақтау саласындағы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті мемлекетті басқару органдарының құзыреті:"

1-тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

2 - тармақта:

9) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) және 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-1) республикалық маңызы бар ұйымдар орындайтын жұмыстар мен қызметтер бөлігінде медициналық және дәрігерлік қызметті, сондай-ақ бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, шегінде таратылған қызметті және акушерка гинекология, венерология, иммунология, наркология, фтизиатрия, неонтология, педиатрия және наркологиялық сараптама түрлерін;

дәрілік заттарды дайындау, көтерме және бөлшектеп сатуды;

дезинфекция, дезинфекция және дератизация құралдары мен препараттарын байлануға қатысты жұмыстар мен қызметтер түрлері лицензиялауды жүзеге асырады;

11-2) медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін жоғарлату және қайта даярлауды қамтамасыз ету.";

12) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 9 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) жоғары және біріншіден басқа біліктілік санатын беруге арналған сынақтар өткізу;"

12) тармақшада "көмек көрсетуді" деген сөздерден кейін "ұйымдастырады" деген сөзбен толықтырылсын;

17) тармақша алынып тасталсын;
4) 10 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялау";
"уәкілетті органның лицензиялауына" деген сөздер "лицензиялауға" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 47-баптың 3-тармағында "республикалық және жергілікті бюджеттердің" деген сөздер "бюджет" деген сөзбен ауыстырылсын;
6) 51 - бапта:

1-тармақтың төртінші абзацында "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;
2-тармақта "мемлекеттік бюджеттің" деген сөздер "бюджет" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"коммуналдық қызметтер көрсету мен отынға шыққан шығынды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілетті органдары белгілеген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен өтеу".

119. "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 12, 88-құжат):

1) 4-баптың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 5-баптың 8) тармақшасы алынып тасталсын.

120. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119 - құжат):

1) 1-баптың 12) тармақшасында ", жергілікті атқарушы орган" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 3-баптың 2-тармағының 23) тармақшасы ауыстыруды қажет етпейді;

3) 106-баптың 5) тармақшасы алынып тасталсын.

121. "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж. N 15, 134 - құжат):

1) 12-баптың 9) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 13-баптың 18) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 14 - бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "Жергілікті өкілді органдар" деген сөздер "Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша алынып тасталсын;

4) 23-баптың 1-тармағының 3-тармақшасында "органдармен" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

5) 26-баптың 5-тармағында "органдар" деген сөздер "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

122. "Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 2, 8-қ ұ ж а т) :

1) 5 - б а п т а :

1) тармақшада "саясатты айқындайды және іске асырады" жеген сөздер "саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

9) тармақша алынып тасталсын;

2) 6 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дәрілік заттарды өндіруге қатысты қызметке фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру кезінде есірткі құралдары, психотроптық дәрілік заттар мен прекурсорлардың айналысына қатысты қызметке лицензия береді және лицензияның қолданылуын тоқтата тұрады;"

13) тармақша алынып тасталған;

3) 7-баптың 11) және 17) тармақшалары алынып тасталсын;

4) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "жергілікті" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада "заңдарында" деген сөз "Үкіметімен" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақша алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "жергілікті" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) облыстық қалалық (республикалық маңызы бар) денсаулық сақтау басқармаларына ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдары үшін облыстық (қалалық маңызы бар) деңгейде:

негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттарды, медициналық техника мен медициналық бағыттағы бұйымдарды;

туберкулезге қарсы, диабетке қарсы дәрілік заттарды, онкологиялық аурулар үшін химиялық препараттарды, бүйрегі жетімсіз және бүйрегі трансплатацияланғаннан кейінгі аурулар үшін дәрілік заттарды, диализаторларды және шығыс материалдарын, сондай-ақ лейкемиямен ауыратын балаларды қамтамасыз ету үшін дәрілік заттарды с а т ы п а л у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

5) дәрілік заттарды дайындауға, көтерме және бөлшектеп сатуға лицензия береді және лицензияны қайтарып алады және лицензияның қолданылуын тоқтата тұрады".

2-бап. Осы заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті